

**Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу  
университеті**

ӘОЖ:373. 3:371. 13:37. 02

Қолжазба құқығында

**ӨМІРЗАҚОВА ӘСЕЛ МАХАМБЕТҚЫЗЫ**

**Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-  
әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары**

6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшісі:  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор С. Қ. Абильдина

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор О. М. Коломиец

## МАЗМҰНЫ

	<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
	<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
	<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	6
	<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
<b>1</b>	<b>БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	21
1.1	Шағын жинақты мектеп ұғымының мәні мен генезисі .....	21
1.2	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақты мектептердегі оқу-әдістемелік даярлаудың мазмұны.....	43
1.3	Бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу- әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары .....	70
<b>2</b>	<b>БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРҒА ДАЯРЛАУДЫ МОДЕЛЬДЕУ</b> .....	90
2.1	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлық мазмұнын шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына трансформациялау.....	90
2.2	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау мүмкіндіктері.....	103
2.3	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ШЖБМ оқу- әдістемелік жұмысына даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделі.....	120
<b>3</b>	<b>БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ШЖБМ ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫНА ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСТАР</b> .....	139
3.1	Болашақ бастауыш сынып мұғалімін шағын жинақты мектепте оқу-әдістемелік жұмыстарға даярлығын диагностикалау.....	139
3.2	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау әдістемесі .....	154
3.3	Тәжірибелік- эксперименттік жұмыс нәтижелері.....	164
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	185
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	187
	<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	204

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер қолданылған.

ҚР Конституциясы. - Астана, 30 тамыз 1995 ж.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27.07.2007ж., №319-ІІІҚРЗ. – Астана, Ақорда.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>.

Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 2-қосымша. <https://zan.gov.kz/client/#!/doc/171200/kz/31.08.2022/206>.

2023 жылғы 05 қазанда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республикалық педагогтер съезіне қатысты. <https://www.akorda.kz/kaz/memleket-basshysy-respublikalyk-pedagogter-sezine-katysty-595143>.

«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы. - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. <https://primeminister.kz/documents/gosprograms/stratplan-2025>.

«Білімді ұлт»сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі. . <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>.

## АНЫҚТАМАЛАР

**Шағын жинақты мектеп (ШЖМ)** – оқушы саны аз, біріктірілген сыныптарда оқыту жүзеге асырылатын, мұғалімінің әмбебеп педагогикалық және тәрбиелік қызметіне сүйенетін, ауылдық қоғамның әлеметтік-мәдени және рухани орталығы қызметін атқаратын тұлғалық-бағдарлы білім беру ұйымы.

**Шағын жинақты бастауыш мектеп** – бастауыш сыныптарда оқушы контингентінің санымен және құрылымымен сипатталатын білім беру мекемесі. Бұндай мектептерде әртүрлі жастағы оқушылар бір сыныпқа біріктіріледі, оқу процесі осы жағдайға бейімделген арнайы әдіснаманы талап етеді.

**Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлық** деп мұғалімнің арнайы білімдері мен кәсіби дағдыларын, сондай-ақ жеке тұлғалық қасиеттерін кешенді түрде қалыптасуы.

**Класс-комплект** - бір мұғалім басқаратын сынып, оның құрамына екі, үш, тіпті төрт сыныпта кіруі мүмкін.

**Білім беру мазмұны** – оқу бағдарламаларын жаңарту және бейімдеу, жаңа пәндер мен оқу материалдарын енгізу, ғылым, технология және қоғамдағы жаңалықтарға сәйкес білім мазмұнын өзгерту.

**Білім беруді трансформациялау**- бұл білім беру жүйесін, оқыту әдістерін, оқу бағдарламаларының мазмұнын және педагогикалық тәсілдерді қоғамдағы, технологиялардағы, экономикадағы және басқа да өмір салаларындағы өзгерістерге бейімдеу және жаңарту үдерісі.

**Болашақ мұғалімдерді оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау**- жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде жүзеге асырылатын, білім алушыларды шағын жинақты мектептің нақты шарттарында оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға қажетті кәсіби құзіреттіліктерді дамытуға бағытталған мақсатты әрекет.

**Интеграциялық тұғыр** – білім беру жүйесінде оқушылардың біртұтас дүниетанымын қалыптастыру мақсатында әртүрлі салалардағы білімді біріктіруді көздейтін әдіснамалық негіз.

**Оқу-әдістемелік жұмыс** - білім беру сапасын қамтамасыз етуге және педагогтердің кәсіби құзіреттілігін дамытуға бағытталған кешенді әрі үздіксіз процесс.

**Тірек мектеп (ресурс орталығы)** – шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды және аралық әрі қорытынды аттестаттауды өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы.

**Магниттік мектеп**- аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің бұйрығымен тірек мектебіне (ресурс орталыққа) бекітілген шағын жинақты мектеп.

Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлық – мұғалімнің кәсіби білімдері, дағдылары мен сапаларының кешенді жүйесі.

Мұндай даярлықтың болуы шағын жинақты мектептердің сапалы білім беру миссиясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Шарт** - белгілі бір процестің немесе құбылыстың жүзеге асуына ықпал ететін, оны қамтамасыз ететін және тиімділігін арттыратын факторлар жиынтығы.

**Педагогикалық шарттары** – оқу мен тәрбиенің сапасын арттырудың, оқушылардың тұлғалық әлеуетін ашудың және білім беру ортасын тиімді ұйымдастырудың шешуші тетігі.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ШЖМ – шағын жинақты мектеп

ШЖБМ - шағын жинақты бастауыш мектеп

БМ – Бастауыш мектеп

НОМ – Негізгі орта мектеп

ОМ – Орта мектеп

ЖОО – жоғары оқу орны

ӨП(Д)П – өндірістік-педагогикалық (дипломалды) практика

ҰМЖ- Ұзақ мерзімді жоспар

ОМЖ-Орта мерзімді жоспар

ҚМЖ-Қысқа мерзімді жоспар

РШЖМДО - Республикалық шағын мектептерді дамытудың орталығы

ҰБА - Ұлттық білім академиясы

ЭТ – эксперименттік топ

БТ – бақылау тобы

ЭД – экспериментке дейін

ЭК – эксперименттен кейін

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейтестілігі.** Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі кезеңде жаһандық өзгерістерге бейімделу және әлемдік білім кеңістігіне интеграциялану процесінде түбегейлі жаңартылып келеді. Бұл жағдай білім беру мазмұны мен ұйымдастырылу формаларына жаңа талаптар қоюмен қатар, оның сапасын арттыру мен қолжетімділігін қамтамасыз етуді маңызды ұлттық басымдықтар қатарына шығарып отыр. Аталған мақсаттар «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында нақтыланған және барлық білім беру деңгейлерінде жүйелі өзгерістерді талап етеді [1].

Ауылдық аймақтарда орналасқан шағын жинақты мектептер осы өзгерістер аясында ерекше назар аударуға тиісті білім беру ұйымдары болып табылады. Себебі олар әлеуметтік, географиялық және экономикалық жағынан қолайсыз жағдайда өмір сүретін балалардың білім алуға деген конституциялық құқығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Алайда бұл мектептерде жинақталған проблемалар ауқымы кең және құрылымы жағынан күрделі сипатта.

ҚР Президент Қ.К.Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында шағын ауылдардағы білім беру мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Мемлекет басшысы шағын жинақты мектептердегі білім сапасының қала мен ауыл арасындағы теңсіздікті күшейтіп отырғанын атап өтіп, оны шешудің жолдарын ұсынды. Атап айтқанда, цифрлық контентті дамыту, онлайн курстарды енгізу, аралас оқыту жүйесін қолдану, сондай-ақ ауыл мектептерін «Qazaq Digital Mektebi» сияқты жаңа платформаларға қосу қажеттігі көрсетілді. Бұл қадам ауылдық шағын жинақты мектептердегі оқушылардың білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етіп, ауыл мен қала арасындағы білім алшақтығын қысқартуға бағытталған маңызды мемлекеттік бастама болып табылады [2].

Шағын жинақты мектептерде оқушылар санының аздығы, бір сыныпта бірнеше жас деңгейіндегі оқушылардың қатар білім алуы, педагогикалық кадрлардың тапшылығы және материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі сияқты мәселелер жиі байқалады. Мұндай ерекшеліктер оқу-тәрбие процесін дәстүрлі үлгіде ұйымдастырудың тиімсіздігін көрсетіп отыр. Бұған қоса, мұғалімдердің көп салалы жұмыс жүктемесі, оқыту мазмұны бейімдеудегі қиындықтар, оқу құралдарының жетіспеушілігі және сапалы әдістемелік қолдаудың болмауы сияқты факторлар оқу процесінің сапасын төмендетуге әсер етуде.

ШЖМ қызметінің тағы бір өзекті мәселесі - олардың білім беру кеңістігінде балама мүмкіндіктерінің болмауы. Қашық ауылдық округтерде қосымша білім беру ұйымдарының мүлдем болмауы немесе әлеуметтік инфрақұрылымының шектеулігі оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға, кәсіби бағдар алуына, әлеуметтік және мәдени ортада еркін бейімделуіне мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай ауыл оқушыларының интеллектуалдық және тұлғалық дамуына кедергі келтіретін шектеулі орта қалптастырады.

Сонымен қатар, шағын жинақты мектептерде қалыптасқан педагогикалық тәжірибе көбіне толық жинақты ірі мектептердің дидактикалық моделіне негізделеді. Мұндай стереотиптік тәсілдер көп жас ерекшеліктегі шағын сыныптарда оқыту жағдайында өз тиімділігін жоғалтады. Бұл оқыту мазмұны мен әдістемесін бейімдеуге бағытталған педагогикалық шешімдердің жеткіліксіздігін және әдістемелік тұрғыдан қолдаудың әлсіздігін аңғартады. Қалыптасқан жағдай мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттің табиғатын өзгертуді талап еткенмен, қолданыстағы әдіснамалық ұстанымдар мұндай өзгерістерге бейімделмей келеді.

Шағын жинақты мектептер (ШЖМ) Қазақстанның ауылдық аймақтарындағы білім беру жүйесінің маңызды бөлігін құрайды, әрі олардың басым көпшілігі бастауыш сыныптарға арналған ұйымдар болып табылады. ШЖМ-нің өзіндік ерекшеліктері – оқушылар санының аздығы, бір сыныпта бірнеше жас деңгейіндегі балалардың білім алуы және оқыту-тәрбиелеу процесінің ерекше ұйымдастырылуын талап етуінде. Соған орай, осы бағытта педагогикалық білім беру жүйесінде мұғалімдердің оқыту процесін тиімді ұйымдастыру, көп деңгейлі сыныптармен жұмыс жасау әдістерін меңгеру және ауылдық мектептің әлеуметтік-мәдени ортасына бейімделу қабілеттерін дамытуға баса назар аудару қажеттігі заңды құбылыс. Осындай ерекшеліктердің айқын көрініс беруі, бүгінгі күндегі ШЖМ үшін кәсіби мамандарды даярлау өзекті мәселеге айналып отыр.

**Зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыда зерделеу деңгейі.** Зерттеліп отырған мәселе алыс және жақын шетел ғалымдарының R. Kvalsund [3], H. Bjørnsrud [4], S. Nilsen [5], K. Solstad [6,7], A. Little, A. Ragg [8], R. Smit, E.K. Nyru-Beihammer [9], M. Fargas-Malet, C. Bagley [10], O.H. Тюленева [11], H.B. Байгулова [12], E.A. Булгакова [13] және т.б. еңбектеріне арқау болды.

Сонымен қатар, зерттеуіміздің аясында бастауыш білім берудің дидактикалық және әдістемелік қырларын зерттеген Қазақтан ғалымдар Қ. Аймағамбетова [14], А. С. Амирова [15], Ә. Е. Жұмабаева [16], З. Ш. Айдарова [17], К. Жеделов [18], Н. Б. Рахметова [19], Қ. А. Сарбасова [20], Е. Ауелбеков [21], Э. Уайдуллақызы [22] және басқалардың еңбектерін негізге алдық.

Соңғы зерттеулерге сүйенсек, бастауыш білім беру саласында болашақ мұғалімдердің кәсіби және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыру, оқушылардың оқу әрекетін тиімді ұйымдастыру мәселесін Г. С. Аяпбергенова [23], Р.К. Измаганбетова [24], Л.М. Искакова [25], Ж.Е. Жумаш [26], Ж.Ш. Жияшева [27], М.С. Нұрке [28], Г.К. Кыдырбаева [29], А.Б. Альсейтова [30], Р.С. Исмагулова [31], Ж.С. Айлауова [32] сияқты ғалымдар зерттеген.

Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесін зерттеген ғалымдардың ішінде Г.Б. Ахатаева [33], М.З. Джанбубекова [34], Г.Т. Абдуллина [35], Д.Ж. Кішібаева [36], М.Ж. Сұлтанбек [37], М.Н. Оспанбекова

[38], А.М. Үсенова [39], А. Сыздықбаева [40], А. Жунусбекова [41], Ұ. Ж. Қонақбаева [42], А.Н. Умирбекова [43], Н.Т. Сартаева [44], Т.О. Каратаева [45], Н.С. Қожамкулова [46] Б.М. Баймуханбетов [47], А.Д. Ансабаева [48] және т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Қазақстандағы шағын жинақты мектептерде оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктері көптеген мәселелерді туындатып, олар әртүрлі деңгейде шешіліп келеді. Бұл мәселенің күрделілігіне орай шағын жинақты мектептерді жабу туралы тұжырымдар қарастырылған. Осыған орай, шағын жинақты мектептерде оқыту процесін ұйымдастырудағы негізгі проблемаларды сипаттауға болады.

Ең алдымен, әдістемелік нұсқаулықтардың жеткіліксіздігі мен шағын жинақты әртүрлі жастағы біріктірілген сыныптарға арналған арнайы педагогикалық әдістемелердің жоқтығын атап өту қажет. Бұл оқу процесінің тиімділігін төмендетеді. Екіншіден, ауылдық жерлерге білікті мамандардың жұмысқа баруға құлшынысының төмендігі салдарынан кейбір пәндерді өз саласы бойынша мамандандырылмаған мұғалімдердің оқыту байқалады. Мұндай жағдай оқушылардың оқу үлгерімінің төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар, материалдық - техникалық базаның әлсіздігі, шеберханалар, зертханалар, кітапханалардың болмауы және мектептердің интернет желісіне қосылу мүмкіндігінің шектеулігі - шағын жинақты мектептердегі білім беру сапасына теріс әсер етеді. Аталған мәселелерді шешу үшін жан-жақты әдістемелік, кадрлардың және материалдық қолдау шараларын қарастыру қажет етеді.

Қазақстан Республикасында шағын жинақты мектептерде оқыту ерекшеліктерін зерттеу біраз ғылыми еңбектерге арқау болды. Мәселен: Г.К. Шугаеваның «Қазақстандағы ауылдық шағын жинақты мектептердің дамуы» (1930-1960 жж) атты диссертациялық жұмысында 1930-1960 жылдар аралығындағы Қазақстандағы шағын жинақты мектептердің дамуы мен қалыптасуының тарихи кезеңдері сипатталған. Зерттеу жұмысында болашақ педагогтерді ауылдық жерлердегі шағын жинақты мектептердегі жұмысқа даярлауды қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының кешені ұсынылған [49]. Сонымен бірге, шағын жинақты мектепті зерттеген отандық ғалымдар Г.У.Уразамбетова [50], Р.Б.Ахмедова [51], Г.С.Беркенова [52] диссертациялары да зерттеу жұмысымызға негіз болды.

Шағын жинақты мектептер жағдайында педагог кадрларды даярлау мәселелер З.Адилгазиновтың [53] ғылыми зерттеулерінде негізделген. Бірнеше сыныппен бір уақытта жүргізілетін оқыту үдерісінің өзіндік қырлары, жеке пәндерді оқыту мазмұнын іріктеу, сондай-ақ бір пәндік және бір тақырыптық сабақтарды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері М.Сайпин [54] мен Ә.Е.Жұмабекованың [55] еңбектерінде зерделенген.

Бұл зерттеулерде жас мамандардың оны тәжірибеде қолдануда қиындықтарға кезігетіндігі аталды. Осыған байланысты мұғалімнің кәсіби шеберлігін қалыптастыру үдерісінің жоғары жауапкершілікті талап ететіні және

бұл мәселелерді маман даярлау жүйесінде, оқу мазмұны пен педагогикалық іс-тәжірибе барысында кешенді түрде меңгерту қажеттігі айқындалады.

Біздің зерттеу жұмысымызда Ж.Қ.Астамбаева мен Г.И.Уәйісованың [56] еңбегін іргелі дереккөз ретінде пайдаландық. Аталған еңбекте бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуына бағытталған тұжырымды пікірлер сипатталған. Дегенмен де соңғы жылдары Қазақстанда білім беру саласында жүргізілген бірқатар маңызды өзгерістер заманауи қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени қажеттіліктеріне жауап беруді, білім сапасын арттыруды және оқыту процесін нәтижеге бағыттауды көздейді. Аталмыш мәселе шағын жинақты мектептер (ШЖМ) үшін де өте маңызды, өйткені олардың білім беру ерекшеліктері мен ресурстық шектеулеріне қарамастан, оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету басты міндет болып табылады.

Заманауи білім беру аясында педагогтерді кәсіби даярлау мәселесі Ж.Стамбекова [57], А.Б.Даникеева [58], Н.С.Кожамкулова [59], Р.О.Кенжетаева [60], Г.С.Каримова [61], Д.Т.Белесова [62] және басқалардың ғылыми зерттеулерінде қаралды.

Жоғарыда аталған еңбектердің теориялық және практикалық тұрғыдан маңыздылығы сөзсіз, алайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептерде (ШЖМ) оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруға даярлау мәселесінің әлі де толыққанды зерттелмегенін көрсетті. Мәселенің өзектілігі жоғары оқу орындарында мұғалімдерді ШЖМ жағдайындағы кәсіби қызметке бейімдеуге деген қажеттілік пен педагогика ғылымында бұл бағыттағы теориялық және практикалық негіздердің жеткіліксіздігі арасындағы **қарама-қайшылықтан** туындап отыр:

- болашақ мұғалімдерді ШЖМ-де оқу-әдістемелік үдерісті нәтижелі ұйымдастыруға қоғам тарапынан қойылатын талап пен осы даярлықтың ғылыми тұрғыдан жеткілікті негізделмеуі арасындағы;

- ШЖМ жағдайында заманауи технологиялар мен әдістерді қолдану мүмкіндігінің кеңдігі мен олардың теориялық - әдістемелік тұрғыдан толық қамтамасыз етілмеуі арасындағы;

- ШЖМ-де оқу-әдістемелік жұмыстарды тиімді жүргізу үшін болашақ мұғалімдерді даярлау қажеттігі мен осы даярлықты жоғары оқу орындарының оқу процесіне енгізудің әдістемелік қамтамасыз етілмеуі арасындағы. Бұл қайшылықтар диссертациялық жұмысымыздың өзектілігін айқындауға және тақырыбын **«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары»** деп атауға негіз болды.

**Зерттеу нысаны:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау үдерісі.

**Зерттеу пәні:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары.

**Зерттеудің мақсаты:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмысқа даярлаудың педагогикалық

шарттары мен құрылымдық моделін теориялық негіздеу және тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізу.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** *егер* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделі теориялық тұрғыдан негізделсе, өңделсе және жүзеге асырылса *онда* бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсібилігін арттырады, *өйткені* шағын жинақты мектептің оқу әдістемелік жұмысына қажетті кәсіби даярлықты қамтамасыз етеді.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау процесінің теориялық-әдіснамалық негіздері және «шағын жинақты мектеп», «оқу-әдістемелік» «шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлық» ұғымдарының мәнін анықтау.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлерін айқындау;

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттарын құру;

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделін әзірлеу;

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауда өңделген педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың ғылыми - әдіснамалық негіздері, атап айтқанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде зерттелетін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделін ескере отырып жүзеге асырылуы керек.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі:**

– шағын жинақты мектеп жағдайында білім беруді ұйымдастыру және ауылдық мектептердің ерекшеліктерін зерттеу мәселелері (Г.Ф. Суворова, М.Н. Певзнер, С.Ж. Пралиев, А.Е. Әбілқасымова, Ұ.Б. Абдильдина, К.Б. Жексенбаева);

– педагогтердің кәсіби даярлығы мен кәсіби қалыптасу теориялары (В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Н.В. Кузьмина, Э.Ф. Зеер, А.К. Мынбаева, Г.К. Ахметова);

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау тұжырымдамалары (Н.Ф. Виноградова, Л.Е. Журова, М.А. Бантова, Г.В. Бельтюкова, Л.Г. Петерсон, Н.Б. Истомина, С. Жүзеев, М. Жайлауова, Г.Ы. Утюпова);

– оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, білім мазмұнын жобалау және педагогикалық үдерісті әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері (Ю.К.

Бабанский, М.Н. Скаткин, В.В. Краевский, И.Я. Лернер, М.А. Данилов, Т.А. Ильина, Н.Д. Хмель, Ш.Т. Таубаева);

– педагогтердің кәсіби-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері бойынша зерттеулер (И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, В.И. Байденко, Ю.Г. Татур, В.Д. Шадриков, Дж. Равен, Б.А. Тұрғынбаева, С.А. Нұржанова);

– жүйелілік-мазмұндық тұғыр (В.Г. Афанасьев, И.В. Блауберг, Э.Г. Юдин, В.Н. Садовский) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауды өзара байланысқан құрылымдық компоненттердің біртұтас жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді;

– тұлғалық-бағдарлы тұғыр (И.С. Якиманская, В.В. Сериков, Е.В. Бондаревская) болашақ мұғалімдердің жеке ерекшеліктерін, кәсіби қажеттіліктерін және тұлғалық даму траекторияларын ескеруге негізделеді;

– іс-әрекеттік тұғыр (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, П.Я. Гальперин) болашақ мұғалімдердің шағын жинақты мектеп жағдайындағы кәсіби әрекеттерді тәжірибе арқылы меңгеруін және оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру біліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

– интегративті тұғыр (Ю.К. Бабанский, В.С. Безрукова, Н.К. Чапаев, А.Я. Данилюк) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және практикалық даярлықтың өзара байланысын қамтамасыз етеді.

**Зерттеудің көздері:** білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының ресми нормативтік-құқықтық құжаттары мен мемлекеттік бағдарламалары; зерттеу мәселесінің мәні мен мазмұнын ашатын отандық және алыс-жақын шетел ғалымдарының философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектері; философиялық, психологиялық-педагогикалық және энциклопедиялық сөздіктер мен анықтамалықтар; халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары; зерттеу мәселесіне қатысты оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер, сондай-ақ автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі

#### **Зерттеу әдістері:**

- зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттер мен әдістемелік дереккөздерді талдау және жүйелеу; білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларын, нормативтік құжаттарды және озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу; салыстыру, жалпылау және модельдеу.

- эмпирикалық әдістер – мақсатты педагогикалық бақылау жүргізу, сұхбат алу және педагогикалық экспериментті ұйымдастыру, диагностикалық құралдар мен әдістемелерді пайдалану. Т.И.Ильинаның «ЖОО студенттерінің оқу мотивациясын зерттеу әдістемесі», Е.М.Павлютенковтың «Мамандық таңдаудағы негізгі уәждерді анықтау әдістемесі», А.В.Карповтың «Жеке тұлғаның рефлексия деңгейін анықтау әдістемесі»;

- математикалық-статистикалық әдістер: зерттеу нәтижелері SPSS бағдарламасы арқылы өңделді. Математикалық-статистикалық талдау

барысында сипаттамалық статистика (орташа мәндер, пайыздық көрсеткіштер), Стьюденттің t-критерийі және дисперсиялық талдау (ANOVA) қолданылды.

**Зерттеу базасы:** Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.

**Зерттеу жұмысының кезеңдері.** Диссертациялық жұмыс өзара байланысты бірнеше кезеңде орындалды:

**Зерттеудің бірінші кезеңінде (2018–2019 жж.)** зерттеу тақырыбының ғылыми-педагогикалық тұрғыдан өзектілігі жан-жақты негізделіп, оның теориялық-әдіснамалық базасы қалыптастырылды. Бұл кезеңде шағын жинақты мектептердің қазіргі білім беру жүйесіндегі орны, олардың әлеуметтік-педагогикалық маңызы және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселелерінің өзекті бағыттары анықталды. Осы мақсатта отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, педагогикалық және психологиялық әдебиеттер, диссертациялық зерттеулер, оқу-әдістемелік құралдар мен ғылыми мақалалар кешенді түрде талданды. Әсіресе шағын жинақты мектеп жағдайында білім беру үдерісін ұйымдастыру, біріктірілген сыныптарда оқытудың ерекшеліктері, оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру жолдары, сондай-ақ болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар бастауыш білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайындағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың заманауи бағыттары сараланып, білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялардың мүмкіндіктері қарастырылды. Теориялық талдау барысында шағын жинақты мектептердің өзіндік ерекшеліктері, атап айтқанда сыныптардың біріктіріліп оқытылуы, оқушылар санының аздығы, мұғалімнің көпфункционалды қызметі, оқу ресурстарының шектеулілігі және оқытудағы интеграциялық тәсілдердің маңыздылығы айқындалды.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттары да терең зерделенді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС), бастауыш білім беру бағдарламалары, кәсіби стандарттар және әдістемелік нұсқаулықтар талданып, олардың болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесіне ықпалы қарастырылды. Зерттеудің ғылыми аппараты нақтыланып, зерттеудің нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері айқындалды. Сонымен бірге зерттеудің жетекші идеясы мен бастапқы ғылыми болжамы тұжырымдалып, зерттеу логикасы жүйеленді. Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде жүйелілік, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, іс-әрекеттік және интегративтік тәсілдер басшылыққа алынды. Аталған тәсілдер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектеп жағдайында кәсіби қызметке даярлаудың мазмұны мен құрылымын анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде зерттеудің теориялық-әдіснамалық аппараты әзірленіп, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастырудың ғылыми негіздері қаланды.

Зерттеудің екінші кезеңінде (2019–2020 жж.) тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар ұйымдастырылып, зерттеу болжамын тәжірибе жүзінде тексеру жүзеге асырылды. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектеп жағдайында кәсіби қызмет атқаруға даярлық деңгейін анықтау, сондай-ақ оны жетілдірудің тиімді жолдарын тәжірибе арқылы негіздеу болды. Осыған байланысты зерттеудің диагностикалық кезеңі ұйымдастырылып, студенттердің кәсіби даярлығына қатысты маңызды эмпирикалық мәліметтер жиналды.

Айқындаушы эксперимент барысында болашақ мұғалімдердің шағын жинақты мектепте жұмыс істеуге қажетті теориялық білімдері, әдістемелік даярлығы, педагогикалық құзыреттілігі және ұйымдастырушылық қабілеттері жан-жақты зерттелді. Диагностикалық жұмыстарды жүргізу үшін арнайы әзірленген сауалнамалар, тест тапсырмалары, бақылау парақтары, әңгімелесу әдістері және педагогикалық жағдаяттарды шешуге арналған практикалық тапсырмалар қолданылды. Алынған нәтижелер студенттердің шағын жинақты мектеп ерекшеліктерін толық меңгеруде белгілі бір қиындықтарға кездесетінін көрсетті. Әсіресе біріктірілген сыныптарда сабақты жоспарлау, оқу үдерісін ұйымдастыру, уақытты тиімді бөлу және оқушылардың өзіндік жұмысын басқару мәселелерінде кәсіби даярлық деңгейінің жеткіліксіздігі байқалды.

Тәжірибелік жұмыс барысында шағын жинақты мектеп жағдайына бейімделген педагогикалық шарттар жүйесі әзірленді. Бұл шарттар болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, олардың шығармашылық және әдістемелік әлеуетін арттыруға бағытталды. Сонымен қатар шағын жинақты мектепте жұмыс істеуге қажетті кәсіби дағдыларды қалыптастыру мақсатында арнайы оқу-әдістемелік материалдар дайындалды. Осы кезеңде «Шағын жинақты бастауыш мектепте оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді. Аталған курс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектептің ерекшеліктері туралы теориялық білімдерін кеңейтуге, сондай-ақ тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Курс мазмұнында шағын жинақты мектепте сабақ ұйымдастыру әдістемесі, кіріктірілген оқыту технологиялары, оқу үдерісін жоспарлау, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, цифрлық ресурстарды пайдалану және педагогикалық жағдаяттарды шешу мәселелері қамтылды. Элективті курс аясында студенттер практикалық тапсырмалар орындап, тренингтерге, пікірталастарға және модельдік сабақтарға қатысты. Бұл олардың кәсіби дайындығын жетілдіруге және шағын жинақты мектеп жағдайында тиімді педагогикалық қызмет атқаруға даярлығын арттыруға мүмкіндік берді.

### **Үшінші кезеңде (2020 -2025 жж.)**

Ұсынылған құрылымдық модельді тексеру мақсатында қалыптастырушы және қорытынды эксперименттер жүргізілді. Эксперимент барысында студенттердің шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлығының өзгерісі бақыланып, салыстырмалы талдау жасалды. Жүргізілген тәжірибелік - эксперименттік жұмыс нәтижелері сандық және сапалық

тұрғыдан өңделіп, интерпретацияланды. Нәтижесінде ұсынылған педагогикалық шарттары мен құрылымдық модельдің тиімділігі дәлелденді. Қорытынды кезеңде диссертациялық жұмыстың мәтіні дайындалып, кафедра және ғылыми семинарларда талқыланды, сарапшылардың пікірлері негізінде толықтырулар енгізіліп, рәсімделді.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:**

1. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау» ұғымы нақтыланып, зерттелетін даярлықтың компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалды.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары мен қазіргі жағдайы талданып, оны жетілдірудің ғылыми-әдістемелік негіздері анықталды.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың мотивациялық, мазмұндық-құндылықтық және рефлексивтік компоненттерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделі ғылыми негізделіп, әзірленді.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауға бағытталған педагогикалық шарттар, оқу-әдістемелік материалдар кешені және практикаға бағдарланған әдістемелік қамтамасыз ету жүйесі әзірленді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына кәсіби даярлығын қамтамасыз ететін кешенді оқу-әдістемелік құралдар жүйесін жасаумен сипатталады.

Зерттеу аясында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

- «Шағын жинақты бастауыш мектепте оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс әзірленіп, оқу процесіне енгізілді;

- «Шағын жинақты бастауыш мектепте білім беру мазмұны мен әдістемесі», «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақты мектепте білім беру негіздері» атты оқу құралдары дайындалды, бұл еңбектерде шағын жинақты мектепте білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері көрсетілген;

- Оқытушылар мен студенттерге арналған «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақты мектепте оқыту процесін ұйымдастырудың өзекті мәселелері» атты республикалық вебинар ұйымдастырылды;

- «Шағын жинақты мектептегі өндірістік - педагогикалық (дипломалды) практика» әдістемелік нұсқаулығы дайындалды (6В01303 –«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы аясында);

Ұсынылған материалдар жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандарын даярлау барысында, сондай-ақ шағын жинақты мектепте жұмыс істейтін бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүйесінде

қолдануға жарамды. Дайындалған материалдарды кешенді қолдану студенттердің кәсіби даярлығын арттыру және ауылдық ортада тиімді педагогикалық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

### **Зерттеудің қорғауға ұсынылатын қағидалары**

1. Шағын жинақты мектеп жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін жүйелеу, «шағын жинақты мектеп», «оқу-әдістемелік жұмыс», «оқу-әдістемелік жұмысқа даярлық» ұғымдарының мазмұнын нақтылау зерттеудің ғылыми-әдістемелік негізін құрайды.

- Шағын жинақты мектеп – білім алушылар санының шектеулілігіне және біріктірілген сыныптарда оқытудың ұйымдастырылуына байланысты педагогикалық өзара әрекеттің ерекше білім беру ортасын қалыптастыратын, оқыту құрылымы икемді ұйымдастырылатын жалпы білім беру ұйымы.

- Оқу-әдістемелік жұмыс – біріктірілген сыныптар жағдайында оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру, басқару және нәтижесін бағалауды қамтамасыз ететін, білім мазмұнын дидактикалық бейімдеу мен тиімді оқыту әдістерін қолдануға негізделген тұтас педагогикалық жүйе.

- Болашақ мұғалімдерді оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау – жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық үдерісінде жүзеге асатын, білім алушылардың шағын жинақты мектеп жағдайында оқу-тәрбие үдерісін жобалау, ұйымдастыру және педагогикалық нәтижелерді бағалау құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған жүйелі кәсіби даярлық жүйесі.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың тиімділігі ұйымдастырушылық-педагогикалық, оқу-әдістемелік, технологиялық және интеграциялық-дифференциациялық педагогикалық шарттарды жүйелі жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етіледі. Аталған шарттар практикаға бағытталған оқыту, педагогикалық жағдаяттарды модельдеу, пәнаралық байланыс, әдістемелік сүйемелдеу және педагогикалық практиканы кіріктіру негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби-әдістемелік даярлығын жетілдіруге мүмкіндік береді.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың мотивациялық, мазмұндық-құндылықтық және рефлексивтік компоненттерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделі ғылыми негізделіп, әзірленді.

4. «Шағын жинақты бастауыш мектепте білім беру мазмұны мен әдістемесі», «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақты мектепте білім беру негіздері» атты оқу құралдары, «Шағын жинақты мектепте оқыту теориясы мен технологиясы» элективті курсы, көпдеңгейлі күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар мен әдістемелік ұсынымдар болашақ мұғалімдердің кәсіби-әдістемелік даярлығын жетілдіруге және шағын жинақты мектеп жағдайында оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:** жұмыс педагогика мен методиканың өзекті теориялық тұжырымдамаларына, сондай-ақ шағын

жинақты мектеп мәселелері бойынша эмпирикалық тәжірибеге негізделген. Зерттеу мақсаты мен міндеттері арасындағы сәйкестік сақталды, ал тәжірибелік-эксперименттік жұмыс тұрақты мониторингілеу мен рефлексия негізінде кезең-кезеңімен жоспарланды және жүргізілді. Эмпирикалық материалдар (бастапқы және қорытынды кезеңдерде) сапалық және сандық өңдеу тәсілдері арқылы талданды. Зерттеу барысында ұсынылған модельдер мен әдістемелік нұсқаулар оқу үдерісіне енгізіліп, олардың нәтижелілігі тәжірибе жүзінде дәлелденді.

**Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаға сәйкестігі.** Зерттеу мазмұны 2017 жылғы 30 қарашадағы №799 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына» толық сәйкес келеді. Құжатта білім беру жүйесін жаңғырту, оқыту сапасын арттыру, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты қысқарту, педагог кадрларды даярлаудың практикалық бағытын күшейту қажеттілігі атап көрсетілген. Шағын жинақты мектеп ауылдық білім беру жүйесінің маңызды буыны болып табылады, сондықтан осындай жағдайларға бейімделген мұғалімдерді даярлау мемлекеттің кадрлық саясатына толық сәйкес келеді.

Сонымен қатар, бұл зерттеу «Педагог мәртебесі туралы» Заңда белгіленген талаптарды жүзеге асыруға бағытталған. Атап айтқанда: педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру, әдістемелік қолдау көрсету, білім сапасына жауапкершілікпен қарау – осы мәселелердің барлығы диссертация мазмұнында көрініс тапқан.

**Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:**

Scopus/Web of Science дерекқорларына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда екі мақала жарияланған:

1. Training of future primary school teachers for work in an understaffed school. International Journal of Evaluation and Research in Education. –Vol. 14. –No. 1. -2025. - 4040 – 4049. doi: <http://doi.org/10.11591/ijere.v14i5.32093>

Мақала авторлары: Әбілдина С., Баймағанбетова Ж., Амзеева Г - 20%  
Докторанттың үлесі - 80%

2. Enhancing Teaching Skills through Digital Feedback in Microteaching: A Study with Prospective Primary Teachers. International Journal of Information and Education Technology, 15(9), 1820–1828. doi:10.18178/ijiet.2025.15.9.2383  
<https://ijere.iaescore.com/index.php/IJERE/article/view/32093>

Авторлары: Жұмабаева Ж., Жақсылықова Қ., Айтенова Э., Жайлауова М., Нұрғалиева С — 50% Докторанттың үлесі — 50%

3. Болашақ педагог мамандарды шағын жинақты мектепке даярлау. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2019. - №12 (1). - Б. 226-230.  
<https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/70/7>

Авторлар: Әбілдина С.Қ., Игенбаева Р.Т. — 20%. Докторанттың үлесі — 80%

4. Шағын жинақты мектептегі тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. - Астана, 2020.-№ 6(02). - 296-300 бб.

Авторлар: Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

5. Жаңартылған білім беру жағдайында шағын жинақты мектеп мұғалімдерін даярлау. Торайғыров университетінің Хабаршысы.- Педагогика сериясы. – Павлодар, 2021. - №1 . - Б. 114-124.<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/storage/journals/347.pdf>

Авторлар: Әбілдина С.Қ., Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

6. Шағын жинақты мектептердің болашақ мұғалімдерін даярлау және педагогикалық процесс компоненттерінің ерекшеліктері. Торайғыров университетінің Хабаршысы.- Педагогикалық сериясы. – Павлодар, 2022. - №2 . - Б. 350-362.. Докторанттың үлесі — 100%

7. Шағын жинақты бастауыш мектепте білім беру мазмұны мен әдістемесі. Оқу құралы / Қарағанды: Ака, Е.Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті КЕАҚ баспасы, 2021.-233 б

Авторлар: Әбілдина С.Қ., Игенбаева Р.Т. — 40% Докторанттың үлесі — 60%

8. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақты мектепте білім беру негіздері. Оқу құралы — Алматы, Эверо, 2021.-276 б

Авторлар: Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

9. The impact of innovative approaches on prospective primary teachers' quality of education: An exploration of practice. Journal of Infrastructure, Policy and Development 2024, 8(15), 9248. <https://doi.org/10.24294/jipd9248>

Авторлар: Жұмабаева Ж., Жақсылықова Қ., Айтенова Э., Жайлауова М., Нұрғалиева С — 30% Докторанттың үлесі — 70%

10. Шағын жинақты мектептерде интербелсенді әдістерді тиімді қолдану. Prospects for the Development of Modern Science: Materials of the V International Scientific-Practical Conference. –Seoul (Korea). -March 11-13. – 2020. –Р. 90-95. Авторлар: Әбілдина С.Қ., Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

11. Қазақстандағы шағын жинақты мектептер дамуының әдіснамалық негіздері. Европа и түрковский мир: наука, техника и технологии: V Международная научно-практическая конференция. - Анкаре (Турция). - 6-8 мая. -2020 г. 315-320 стр. Авторлар: Әбілдина С.Қ., Игенбаева Р.Т. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

12. Бастауыш сынып мұғалімдерін ШЖМ оқу-әдістемелік жұмысына дайындаудың педагогикалық шарттары // Актуальные проблемы психологии и педагогики: Ғылыми еңбектер жинағы, III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция / 2025 ж. 3 ақпан / Ред. О.И. Каяшева, Н.В. Николаева. СПб.: Ниц Арт, 2025. 194 б. Авторлар: Әбілдина С.Қ., Коломиец О.М. — 20% Докторанттың үлесі — 80%

**Диссертацияның құрылымы.** Зерттеу 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Бірінші тарау – «**Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмыстарға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері**» деп аталады. Онда шағын жинақты мектеп ұғымының мәні мен генезисі қарастырылып, білім беруді жаңарту контекстінде оқу-әдістемелік процесті ұйымдастырудың ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, бұл тарауда болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық алғы шарттары айқындалады.

Екінші тарау - «**Болашақ бастауыш сынып мұғалімін шағын жинақты мектепте оқу-әдістемелік жұмыстарға даярлауды модельдеу**» деп аталады. Бұл бөлімде болашақ мамандардың шағын жинақты мектеп ортасына кәсіби бейімделу үдерісі құрылымдастырылады, олардың оқу-әдістемелік мәселелерді шешуге қажетті әдістемелік және ұйымдастырушылық құзыреттерін қалыптастыру жолдары ұсынылады.

Сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты бастауығ мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделі әзірленіп, оның құрамдас бөліктері мен өзара байланыстары сипатталады.

Үшінші тарау «**Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың тәжірибелік-эксперимент жұмыстары**» деп аталады. Бұл бөлімде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаттары мен мазмұны айқындалып, анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері ұйымдастырылды. Әр кезеңнің алгоритмі ұсынылып, эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылды. Жүргізілген эксперименттің қорытындылары сандық және сапалық тұрғыда талданып, айқындалған педагогикалық шарттар мен әзірленген құрылымдық модельдің тиімділігі дәлелденді.

**Қорытынды бөлімінде** диссертациялық зерттеудің негізгі барысы мен нәтижелері жүйеленді. Әзірленген әдістемелік кешенді оқыту үдерісінде қолдану тәжірибесінің қорытындылары негізінде зерттеу жұмысының қорытынды тұжырымдары және одан туындайтын практикалық ұсыныстар тұжырымдалды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне** жұмысты дайындау барысында талданған және пайдаланылған барлық дереккөздер енгізілді. Оған ғылыми монографиялар, зерттеу еңбектері, әдістемелік оқулықтар, ресми құжаттар, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың рецензияланған ғылыми мақалалары кірді.

**Қосымшаларда** диссертациялық жұмыстың негізгі мәтінін түсіндіретін және толықтыратын материалдар орналастырылды. Бұған бастапқы диагностикалық сұрақтары, тәжірибелік тапсырмалардың үлгілері, статистикалық есептеулердің кестелері және эксперименталды жұмыстың кейбір нәтижелері кіреді.

# **1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Шағын жинақты мектеп ұғымының мәні мен генезисі**

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ауылдық аймақтардағы білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету — стратегиялық маңызы бар мәселе болып табылады. Бұл тұрғыда ерекше рөлді шағын жинақты мектептер (ШЖМ) атқарады. Олар - елдің кең географиялық аумағында, оқушылар саны аз елді мекендерде орналасқан, оқу процесі біріктірілген сынып - комплекттер негізінде ұйымдастырылатын білім беру ұйымдары.

ШЖМ феноменін ғылыми тұрғыда түсіну үшін оның мазмұндық мәнін, қызмет ету ерекшеліктерін, сондай-ақ педагогикалық ұйымдастырылу қағидаттарын анықтау маңызды. Бұл ұғым тек институционалдық сипатқа ие емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени және педагогикалық жүйе ретінде қарастырылады. Шағын жинақты мектептердің генезисі мен олардың іс-әрекетінің ерекшеліктеріне әсер ететін негізгі факторларды терең зерттеу маңызды. Бұл жағдайда шағын жинақты бастауыш мектептерге (ШЖБМ) ерекше назар аудару қажет, себебі олардың қалыптасуы мен жұмыс істеуінде өзіндік ерекшеліктер мен күрделіліктер бар. Аталған мәселелерді түсіну мен талдау болашақ мұғалімдердің кәсіби дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ олардың шағын жинақты мектеп жағдайында тиімді жұмыс істей алу қабілетін арттыруға негіз бола алады.

Шағын жинақты мектеп ұғымының мәнін айқындау тек педагогикалық немесе ұйымдастырушылық сипатпен шектелмейді, ол білім беру кеңістігінің тарихи эволюциясын, әлеуметтік және мәдени контекстін қамтиды. Шағын жинақталған мектептердің басты ерекшелігі - олар тәжірибе тұрғысынан білім беруге бағытталған, бірақ кейде бұл оқушылардың қабілеттері мен дағдыларын тиімді пайдалану мәселесіне әкеледі. Білім беру жүйесіндегі шағын жинақталған мектептердің рөлі мен проблемалары көптеген елдерде әртүрлі сипатта көрінеді. Диссертацияның осы бөлімінде біз шетелдердегі шағын ауыл мектептерінің білім беру тәжірибесін зерттеп, олардың қазіргі кездегі жағдайын талдаймыз.

Шетелдік шағын жинақты мектептердің тәжірибесін салыстырмалы тұрғыда талдау барысында біз зерттеу құрылымын елдердің тарихи, географиялық және өркениеттік ерекшеліктеріне қарай жүйелеуді жөн санадық. Бұл тәсіл әр мемлекеттегі шағын жинақты мектептің қалыптасуы мен қызмет етуінің әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарын кешенді түрде ашуға мүмкіндік береді.

Біріншіден, еуропалық тәжірибе (Норвегия, Польша) шағын жинақты мектептердің әлеуметтік әділеттілік пен білімге тең қолжетімділік қағидаттарына негізделген дамуын көрсетеді. Бұл елдерде ШЖМ ауылдық

жерлердегі білім сапасын қала мектептерімен теңестіруге бағытталған мемлекеттік саясаттың бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Екіншіден, америкалық үлгі АҚШ білім беру процесінің қауымдастыққа негізделген сипатын айқындайды. Мұнда шағын мектептер қоғам өмірімен тығыз байланыста дамиды, ата-аналар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының белсенді қатысуы қамтамасыз етіледі, сонымен қатар заманауи ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылады.

Үшіншіден, азиялық елдер тәжірибесі (Жапония, Қытай) дәстүр мен инновацияның үйлесімділігін бейнелейді. Бұл елдерде шағын ауыл мектептері ұлттық мәдениетті сақтау мен ауылдық аймақтардағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде қарастырылып, оқытуда тәрбие мен қоғам құндылықтарын біріктіретін үлгі қалыптасқан.

Төртіншіден, посткеңестік жүйелерге (Ресей) тән ерекшелік – орталықтандырылған басқару мен аймақтық теңгерім ұстанымдарының үйлесімі. Мұнда ШЖМ көбіне географиялық және демографиялық факторларға бейімделген, ал соңғы жылдары «ресурс орталығы» және «опорная школа» сияқты модельдер дамып келеді. Соңғысы, ұлттық контекст жеке бөлім ретінде қарастырылып, елдегі шағын жинақты мектептердің тарихи даму жолы, қазіргі жағдайы және мемлекеттік саясаттағы рөлі сараланады. Бұл жүйелеу тәсілі халықаралық тәжірибені ұлттық үлгімен салыстыра отырып, зерттеу нысанының тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді.

Кесте 1 - ШЖМ бойынша шетелдік тәжірибелердің топтастырылу бағыттары

Еуропалық тәжірибе (Норвегия, Польша, Финляндия, Лапландия)
Әлеуметтік әділеттік пен тең қолжетімділік
Америкалық үлгі (АҚШ)
Қауымдастыққа негізделген сипат
Азиялық елдер (Жапония, Қытай)
Дәстүр мен инновацияның үйлесімі
Посткеңестік жүйелер (Ресей)
Орталықтандырылған басқару
Ұлттық контекст (Қазақстан)
Ауылдық білімнің тірегі

Жалпы арнайы әлемдік тәжірибеге сүйенсек, шағын жинақты мектеп ұғымы көпдеңгейлі мектеп ретінде белгілі болды. Әр елде бұл мектептердің өзіндік мақсаты бар, олар өздерінің білім беру тәжірибесі мен саясатын іске асырады. Шағын жинақты мектептер ауылдық жерлердегі білім беру қолжетімділігін қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады. Олар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай біріккен сыныптарда оқыту арқылы педагогикалық

икемділікті талап етеді және білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Еуропа елдеріндегі шағын жинақты мектептердің (ШЖМ) қалыптасуы мен дамуы әлеуметтік әділеттілік, білімге тең қолжетімділік және аймақтық теңгерім қағидаттарына негізделген. Бұл өңірде ШЖМ тек білім беру ұйымы ретінде ғана емес, ауылдық қоғамның әлеуметтік және мәдени орталығы ретінде қарастырылады. Мәселен, Норвегияда шағын мектептер білім сапасын қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты азайтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Еуропалық үлгіде басты назар оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, инклюзивті орта қалыптастыруға және білім беру процесін цифрландыру арқылы тиімділігін арттыруға аударылады.

Алдымен Норвегиядағы шағын жинақты мектептерге қатысты зерттеулер мен дереккөздер топтастыруды жөн санадық. Бұл материалдар мектептердің әлеуметтік-педагогикалық сипаттамаларын, біріктірілген сыныптардағы оқыту практикасын, ауылдық қауымдастықтармен байланысын және мектеп қызметінің аспектілерін ашуға бағытталған. Нақты мақалалар мен ресурстар зерттеу тақырыбына аналитикалық тұрғыдан кірісе отырып, шағын жинақты мектептің теориялық-әдістемелік негізін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді

3. Ы.Алтынсарин мектептерінің басты мақсаты – білімді ауыл тұрғындары үшін қолжетімді ету болса, қазіргі ШЖМ-дың да миссиясы осы идеяны жалғастыру болып табылады. Шағын жинақты мектептер ауылдық және шалғай жерлердегі балаларды біліммен қамтуда маңызды рөл атқарады.

4. Ы.Алтынсарин бірнеше пәннен сабақ берді, бұл пәнаралық байланыстарды нығайтып, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етті. Қазіргі ШЖМ-да да мұғалімдер бірден бірнеше пәнді оқытады, бұл білім беру үрдісінде көпсалалы көзқарасты қамтамасыз етеді.

5. Ыбырай Алтынсарин өз заманында білім беру әдістемесін жаңашылдықпен дамытты. Ол ұлттық тәрбиені заманауи оқыту әдістерімен ұштастырып, қазақ халқы үшін тиімді білім беру жүйесін құрды. Қазіргі уақытта ШЖМ-де ауылдық оқушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуде.

6. Ы. Алтынсарин мектептерінде мұғалім тек пән оқытушысы ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші, кеңесші және ауыл қоғамының жетекшісі болды. Бұл рөл бүгінгі ШЖМ мұғалімдеріне де тән. Олар ауылдық қоғамдастықтың интеллектуалдық және мәдени орталығы болып қана қоймай, оқушыларға жан-жақты қолдау көрсетеді. Мұғалімдердің бұл әмбебаптығы ауылдық жерлерде сапалы білім беру мен тәрбие берудің кепілі болып табылады.

Осы тұрғыда, қазіргі білім саясаты да ауылдық мектептердің қоғамдағы маңызын ерекше атап өтеді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту жөніндегі тұжырымдамада: «Сапалы білім берудегі маңызды міндеттердің бірі – қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту. 6909 мемлекеттік мектептің 5271 мектебі (68 %) ауылдық жерде орналасқан, оның ішінде 2722-сі шағын жинақты мектептер (бұдан әрі – ШЖМ) (ауылдық мектептердің 52 %-ы). Ауыл мектептері бүкіл ауылдың негізгі орталығы және жастардың қабілетін шыңдайтын орын ретінде қызмет етеді. Осы орайда, ауыл мектебіндегі әрбір білім алушының табысқа жету мүмкіндігін арттыру, қала мектептерінен білім сапасының алшақтығын азайту маңызды» деп жазылған [100]. Бұл тұжырым Алтынсарин дәстүрінен бастау алған ауыл мұғалімінің әмбебаптық және тұлғалық жетекшілік рөлінің бүгінгі күнге дейін өзектілігін дәлелдейді. Демек, ауылдық мектептің тірегі – рухани бай, кәсіби шебер және қоғаммен тығыз байланыс орната алатын мұғалім тұлғасы болып қала береді.

Шағын жинақты мектептердің маңызы көбінесе белгілі бір елдің немесе өңірдің демографиялық ахуалына, экономикалық дамуына және саяси ерекшеліктеріне тәуелді болып келеді. Сонымен бірге мұндай мектептердің дамуына білім беру әдістемесін жетілдіру деңгейі, соның ішінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу айтарлықтай ықпал етеді. Бұл факторлар шағын жинақты мектептің қазіргі заманғы оң имиджін қалыптастыруға және ауылдық білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Әлі күнге дейін толымдылығы аз сыныптар мен біріктірілген сыныптар үшін бейімделген әдістемелік материалдар тапшы екені байқалады. Қазіргі таңда шағын жинақты мектептерге педагогикалық кадрларды даярлау қажеттілігі мойындалғанымен, оны жүзеге асыратын нақты тетіктер толық айқындалмаған. Себебі мұғалім үшін мұндай ортада жұмыс істеу ерекше күрделі; сондықтан олардың ауылдық шағын мектептің ерекшеліктеріне бейімделуі үшін кәсіби даярлық алдын ала және жүйелі түрде жүргізілуі қажет [101]. Сонымен бірге шағын мектептің бір артықшылығы — әртүрлі жастағы балалардың өзара еркін қарым-қатынас орната алуы. Бұндай үлгі отбасылық тәрбие форматына жақын және үлкен мектеп жағдайында ұйымдастыру қиынырақ. Шамамен 20–30 оқушысы бар шағын мектеп үлкен, тату отбасыға ұқсайды: оқушылар мен мұғалімдер арасында жақын, жылы қарым-қатынас орнайды. Мұндай ортада үлкен мектептерге тән бұзақылық, құқық бұзушылықтар айтарлықтай сирек кездеседі. Барлық қатысушылар бір-бірін жақсы таниды, сенім мен өзара көмек мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасады [101, 240 б.].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шағын мектептердің айқын артықшылықтары бар: оларда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеретін, шағын сыныптарға бейімделген дидактикалық және әдістемелік тәсілдерді тиімді қолдануға мүмкіндік туады. Осындай мектептерді зерттеу жаңа білім беру технологиялары мен оқыту модельдерін әзірлеу үшін құнды база болып табылады. Бұл бағыт Қазақстан үшін де өзекті, себебі еліміздің аймақтық жағдайларында шағын ауылдар көп және халықтың тығыздығы әрқелкі.

Жалпы Қазақстандағы қазіргі білім беру саясатының негізгі басымдықтарының бірі – ауыл мектебін жаңғырту. Бұл мақсат кездейсоқ қойылған жоқ, өйткені бүгінгі күні ауылдық мектептер қаладағы білім беру ұйымдарынан кем түспейтін оқу нәтижелерін көрсетуге қабілетті. Әйтседе ауылдық білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – шағын жинақты мектептер желісін оңтайландыру және дамыту. Бұл процесс бір жағынан материалдық-техникалық базаны күшейту мен педагог кадрлардың кәсіби деңгейін арттыруды, екінші жағынан, оқу процесін тиімді ұйымдастырудың жаңа тетіктерін енгізуді қажет етеді.

Демек, әлемнің дамыған елдері ұсынған модельдер мен басқару тетіктерін зерделеу Қазақстан үшін тәжірибелік және ғылыми тұрғыдан маңызды. Шетелдік тәжірибені бейімдеу ауылдық білім беру жүйесінің тиімділігін арттырып, оқушыларға тең сапалы білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге жол ашады.

Шағын жинақты мектептердің генезисі мен қазіргі даму ерекшеліктерін зерделеу олардың білім беру жүйесіндегі орнының айрықша екенін көрсетті. ШЖМ-нің генезисін талдау оның тек ұйымдық немесе құрылымдық ерекшелік емес, әлеуметтік-мәдени және рухани феномен екенін айқындады. Алғашқы қазақ мектебі дәстүрінен бастау алған Алтынсариндік үлгіде мұғалім тұлғасы ауылдық қоғамның ағартушысы, тәрбиешісі және рухани жетекшісі ретінде

көрінісін. Бұл дәстүр қазіргі ауыл мұғалімдерінің кәсіби бейнесінен де көрініс табады.

ШЖМ қызметін айқындайтын басты ерекшеліктерге:

– оқушылар санының аздығына байланысты біріктірілген сыныптарда оқыту жүйесі;

– мұғалімнің әмбебап педагогикалық рөлі (бірнеше пәнді қатар жүргізу, тәрбие мен ұйымдастыру қызметін атқару).

ШЖМ-нің осындай көпқырлы табиғаты оны тек білім беру ұйымы ретінде емес, ауылдық қоғамның рухани және мәдени орталығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл мектептерде мұғалім тұлғасы — оқу процесінің ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ішкі әлеуетін ашуға бағытталған тұлғалық-бағдарлы дамудың басты субъектісі болып табылады.

Зерттеушілердің көзқарастарын талдау нәтижесінде ШЖМ ұғымына берілген анықтамалар мазмұндық жағынан үш негізгі бағытта тоғысады:

- әкімшілік-педагогикалық тұрғы: оқушылар аз, сыныптар біріктіріліп оқытылады;

- ұйымдастырушылық - психологиялық тұрғы: мұғалім әмбебап қызмет атқарады, білім беру процесі икемді және тұлғалық бағытталған сипатқа ие;

-әлеуметтік-рухани тұрғы: мектеп ауыл қауымының мәдени және рухани орталығы болып табылады. Осы ғылыми ұстанымдарды ескере отырып, біз шағын жинақты мектеп ұғымын келесідей анықтаймыз: Шағын жинақты мектеп (ШЖМ) - оқушы саны аз, біріктірілген сыныптарда оқыту жүзеге асырылатынын, мұғалімнің әмбебап педагогикалық және тәрбиелік қызметіне сүйенетін, ауылдық қоғамның әлеуметтік-мәдени және рухани қызметін атқаратын тұлғалық-бағдарлы білім беру ұйымы.

Бұл анықтама ШЖМ-нің құрылымдық және ұйымдастырушылық ерекшеліктерін ғана емес, оның гуманистік, құндылықтық және рухани маңызын қамтиды. Мұндай мектепте оқыту процесі оқушының жеке дамуын, өзін-өзі танытуын және қоғамдағы рөлін саналы түрде ұғынуға бағытталады. Яғни, ШЖМ қазіргі білім беру жүйесінде тұлғалық және рухани даму синтезін қамтамасыз ететін педагогикалық орта ретінде танылады.

## **1.2 Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақты мектептердегі оқу-әдістемелік даярлаудың мазмұны**

Қазіргі Қазақстанда білім беру жүйесі әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып түбегейлі жаңартылу кезеңін бастан кешіруде. Білім беру адам қызметінің стратегиялық маңызы бар саласы ретінде елдің экономикалық өсуі мен жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі ресурстардың біріне айналып отыр.

Отандық орта білім беру жүйесінің даму бағыты оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға және өз бетінше ізденіс жасау қабілетін қалыптастыруға ерекше назар аударады. Бұл міндеттердің барлығы нақты шағын жинақты мектептерге қойылатын талаптарды айтарлықтай

күрделендіреді. Себебі, бұл білім беру ұйымдары өзіндік құрылымдық ерекшеліктерімен (мысалы, оқушылар санының аздығы, біріктірілген сыныптар) және оқу үдерісін ұйымдастырудың өзгеше модельдермен ерекшеленеді.

Білім мазмұны мен стандарттарын жаңарту тенденциясы бұл жағдайды тағы да қиындатады. Осыған байланысты, шағын жинақты мектептерде тиімді жұмыс істей алатын бастауыш мынып мұғалімдерін даярлау процесі жаңа заманауи талаптарға сәйкес келетін қосымша білім беру мазмұны мен арнайы кәсіби құзиреттіліктерді дамытуды талап етеді.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды стратегиялық бағыттардың бірі-шағын жинақты бастауыш мектептерде оқу мазмұнын жаңарту. Бұл талап тек ұлттық деңгейде ғана емес, сонымен қатар жаһандану жағдайында білім берудің заманауи үлгілеріне бейімделу мәселесі ретінде де қарастырылады. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының авторлық ұжымы ұсынған «Қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында оқу үдерісін ұйымдастыру механизмі» атты әдістемелік құралда осы бағыттың өзектілігі атап көрсетілген. [102]. Осындай трансформацияның басты мақсаты - білім беру сапасын ілгерілету, оқушылардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін есепке ала отырып, олардың біртұтас және гармониялы дамуын қамтамасыз ету болып саналады.

Еліміздегі жоғары білім жүйесінде мұғалімдерді даярлау қай кезең болмасын ауқымды әрі өзекті мәселелер қатарына жатады. Қоғамның әлеуметтік және экономикалық талаптары уақыт ағымына сай өзгеріп отырады. Соған орай, маман даярлау процесінде сол талаптарға жауап беретіндей етіп бейімдеудің қажеттілігі айқын. Осыған орай

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-әдістемелік дайындығының мазмұнын анықтау үшін оның ұғымдық-категориялық аппаратын нақтылау қажет. Осы тұрғыдан алғанда, «дайындық» пен «даярлау» ұғымдарының ғылыми әдебиеттердегі түсіндірмелерін талдау және олардың педагогикалық контексте қолданылу ерекшеліктерін айқындау маңызды

Түсіндірмелік сөздікте «дайындық» белгілі бір шаруаға әзірлік, қам жасаушылық деп түсіндіріледі [103]. Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде «дайындық» ұғымы іс-әрекет теориясының категориясы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, бұл ұғым екі негізгі аспектіде түсіндіріледі: біріншіден, «дайындық» - белгілі бір нәрсеге дайындау процесінің нәтижесі, екіншіден, бір нәрсеге бағытталу, бағдарлану ретінде сипатталады.

«Даяр болу» категориясы қазіргі психология-педагогика ғылымында жиі кездесетін ұғым болса да, оның ғылыми мазмұны әртүрлі зерттеушілердің еңбектерінде бірдей түсіндірілмейді. Оны түсіндіруде әртүрлі ғылыми мектептер мен теориялық тәсілдердің әсері байқалады. Бір қатар ғалымдар «даяр болуды» ерекше түрдегі іс-әрекетті немесе қызметті ойдағыдай жүзеге асырудың негізгі алғышарты деп қарастырады. Бұл көзқарас бойынша даярлық

тұлғаның алдыңғы тәжірибесіне сүйене отырып, белгілі бір міндеттерді шешуге бағытталған іс-әрекетке белсенді түрде кірісу қабілетін, сонымен қатар осы іс-әрекетті бастау мен реттеудің бастапқы жағдайын білдіреді. Басқа тұжырымдамалар бойынша «даяр болу» тұлғаның нақты қасиеттерінің жиынтығы, яғни күрделі және жүйеленген сапалық сипаттамалардың кешені ретінде түсініледі.

Сол сияқты болашақ мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесін көптеген ғалымдар зерттеді. Олардың ішінде Қ.М. Нағымжанова [104], Ұ.Ж. Қонақбаева [105], А. Сыздықбаева [106], А.Н. Умирбекова [107], А.М. Усенова [108], М.Н. Оспанбекова [109] еңбектерін атап өтуге болады. Еліміздегі жоғары білім жүйесінде мұғалімдерді даярлау қай кезең болмасын ауқымды әрі өзекті мәселелер қатарына жатады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «дайындық» белгілі бір шаруаға әзірлік, қам жасаушылық деп түсіндіріледі.

М.Н. Оспанбекова өзінің диссертациялық зерттеуінде: «Даярлау – бұл өзара байланысқан элементтердің (компоненттердің) тұтас кешені. Оның басты сипаттамалары тұтастық, құрылым, функция «байланыс» ұғымы арқылы нақтыланады. «Даярлау», «тұтастық» ұғымдары стратегиялық, ал «байланыс» даярлаудың түзілуі мен талдау құралы ретінде көрініп, конструктивті рөл атқара отырып, байланыстар топтамасын мәнді етеді. Білім берудегі байланыстарды құрылымдараралық, пәнаралық байланыстар деп бөлуге болады» деген түсініктеме береді [109, 52 б.].

Осы кезде ғылыми әдебиеттерде адамның іс-әрекетке, еңбекке дайындығы туралы жинақталған теориялық және тәжірибелік материалдар көптеп саналады. Көптеген зерттеулерде «дайындық» ұғымына анықтама беріліп, оның құрылымы, мазмұны, негізгі параметрлері айқындалған. Кейбір зерттеулерде белгілі бір кәсіби іс-әрекетке дайындық маманның белсенді күйі деп түсіндіріледі. Бұдан түйіндейтініміз кәсіби іс-әрекетке дайындықты іс-әрекеттің салдары, кәсіби бағдарды бағамдайтын сапа, белгілі бір мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің алғышарты деп қарастыруға болады.

А.А. Квитковская, С.В. Илларионов, Л. П. Илларионова өз зерттеулерінде жоғары оқу орнында кәсіби дайындық процесінде болашақ педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері дамиды, өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалауы қалыптасады, педагогикалық мамандыққа деген қызығушылығы артып, осы мамандықты таңдаудың дұрыстығын түсінуі жүзеге асады. Осыдан барып, өмірлік жоспарлары мен ниеттерінің тұрақтылығы нығаяды деген пікір айтады. Педагогикалық білім берудің үздіксіз жүйесі шеңберінде осы кезеңде педагогтың тұлғалық қасиеттері қарқынды дамиды, оның өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілігі, жалпы мәдени деңгейін арттыруы жүзеге асырылады [110].

С.К. Абильдина, Ж.Е. Сарсекеева “Болашақ мұғалімді жалпы кәсіби даярлау дәстүрлі түрде кәсіби қызметтің ережелерін, нормаларын және әдістерін меңгеру ретінде қарастырылса да, оны студенттің тұтас кәсіби қызмет тәжірибесін жинақтау және байыту процесі ретінде қарастыру орынды. Бұл ұсынылған түсінік қазіргі заманғы жоғары педагогикалық білім беруді

жаңғырту үрдістеріне толық сәйкес келеді, себебі ол студенттің өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі реттеу әдістерін дамытуына, адамның өмір сүру әрекетінде және өзінің кәсіби қызметінде даму процесін зерттеу дағдыларын қалыптастыруына баса назар аударады. Сонымен қатар, бұл түсінік қазіргі педагогикалық қызметтің ерекшеліктерін және бастауыш сынып мұғалімі мамандығының ерекшеліктерін ескереді”, - деп жазады [111].

Қазіргі уақытта «кәсіби дайындық» ұғымы тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі дамытуын көздейтін, белгілі бір деңгейде кәсіби және тұлғалық құзыреттерді меңгеруге бағытталған уақыт пен кеңістікте ұйымдасқан жүйелі процесс болып табылады [112].

В.А. Сластенин кәсіби даярлық ұғымына «педагогикалық іс-әрекеттің функционалдық құрылымы арқылы берілетін, кәсіби функциясын, кәсіби қызметін орындау үшін қажетті практикалық және теориялық дайындық бірлігі» деген анықтама береді. Автор кәсіби әрекетке даяр болу педагогикалық үдерісте педагогикалық құбылыстарды байқап, оны бағалау, іс-әрекетті талдау, білім алушылардың оқу белсенділігін ұйымдастыру техникасын қолдануға ерекше назар аударады [113].

В.В. Лаптев пен М.В. Швецкий кәсіби дайындықты, оның ішінде информатика мұғалімдерін даярлауды, біліктілік сипаттамаларында көрсетілген негізгі және арнайы құзыреттердің жиынтығы ретінде қарастырады. Сонымен бірге, олар информатиканы мектепте оқытудың мақсаттары мен міндеттерін түсінуді, сондай-ақ информатиканы оқыту әдістемелік дайындығын қамтиды. Бұл мектеп оқушыларын информатикаға тиімді оқыту және тәрбиелеу үшін қажет маңызды аспектілер болып табылады [114].

Отандық ғалым А.Р. Ерментаева өз зерттеулерінде «даярлықта болу» және «әзір тұру» ұғымдарының арасындағы айырмашылықты терең түсіндіріп, олардың психологиялық мазмұнын ашып көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «даярлықта болу» адамның оқу, білу дәрежесіне және оның академиялық білімді меңгеру деңгейіне қатысты ұғым. Бұл адамның теориялық тұрғыдан дайын болуын, яғни қажетті білім қоры мен түсініктерге ие болуын сипаттайды. Басқаша айтқанда, бұл – білім алу мен интеллектуалдық даму нәтижесінде қалыптасатын дайындықтың когнитивтік аспектісі. Ал «әзір тұру» ұғымы белгілі бір әрекетті жүзеге асыруға бағытталған оперативті дайындықты білдіреді. Бұл адамның алған білімін нақты практикалық жағдайларда қолдануға, яғни жылдам әрі тиімді әрекет етуге дайындығын көрсетеді. Бұл компонент адамның нақты тапсырмаларды орындауға ішкі ниеті мен қабілетінің белсенді түрде іске қосылуын сипаттайды.

А.Р. Ерментаева бұл екі ұғымның арасындағы айырмашылықты атап өтіп, олардың өзара байланысты екенін де көрсетеді: теориялық дайындық (даярлықта болу) практикалық іс-әрекетке (әзір тұруға) негіз бола отырып, адамның кәсіби және тұлғалық дамуының маңызды аспектісі ретінде қарастырылады [115].

Ғалым-педагог Н.Д. Хмельдің ғылыми еңбектерінде кәсіби даярлық – кәсіби-тұлғалық сапаның қалыптасуы үшін қажетті білім, дағды және шеберліктерді жүйелі түрде меңгеру деп түсіндіріледі. Автордың анықтамасы бойынша, даярлық – мотивациялық, мазмұндық және процессуалды компоненттердің бірлігі. Н.Д. Хмельдің пікірінше, кәсіби даярлық – мазмұндық, тұлғалық және процессуалды аспектілерді үйлестіре отырып, маманның кәсіби шеберлігін дамытуға негізделген кешенді процесс [116].

Л.М. Осиновскаяның пікірінше, педагогикалық әрекетке даяр болу төрт негізгі компоненттен тұрады, олар педагогтың кәсіби және тұлғалық әлеуетін кешенді түрде айқындайды. Тұлғалық даярлық компоненті - педагогтың өзіндік тұлғалық қасиеттерін, өмірлік көзқарасын және кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға бағытталған. Педагог өз өмірлік бейнесін терең түсінуі, өзі таңдаған кәсіби жолына сәйкес нақты жоспар құра білуі, сондай-ақ білім беру процесіндегі түрлі жағдаяттарды тиімді шеше алуы қажет. Бұл педагогтың жеке жауапкершілігін және оның оқушыларға үлгі болу қабілетін айқындайды [117].

Апперцептивті-аксиологиялық компонент - педагогтың қоршаған әлемнің құндылық мағынасын түсіну және оны дұрыс бағалай білу қабілетінен тұрады. Мұғалім құндылықтар жүйесін, білім беру процесіндегі этика мен моральдық нормаларды түсінуі және оларды кәсіби әрекетінде басшылыққа алуы тиіс. Бұл компонент педагогтың оқушылармен өзара қарым-қатынасында құндылықтық бағдарларды баса көрсетуіне мүмкіндік береді.

Когнитивтік компонент - педагогикалық әрекетке даяр болудың маңызды негізі – теориялық білімдер мен практикалық біліктер. Бұл компонент педагогикалық, психологиялық және әдістемелік білімдер жүйесінен құралған. Бұл компонент мұғалімнің өзін-өзі үздіксіз жетілдіруге және білімін толықтыруға бағытталған қабілеттерін қамтиды.

Ұйымдастырушылық компонент - педагогтың оқушыларды білім беру процесіне белсенді түрде тарта білу қабілетінен көрінеді. Педагог оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырып, оқушылардың белсенділігін арттыратын, оларды шығармашылыққа ынталандыратын әдістерді қолдана білуі қажет. Сонымен бірге, бұл компонент мұғалімнің топтық жұмыстарды ұйымдастыру және оқушылардың ынтымақтастығын дамыту қабілетін қамтиды [118].

Аталған төрт компонент педагогикалық әрекетке даяр болудың кешенді құрылымын құрайды. Олар педагогтың кәсіби дайындығының барлық аспектілерін қамти отырып, мұғалімнің тұлғалық қасиеттері мен кәсіби құзыреттіліктерінің үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді. Осиновскаяның бұл тұжырымы педагогтардың кәсіби дайындығын бағалауға және дамытуға арналған маңызды әдістемелік негіз болып табылады.

Ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесінде «дайындық» ұғымының мазмұны екі негізгі қырда түсіндіріледі: біріншіден, «дайындық» — белгілі бір іс-әрекетке немесе қызметке алдын ала ұйымдастырылған дайындау процесінің

нәтижесі ретінде; екіншіден, тұлғаның белгілі бір іс-әрекетке бағытталуы мен бағдарлануын білдіретін ішкі психологиялық жағдай ретінде қарастырылады.


Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кәсіби дайындықтың толыққанды қалыптасуы бірқатар маңызды құрамдас бөліктерден тұрады. Атап айтқанда:

- мұғалім мамандығына оң көзқарас таныту және педагогикалық қызметтің түрлі бағыттарына жағымды қатынас орнату;

- кәсіби қызығушылықтардың тұрақтылығы мен педагогикалық іс-әрекетке деген ішкі тұрақты мотивацияның болуы;

- атқарылатын міндеттердің нәтижесіне байланысты жауапкершілікті терең сезіну;

- педагогикалық қабілеттердің дамуы және шығармашылық шешімдер қабылдай алу икемділігі. Жоғарыдағыларды қорыта келе біз төмендегі 1 - суретте кәсіби әрекетке даярлық компоненттерін ұсындық.



Сурет 1 - Кәсіби әрекетке даярлық компоненттері

Сондай-ақ ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, «даяр болу» ұғымы кеңінен қолданғанымен, оны психологиялық-педагогикалық тұрғыдан түсіндіру әртүрлі ғылыми бағыттарда біркелкі емес. Бұл құбылыс ұғымның мазмұнын нақтылау қажеттілігін көрсетеді және болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын зерттеуде маңызды теориялық негіз болып табылады.

Даярлық туралы түсінік негізінен екі негізгі көзқараспен түсіндіріледі. Біріншісіне сәйкес, даярлық - бұл адамның белгілі бір істі жақсы орындауының

негізгі шарты. Бұл тұлғаның өзінің бұрынғы тәжірибесіне сүйіне отырып, мәселені шешуге белсенді араласу қабілетін, өз күш-жігерін толық қолдана білуін білдіреді [118, 51 б.]. Қазіргі білім беру жүйесінде кәсіби даярлық пен оқу-әдістемелік даярлық ұғымдары педагогтың кәсіби дамуының негізгі әрі ажырамас аспектілері болып табылады.

Білім беру саласындағы өзгерістер, жаңартылған білім мазмұны, цифрландыру үдерісі мен оқытудағы заманауи талаптар педагогтың тек пәндік біліммен шектелмей, жан-жақты кәсіби және әдістемелік тұрғыда дайын болуын қажет етеді.

Кәсіби даярлық педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған кешенді әрі ұзақ мерзімді процесс болып табылады. Ол педагогтың теориялық білімін, практикалық тәжірибесін, кәсіби құндылықтарын, педагогикалық этикасын және тұлғалық қасиеттерін дамытуды көздейді. Кәсіби даярлық барысында болашақ немесе қызметтегі педагог педагогика, психология, пәндік білім, тәрбиелік жұмыс, қарым-қатынас мәдениеті және кәсіби рефлексия сияқты маңызды компоненттерді меңгереді. Сонымен қатар, кәсіби даярлық педагогтың өзін-өзі дамытуға, кәсіби өсуге және өзгермелі білім беру жағдайларына бейімделуіне негіз қалайды.


Оқу-әдістемелік даярлық кәсіби даярлықтың құрамдас бөлігі ретінде педагогтың оқу процесін тікелей ұйымдастыру және жүзеге асыруға қажетті арнайы дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқу-әдістемелік даярлықтың маңызды аспектілерінің бірі – оқу материалдарын жүйелі түрде жоспарлау және құрылымдау.

Педагог сабақтың мазмұнын логикалық тұрғыда ұйымдастырып, оқыту әдістері мен құралдарын орынды қолдануы тиіс. Сонымен қатар, оқушылардың білім деңгейін бағалау, кері байланыс ұйымдастыру, оқу ресурстарын (оқулықтар, дидактикалық материалдар, цифрлық платформалар) тиімді пайдалану да оқу-әдістемелік даярлықтың ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл даярлық педагогтың шығармашылық қабілетін дамытып, сабақты қызықты әрі нәтижелі өткізуіне ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, кәсіби даярлық педагогтың жалпы кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз етсе, оқу-әдістемелік даярлық оның оқыту процесін ұйымдастырудағы арнайы дағдыларын қалыптастырады. Бұл екі компоненттің үйлесімді дамуы болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырып, білім беру сапасын жоғарылатуға септігін тигізеді. Сондықтан педагогтерді даярлау жүйесінде осы екі бағыттың кешенді дамуына ерекше көңіл бөлу қажет.

Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлық деп мұғалімнің арнайы білімдері мен кәсіби дағдыларын, сондай-ақ жеке тұлғалық қасиеттерін кешенді түрде қалыптасуын айтуға болады. Бұл даярлық мұғалімнің шағын жинақты мектеп жағдайында тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін басты фактор болып табылады.

Оқу-әдістемелік жұмыстардың құрылымы 2 суретте ұсынылды.



Сурет 2- Оқу-әдістемелік жұмыстардың құрылымы

Бұл, біріншіден, теориялық және әдістемелік білімдердің қалыптасуын қамтиды. Мұғалім шағын жинақты мектептің ерекшеліктерін, біріктірілген сыныптардағы оқытудың әдістемесін және оқыту процесін тиімді ұйымдастыру жолдарын толық меңгеруі тиіс. Бұған интеграциялық және дифференциациялық тәсілдерді, заманауи цифрлық құралдарды, сондай-ақ сыныптағы білім беру мен тәрбие процестерін басқару әдістерін білу жатады.

Екіншіден, жеке тұлғалық және кәсіби сапалардың дамуы қажет. Мұғалімде жоғары деңгейдегі икемділік, шыдамдылық, ұйымшылдық және көпфункционалдық қабілеттер болуы тиіс. Сонымен қатар, ол әртүрлі жастағы оқушылардың жеке қажеттіліктері мен психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, оқыту процесін бейімдей алуы қажет. Мұғалімнің өзін-өзі дамытуға ұмтылысы, шығармашылық әлеуеті және кәсіби жаңашылдыққа бейімділігі де маңызды рөл атқарады.

Шағын жинақты мектеп жағдайында оқу-әдістемелік жұмысқа даярлықтың маңызды компоненті-қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдылары. Мұғалім ата-аналармен, әріптестермен және жергілікті қауымдастық өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істеуі керек. Бұл оқушылардың білім алуына қолайлы жағдай жасау үшін қажетті қолдауды қамтамасыз етеді.

Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлық - бұл мұғалімнің кәсіби білімдері, дағдылары мен сапаларының кешенді жүйесі, ол мұғалімнің толыққанды қызмет атқаруын қамтамасыз етеді. Мұндай даярлықтың болуы шағын жинақты мектептердің сапалы білім беру миссиясын

жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік дайындығы мәселелері 4-кестеде ұсынылды.

Кесте 4 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік дайындығы

Ғылыми-әдістемелік мәселелер	Мақсаты
1	2
Балаларға математика, әдеби оқыту, дүниетану пәндерін оқытудың жалпы және нақты тақырыптары, ұғымдары, мазмұнын игерудің маңыздылығы мен қажеттілігін анықтау	Оқу мазмұнының маңыздылығын түсіндіру және жүйелеу
Оқушылардың әртүрлі психологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, бұл пән бойынша білім беру мазмұнын анықтау және оңтайландыру	Оқушылардың ерекшеліктерін ескеру арқылы оқыту сапасын арттыру
Оқу пәніне сәйкес келетін білім саласынан балалар үшін қандай білім көлемі мен мазмұнының жеткілікті және қажетті екенін айқындау	Білім көлемі мен мазмұнының жеткіліктілігін анықтау
Оқу пәнін меңгерудің негізгі талап етілетін нәтижелерін анықтау және сипаттау	Оқу нәтижелерін жоспарлау және нақтылау
Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағалаудың тиімді әдістері мен құралдарын әзірлеу	Бағалау әдістерінің тиімділігін қамтамасыз ету
Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту технологияларын жобалау	Оқушыға бейімделген оқыту технологияларын қолдану

Бұдан шығатын қорытынды - әдістемелік дайындық болашақ мұғалім үшін тек оқытылатын пәннің ғылыми-теориялық мазмұнын меңгерумен шектелмейді. Ол сонымен қатар алынған білімді оқу процесінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін заманауи педагогикалық технологияларды игеру және оларды шығармашылықпен пайдалану дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Қазіргі білім беру жүйесі оқыту сапасын арттырудың басты шарты ретінде оқыту әдістерінің тиімділігін жетілдіруді және цифрлық технологияларды орынды пайдалануды талап етеді. Бұл болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытып, оқу процесін интерактивті, дербестендірілген және білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағыттайды.

Шағын жинақты мектептерде оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда цифрлық білім берудің рөлі ерекше. Себебі ШЖМ-ның ресурстық және кадрлық мүмкіндіктері шектеулі болған жағдайда, цифрлық технологиялар білім беру процесін қолдау мен жетілдірудің маңызды құралына айналады.

Цифрлық білім беру болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ШЖМ жағдайында тиімді жұмыс істеуге даярлаудың маңызды компоненті болып табылады. Бұл технологиялар мұғалімдерге оқу процесін ұйымдастыруда икемділік пен тиімділікті қамтамасыз етіп, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан мұғалімдерді даярлау жүйесінде цифрлық білім беруді меңгеруге және оны практикада қолдануға ерекше назар аудару қажет. Бұл ШЖМ-дағы оқу-әдістемелік жұмыстың сапасын арттыруға және білім беру жүйесін заманауи талаптарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар ШЖМ-де ресурстардың жетіспеушілігін толықтыруға мүмкіндік береді және оқушылардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Бұл оқу ордаларында ресурстардың шектеулі болуы, мұғалімдердің көп бейінді қызмет атқаруы және оқушылардың әртүрлі жас топтарында оқуы сияқты ерекшеліктер бар. Мұндай контексте Ж. Жұмабаева, Қ. Жақсылықова, Ә. Өмірзақова, Е. Айтенова, М. Жайлауова, С. Нұрғалиева (2025) жүргізген зерттеу микропедагогика мен цифрлық кері байланысты тиімді біріктіру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетті [119].

Олардың жұмысында жасанды интеллектпен қолдау көрсетілген бағалау құралдары мен құрылымдалған өзара кері байланыс арқылы болашақ мұғалімдердің сабақ жоспарлау, сыныпты басқару және рефлексивті ойлау дағдылары едәуір жақсарғаны дәлелденген. Бұл тәсіл оқу процесін бейімдеуге, студентке бағытталған оқыту тәжірибесін дамытуға және білім беру сапасын жоғалтпай тиімділікке қол жеткізуге жол ашады. Авторлар цифрлық кері байланысты оқу процесіне интеграциялау - әсіресе ресурстары шектеулі немесе қашық орналасқан шағын мектептер үшін педагогикалық нәтижелерді едәуір жақсартуға алатынын атап өткен.

Қазақстанда білімді басқару саласы білім капиталының элементтерін қалыптастыру үшін әртүрлі талдау және іріктеу әдістерін ұсынатын өзекті зерттеу бағыты болып саналады. Бұл ретте білім беру технологияларындағы микропедагогика әдісі мұғалімдерді даярлау жүйесін жақсартудың маңызды құралына айналып отыр. Оның арқасында болашақ бастауыш сынып педагогтары заманауи білім беру ортасының динамикалық талаптарына тиімді бейімделе алады.

Қазіргі оқушылар зейінінің шоғырлануы нашарлап, басқаға бөлініп кетеді. Бұл жағдай мұғалімдер үшін іс жүзіндегі маңызды мәселеге айналды. Осыған байланысты, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыратын инновациялық педагогикалық әдістерді енгізу бұл жай ғана үдерісті оңтайландыру құралы емес, қазіргі білім беру жүйесіндегі мазмұнды тиімді және қабылдауға жеңіл түрде ұсынудың негізгі талабына айналған [119, 1821].

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдарда: «Кең жолақты интернетке қол жеткізу білім алушылар мен педагогтердің цифрлық

және медиа сауаттылық деңгейін арттыруда оқуы мен жұмысы үшін қолайлы жағдайлар жасайды, осылайша олардың пәндерді оқуға және инновациялық оқытуға деген қызығушылығы мен уәждемесін арттырады. Ақпаратты бағдарлай алатын ойлаушы азаматтарды тәрбиелеуге медиа және ақпараттық сауаттылықты меңгерген педагогтер тиімді көмектесе алады» делінген [120]. Бұл ұсынымдар шағын жинақты мектептер үшін ерекше маңызға ие, өйткені интернетке қол жеткізу мұғалімдерге оқушылардың қызығушылығын арттыратын заманауи технологияларды қолдануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, жасанды интеллект құралдары шағын жинақты мектептерде жеке тәсілдермен оқытуды дамытуға мүмкіндік береді. Әр оқушының қажеттіліктерін ескеретін бағдарламалар білім беру сапасын жақсарта алады. Бұл әсіресе шағын мектептерде мұғалімдердің жүктемесін жеңілдетіп, оқыту әдістерін оңтайландыруға ықпал етеді. Мұғалімдер үшін бұл құралдар кәсіби дамудың жаңа мүмкіндіктерін ашып, олардың технологиялық сауаттылығын арттырады.

Инновациялық әдістерді қолдану оқушылардың пәндерді оқуға деген қызығушылығын оятып, олардың оқуға деген мотивациясын арттыруға ықпал етеді. Осылайша, жасанды интеллектті пайдалану тек білім сапасын арттырып қана қоймай, ауылдық жерлердегі шағын жинақты мектептердің педагогикалық әлеуетін дамытуға жол ашады.

Шағын жинақты мектептерде мұғалімдерге бірнеше пәнді қатар оқыту, ресурстардың шектеулілігі және әртүрлі деңгейдегі оқушылармен жұмыс істеу сияқты ерекшеліктер тән. Осыған байланысты жасанды интеллект педагогикалық процестерді оңтайландырып, олардың сапасын арттыруда үлкен рөл атқара алады. Ал мұғалімдерді осы технологияларды қолдануға дайындау – білім беру сапасын жетілдірудің басты шарты.

Білім беру жүйесіне критериялды бағалау жүйесінің енгізілуі оқушылардың оқу нәтижелерін объективті бағалап, олардың білімге деген қарым-қатынасын және жеке тұлғалық даму динамикасын анықтауға мүмкіндік береді. Шағын жинақты мектеп жағдайында мұндай бағалау оқушылардың жетістіктерін әділ және дәл анықтауға мүмкіндік береді, себебі мұғалім әр оқушыны жан-жақты таниды.

Қазіргі заманғы оқытудың сәттілігі көбінесе оқушылардың өз оқу әрекетін өздігінен басқару дағдыларына байланысты. Тиімді бағалау жүйесі дәл осы бағытта құрылады: ол білім алушыға өз жұмысын өз бетінше бақылауға, оның нәтижелерін талдауға, қателердің себептерін анықтауға және оларды түзету жолдарын іздестіруге мүмкіндік береді. Бұл тәсілде оқушының қол жеткізген жетістіктері нақты оқыту мақсаттарымен тығыз байланысты болып, алдын-ала белгіленген анық критерийлер бойынша бағаланады.

Мұндай жүйені жүзеге асыру үшін педагог тиімді әдістер мен диагностикалық құралдардың кең арсеналын қолдануы керек. Білім беруді жаңартудың негізгі идеяларының бірі – оқу үдерісінде білім алушының белсенді және жауапты қатысуын қамтамасыз ету. Осылайша, жаңа оқыту

моделі оқушыны білім алу үдерісінің белсенді субъектісіне айналдыруға бағытталған [121].

Бастауыш сынып мұғалімдері денсаулықты сақтауға бағытталған технологияларды қолдануды, білім беру процесін құзыреттілікке негізделген тәсіл арқылы ұйымдастыруды және әртүрлі жастағы балалармен тиімді жұмыс істеуді меңгеруі тиіс. Шағын жинақты мектептердің ерекше жағдайларында мұғалімдердің кәсіби дайындығы және педагогикалық икемділігі білім беру сапасын арттыруда шешуші рөл атқарады.

Т.Қ. Ауелгазина білім беруді жаңарту процесін талдай отырып, оның әсері тек ірі білім беру ұйымдарымен шектелмейтінін атап өтеді. Оның пікірінше, бұл өзгерістер шағын жинақты мектептерді де толығымен қамтиды, бұл болса өз кезегінде мұндай мектептерде жұмыс істейтін мамандарды даярлауға жаңа талаптар әкеледі. Зерттеушінің айтуы бойынша, осы талаптарға сәйкес мұғалімдердің кәсіби даярлық мазмұнын да өзгерту қажет [122]. Мұндай талаптар ауылдық білім беру жағдайының күрделілігімен және педагогтің бірнеше жастағы оқушылармен бір мезгілде жұмыс істеу ерекшелігімен тікелей байланысты. Атап айтқанда, ШЖМ мұғалімі мыналарға қабілетті болуы тиіс:

- өздігінен білімді меңгерудің тиімді әдістерін таңдау және қолдану, кәсіби дамуға бағытталған дербес білім алу стратегияларын қалыптастыру;
- оқу пәнінің ерекшелігі мен сыныптардың жас құрамын ескере отырып, оқытудың тиімді әдістерін таңдау және құрастыра білу;
- оқушылар ұжымын тиімді басқару, олардың жас ерекшеліктерін, жеке қабілеттерін ескеріп, психологиялық тұрғыдан қолайлы орта қалыптастыру;
- оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың жаңа формалары мен тиімді педагогикалық модельдерін іздестіру және енгізу;
- үздіксіз кәсіби деңгейін көтеру және жетілдіру, біліктілікті арттыру курстары мен кәсіби қауымдастықтарға қатысу арқылы тәжірибе алмасу.

Бұл талаптар болашақ ШЖМ мұғалімінің кәсіби даярлығының кешенді сипатын көрсетеді және олардың әдістемелік, ұйымдастырушылық, цифрлық және тұлғалық құзыреттерін дамытуды көздейді. Мұндай даярлық ауыл мектептерінде білім сапасын арттырудың, оқу процесін икемді әрі нәтижелі ұйымдастырудың басты шарты болып табылады.

«Жаңартылған білім мазмұнында берілген оқу бағдарламалары – инновациялық туынды, инновациялық жүйеге негізделген бағыт-бағдармен білім беруге бағытталған технология», - деп жазады Ж.К. Стамбекова [57, 9 б.]. Яғни, ШЖМ мұғалімдерінің оқу-әдістемелік даярлығына қойылатын талаптар олардың кәсіби және әдістемелік даярлығының жаңа деңгейін қажет етеді. Мұғалімдер білім беру сапасын арттыру және оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру үшін бірқатар маңызды құзыреттіліктерді игеруі керек.

Шағын жинақты бастауыш мектептер үшін негізгі талаптар:

- әр оқушының жеке қажеттіліктерін ескеріп, білім беру процесін жекешелендіру;

–оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық әлеуетін дамыту;

–білім беру процесін икемді және нәтижеге бағытталған түрде ұйымдастыру.

Бұндай ауқымды міндетті жүзеге асыру құзыретті маман даярлаудың маңызы ерекше. Сондықтан педагогикалық үдерісті жүзеге асыратын болашақ мұғалімдердің оқу-әдістемелік жұмыстарға даярлау сапасын арттыру қажеттігі туындайды. Төмендегі 3 суретте оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары ұсынылды.



Сурет 3 - Оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары

Кәсіби даярлықтың маңызды бөліктерінің бірі – мұғалімнің әдістемелік даярлығы. Бұл оқу пәнінің мазмұны мен оқыту процесі арқылы үш негізгі педагогикалық қызметті: оқыту, тәрбиелеу және дамыту іс-әрекеттерін тәжірибеде жүзеге асыруға дайындықты білдіреді.

Оқу-әдістемелік жұмыс құрамына мынадай негізгі құрамдас бөліктерді енгізуге болады:

- педагог кадрлардың кәсіби шеберлігін жүйелі түрде көтеру;
- әдістемелік сипаттағы кеңестер мен семинарлар ұйымдастыру;
- жас мұғалімдерге практикалық бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсету;
- оқу процесінде жинақталған әдістемелік тәжірибені сараптау және жүйелеу.

Болашақ педагогтың әдістемелік тұрғыдан дайындығы білім беру процесіндегі кәсіби құзыреттіліктің негізгі элементтерінің бірі болып саналады. Педагогтың әдістемелік даярлығы оқу пәнінің мазмұны мен оқыту процесі

арқылы үш негізгі педагогикалық қызметті: оқыту, тәрбиелеу және дамыту іс-әрекеттерін тәжірибеде жүзеге асыруға дайындықты білдіреді.

Алдымен «оқу-әдістемелік жұмыс» ұғымының мәніне тоқталып өтсек, бұл ұғым білім беру ұйымындағы оқу процесін сапалы ұйымдастыру мен жетілдіруге бағытталған кешенді іс-әрекеттер жиынтығын білдіреді. Оқу-әдістемелік жұмыс, ең алдымен, оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді қамтиды, яғни оқу бағдарламалары мен жоспарларын дайындау, оқу материалдарын әзірлеу және олардың сапасын арттыруды көздейді. Сонымен қатар ол оқытудың әдістері мен құралдарын жетілдіру мен тиімділігін арттыруға бағытталады, бұл оқу процесін заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқу-әдістемелік қызмет құрылымында педагогикалық тәжірибені зерттеу және оны мақсатты түрде жетілдіру жетекші орын алады. Бұл үдеріс мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеруге, тиімді педагогикалық тәжірибелерді іріктеп, оларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге ықпал етеді. Сондай-ақ педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру да оқу-әдістемелік жұмыстың басты міндеттерінің бірі болып табылады, себебі мұғалімдердің заманауи білім беру үрдістеріне бейімделуі сапалы нәтижеге жетудің негізгі шарты болып саналады.

Сонымен бірге, оқу-әдістемелік жұмыс аясында оқу-әдістемелік кеңестер ұйымдастыру, педагогтердің тәжірибе алмасуына, жаңа әдістемелер мен инновациялық технологияларды таныстыруға мүмкіндік береді. Жас мамандарға практикалық көмек көрсету де маңызды бағыттардың бірі, себебі еңбек жолын жаңа бастаған педагогтерді қолдау олардың кәсіби бейімделуін жеңілдетеді. Бұдан бөлек, оқу процесінің әдістемелік тәжірибесін талдау және жалпылау арқылы білім беру ұйымы өзінің ішкі әлеуетін арттырып, үздік тәжірибелерді жүйелеп, әрі қарай дамытуға жол ашады.

Болашақ мұғалімнің бастауыш сынып оқушыларына оқу пәнін оқытуға әдістемелік дайындығы төмендегі негізгі ғылыми-әдістемелік мәселелерді шешуге көмектеседі:

- балаларға математика (әдеби оқыту, табиғаттану және т. б. ) пәнін оқытудың жалпы және нақты тақырыптары, ұғымдары, мазмұнын игерудің маңыздылығы мен қажеттілігін анықтау;

- оқушылардың әртүрлі психологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, бұл пән бойынша білім беру мазмұнын анықтау және оңтайландыру;

- оқу пәніне сәйкес келетін білім саласынан балалар үшін қандай білім көлемі мен мазмұнының жеткілікті және қажетті екенін айқындау;

- оқу пәнін меңгерудің негізгі талап етілетін нәтижелерін анықтау және сипаттау;

- жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағалаудың тиімді әдістері мен құралдарын әзірлеу;

- әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту технологияларын жобалау.

Яғни, болашақ мұғалімнің әдістемелік дайындығы педагогикалық іс-әрекеттің мазмұндық, ұйымдастырушылық және нәтижелілік аспектілерін қамтитын кешенді құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл құзыреттіліктердің дамуы оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру және әрбір оқушының жеке әлеуетін толық іске асыруға жағдай жасау мақсатында қажет.

Әдістемелік дайындықтың негізгі нәтижесі ең алдымен мұғалімнің кәсіби қызметті тиімді атқаруына мүмкіндік беретін қабілеттер мен құзыреттердің қалыптасуымен айқындалады.

Ең маңыздысы - педагогтың әдіснамалық құзыреттілігі. Бұл оның оқытатын пәнінің ғылыми негіздерін терең меңгеруі, пәннің қалыптасу тарихы мен даму кезеңдерін, теориялық бағыттарын және қазіргі уақытта зерттелу деңгейін жан-жақты түсінуімен сипатталады. Мұндай дайындық педагогке білім мазмұнын талдап, пәннің ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқыту стратегияларын құруға мүмкіндік береді. Екіншіден, бұл – тиісті білім саласының мазмұнын оқушыларға тиімді жеткізудің әдістерін табу қабілеті. Үшіншіден, бұл – белгілі бір мәдени құбылысты, яғни оқушылар оқитын білім мен тәжірибенің, соның ішінде әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесінің нақты бір бөлігін, оқу пәнінің мазмұнына, әдісіне, формасына және тіліне бейімдеп өзгерту дағдысы [123].

Егер әдістемелік дайындықтың соңғы мақсаты ретінде мұғалімнің «әдіскер» ретінде кәсіби тұрғыдан қалыптасуын — яғни оқыту әдістемелері мен заманауи педагогикалық технологияларды толық меңгерген білікті маман деңгейіне жетуін негізге алсақ, онда осыған қатысты бірнеше маңызды тұжырым жасауға болады. Бұдан шығатын түйін әдістемелік дайындық болашақ мұғалімге оқытылатын пән бойынша ғылыми білімді игеру ғана емес, сонымен қатар оны оқыту процесінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін технологияларды меңгеру дағдыларын дамытуға бағытталады. Мұндай дайындықтың түпкі мақсаты – оқушылардың танымдық дамуы мен мәдени құндылықтарды игеруін қамтамасыз етуге қабілетті кәсіби педагогикалық іс-әрекетті қалыптастыру.

Егер мұғалімнің бойында оқытудың әдістемесін және заманауи технологияларын терең меңгерген «әдіскердің» кәсіби бейнесін қалыптастыруды әдістемелік дайындықтың басты нәтижесі деп қарастыратын болсақ, онда болашақ мұғалімнің әдістемелік дайындығының нәтижесін кешенді сипаттауға болады.

Біріншіден, мұндай дайындық мұғалімнің зерттелетін ғылымның әдіснамасын, даму тарихын және қазіргі жағдайын толық түсініп, бағдарлай алу қабілетінің қалыптасуын білдіреді. Бұл қабілет педагогке пәннің ғылыми негізін жүйелі меңгеруге, оның мазмұнын сараптап, оқыту процесінде

мақсатты әрі ғылыми тұрғыдан негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, әдістемелік дайындықтың нәтижесі — мұғалімнің тиісті білім саласының мазмұнын оқушыларға жеткізудің тиімді әдістерін іздеп таба білуі және оларды нақты оқу жағдайына бейімдей алуы. Бұл педагогтің оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдануына жағдай жасайды.

Үшіншіден, болашақ мұғалімнің әдіскер ретінде қалыптасуы оның меңгерген білімін және жинақтаған тәжірибесін оқу пәнінің мазмұнына, әдістеріне, ұйымдастыру формаларына әрі пәндік тілге орынды кіріктіре алу қабілетімен айқындалады. Мұндай қабілет білім мазмұнын өмірлік жағдаяттармен және оқушылардың тәжірибесімен ұштастырып, оқытудың практикалық және тәрбиелік маңызын күшейтуге жағдай жасайды. Бұл дегеніміз әдістемелік дайындық нәтижесінде болашақ мұғалім тек пәндік білім иесі ғана емес, сонымен қатар заманауи әдістемені меңгерген, білім беру мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алатын және оны оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне бейімдей білетін кәсіби әдіскер ретінде қалыптасады дегенді білдіреді.

Л.А. Никитина әдістемелік дайындықтың негізгі бағыттары ретінде бірқатар маңызды аспектілерді атап көрсетеді. Олардың қатарына мұғалімнің білім мазмұнын және оқыту әдістерін таңдауда өзіндік әдістемелік ұстанымын қалыптастыру; педагогикалық инновацияларды зерттеу; болашақ мұғалімдерді әдістемелік зерттеулерге тарту; практикалық іс-әрекет тәжірибесін дамыту және сабақтарды жоспарлау мен өткізуге дайындығын жетілдіру кіреді [124].

Әдістемелік дайындық әдетте арнайы құралдарды меңгеруге негізделгенімен, бұл құралдардың іс-әрекеттегі, әсіресе, бірлескен жұмысты ұйымдастырудағы нақты міндеттерді шешуде қалай қолданылатынына жеткілікті назар аударылмайды. Өзіндік әдістемелік ұстанымды қалыптастыру қажеттілігіне тоқталғанымен, оның қалай дамитыны және нақты қандай түрде көрініс табатыны оқытушылар тарапынан толыққанды ашылып көрсетілмейді. Бұл ұстаным, негізінен, зерттеудің нәтижесінде пайда болып, педагогқа нақты оқу жағдайларына бейімделген әдістемелік құралдарды таңдауға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес, әдістемелік дайындық тек құралдарды оқып-үйренуді ғана емес, оларды бірлескен жұмысты ұйымдастыру мақсатында дұрыс таңдауға үйретуді де қамтуы тиіс. Мұндай дағдыны қалыптастырмай, әдістемелік дайындық тек белгілі бір әдісті механикалық түрде игеру мен оны өзгеріссіз қолдануға негізделіп қалады [124, 79 б.]. Әдістемелік тәсілдерді тиімді таңдау және оларды түрлендіру педагогтың жағдайдың өзгергенін анықтап, қолданылып отырған әдісті талдап, оны бейімдеп немесе қайта құру қабілетіне байланысты жүзеге асады.

Шағын жинақты мектептердің өзіндік ерекшеліктері мен шектеулері мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігі мен кәсіби дайындығына қойылатын талаптарды күшейтеді. Сол талаптардың бірі өзіндік әдістемелік ұстанымды қалыптастырудың маңызы болап табылады. Заманауи білім беру мазмұны білім

беру процесінде оқушының жеке мүмкіндіктерін ескеруді, сабақтың мазмұны мен әдістерін оқу ортасының нақты жағдайларына бейімдеуді талап етеді. Шағын жинақты мектеп жағдайында бұл ұстаным ерекше маңызды, себебі мұғалім көбінесе әртүрлі жастағы және білім деңгейі әртүрлі оқушылармен бір уақытта жұмыс істеуге мәжбүр. Бұл жағдайлар мұғалімнен дербес шешім қабылдай алатын, оқу мазмұны мен әдістерін оңтайлы таңдай білетін кәсіби ұстанымды талап етеді.

Инновациялық әдістерді меңгеру және оларды шағын жинақты мектептің нақты жағдайына бейімдеу бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Инновациялық әдістер біріктірілген сыныптарда оқыту тиімділігін арттыруға, оқушылардың білімге деген қызығушылығын оятуға және олардың дербес дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Ж. Жұмабаева, К. Жақсылықова, А. Өмірзақова, Э. Әйтеннова, М. Жайлауовалардың «Инновациялық тәсілдердің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім сапасына әсері: тәжірибені зерттеу» атты еңбегінде инновациялық әдістерді сәтті енгізу көбінесе технологияларды тиімді интеграциялауға байланысты екендігі айтылады. Авторлар мектептер қажетті инфрақұрылымды, соның ішінде компьютерлерге, интернетке және интерактивті құралдарға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, мұғалімдерді осы ресурстарды тиімді пайдалануға үйретуі керек деген ұсыныс білдіреді. [125].

Әдістемелік зерттеулерге қатысу арқылы мұғалімдер жаңа білім беру технологияларын меңгеріп, оларды шағын жинақты мектептің жағдайына бейімдеуді үйренеді. Бұл зерттеулер мұғалімдердің білім беру мазмұнының мақсаттары мен міндеттерін терең түсінуіне және оларды практикада тиімді іске асыруына ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеу қызметі мұғалімнің кәсіби дамуының маңызды факторы болып табылады.

Шағын жинақты мектептерде мұғалімнің сабақтарды жоспарлау және өткізу дағдыларының ерекше сипаты біріктірілген сыныптарда сабақ беру мұғалімнен бірнеше жастағы балалардың танымдық ерекшеліктерін ескеруді, әр оқушының жеке даму траекториясын анықтауды және оқу процесін тиімді ұйымдастыруды талап етеді. Мұғалімдерді осыған бейімдеу педагогикалық жоғары оқу орындарындағы дайындық процесінің маңызды міндеті болып табылады.

Шағын жинақты мектептерде мұғалімдердің оқыту құралдары мен әдістерін таңдай білуі және оларды нақты оқу жағдайына бейімделуі ерекше өзектілікке ие. Егер мұғалім оқу құралдарын өзгермелі жағдайларға икемді түрде қолдана білсе, бұл оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан, бұл мәселелерді шешу үшін бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау процесінде оқу-әдістемелік жұмыстарды замануи білім беру мазмұнына сәйкес ұйымдастыру қажет. Мұндай дайындық мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың шағын жинақты мектептерде тиімді педагогикалық іс-әрекет жүргізуіне мүмкіндік береді.

Қазақстанда білім сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – білім алушылардың заманауи білім беру технологиялары мен әртүрлі ресурстарға кең қолжетімділігін қамтамасыз ету, жаһандану жағдайында олардың білімге деген сұранысын толық өтеу, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың зияткерлік, рухани және дене дамуына қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, шағын жинақты мектептердегі (ШЖМ) оқу - әдістемелік жұмысқа бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселесі ерекше маңызға ие. Бұл бағыттағы кәсіби дайындық мұғалімдердің шағын сынып жағдайына бейімделуін, оқу процесін тиімді ұйымдастыруын және оқушылардың негізгі тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді. Дегенмен де, бастауыш мектептегі оқу процесі оқушының сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым түрлерін жүйелі дамытуға бағытталды.

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі спираль тәсіл оқу мазмұнының біртіндеп күрделене түсуіне негізделеді, яғни білім алушы қарапайым деңгейден бастап, күрделі деңгейге дейін бірізді түрде дамиды. Мұндай модель оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктерін ескеріп, білімді біртіндеп тереңдетуге мүмкіндік береді.

Шағын жинақты мектеп жағдайында бұл тәсілді іске асыру мұғалімнен ерекше кәсіби шеберлік пен әдістемелік икемділікті талап етеді. Сыныптарда оқушылар саны аз болғанымен, жас ерекшеліктері әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан мұғалім оқу процесін әр оқушының жеке даму деңгейі мен оқу қажеттіліктеріне қарай бейімдей отырып, тиімді әдістемелерді, сараланған тапсырмаларды және оқыту технологияларын қолдануға міндетті.

Ж.Нұрбаев ауылдық жерлерде мемлекеттік ресурстардың жетіспеушілігі жиі байқалады, себебі халық саны аз болғандықтан мемлекеттік қызметтерге бөлінетін қаржы да төмен болатындығына назар аударады. Сонымен қатар, ауылды жерлерде білікті мұғалімдер мен басқа да мамандарды тарту қиын. Көбінесе ең кіші мектептер тиімді деп саналмайды, сондықтан олар алдымен жабылады. Бұған қоса, білім мазмұнын жаңарту кезінде (1-11 сыныптар) толық қамту жағдайында ауыл мұғалімдерінің жағдайы одан әрі қиындайды.

Ауылдық мектептердегі педагогтардың жұмыс ауқымы әдетте қалалық әріптестерінікінен әлдейқайда кең. Мұның бірнеше нақты себептері бар. Мысалы, оқушылар санының аздығы, мұғалімнің бір уақытта бірнеше пәндерді оқытуды жүзеге асыруы. Осындай шарттар жұмыс көлемін айтарлықтай арттырады, себебі мұғалімге сабақ жоспарларын әртүрлі деңгейде әзірлеу, бағалау үшін тапсырмалар құрастыру, сонымен қатар БЖБ (бақылау жұмысы) мен ТЖБ (тоқсандық бақылау жұмысы) сияқты әдістемелік материалдарды ұйымдастыру мен тексеру жүктеледі [126].

А.Ж.Мурзалинова, С.Д.Муканова, Л.С.Альмагамбетова, Н.Т.Уалиевалар [127] Қазақстанның Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Түркістан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Алматы, Қостанай, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар,

Ақмола, Шығыс Қазақстан және Атырау облыстарында жүргізгіне диагностикалық зерттеулері арқылы келесі қиындықтарды анықтаған:

- респонденттердің 64, 92%-ы оқу мақсаттарына жету үшін Блум таксономиясын қолданудың ерекшеліктерін қосымша зерттеу қажеттігін атап өткен;

-55%-ы сабақ мақсаттарына жету үшін педагогикалық стратегияларды таңдау мәселесінде қиындықтар туындайтынын айтқан;

-41, 36%-ы оқушылардың дербес дамуына арналған тапсырмаларды әзірлеуде қиындықтарға кездесетінін білдірген;

-38, 22%-ы оқушылардың дербес зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды қиын деп санаған. Сонымен қатар, 23,56%-ы оқушыларды оқу материалын игеруге ынталандыру әдістерін таңдау мәселесінде қиындықтар туындағанын, ал 22, 51%-ы кластарды біріктіру жағдайында оқыту әдістері мен құралдарын таңдауда қиындықтарға ұшырайтынын айтқан.

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау кезінде мұғалімдерге оқыту әдістемесін тиімді қолдануға, әр оқушының зерттеу дағдыларын дамытуға, бақылау мен тәжірибе арқылы білімін нығайтуға үйрету маңызды. Мұғалімдер оқушыларға алған білімдерін өмірде қолдана алу дағдыларын меңгеру үшін тиісті әдістемелер мен бағалау тәсілдерін таңдауға тиіс.

Бастауыш сыныптағы білім беру бағдарламасының негізі оқушылар үшін дәйекті әрі тиімді жұмыс жасауға бағытталған, бұл орайда мұғалімдер білім беру бағдарламасын, оқыту әдістемесін және бағалау тәсілдерін біріктіріп, оқушылардың дағдыларын тиімді дамыта алуы қажет. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау осы компоненттердің барлығын қамтитын кешенді жүйе бойынша жүргізілуі тиіс [128].

Шағын жинақты мектептерде білім беру жүйесін жүзеге асыру әдістемесі дәстүрлі мектептерден өзгеше ерекшеліктерге ие, себебі шағын жинақты мектептерде сыныптарда оқушылар саны аз, бірақ жас ерекшеліктері мен білім деңгейлері әртүрлі болуы мүмкін. Бұл жағдай оқу процесін ұйымдастыруда ерекше әдістемелік тәсілдерді қолдануды талап етеді. Жаңа мазмұнды білім беру жүйесінің мақсаттарын шағын жинақты мектеп жағдайында жүзеге асыруда мынадай тәсілдер маңызды болады:

- Шағын жинақты мектептерде оқу процесі жеке оқушыларға назар аударып, олардың даму қарқынына бейімделу мүмкіндігін береді. Мұғалімдер оқушылардың әрқайсысына жеке-жеке назар аудара отырып, оларды жаңа өзгерістер мен өмір жағдайларына дайын болуға үйретеді. Бұл жерде дифференциацияланған оқыту әдісі, яғни әрбір оқушының деңгейіне сәйкес тапсырмалар беру маңызды болып табылады. Сондай-ақ, оқушыларға өз ойын еркін жеткізу мүмкіндігін беру, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту арқылы оларды өмірлік дағдыларға баулу қажет етеді.

Шағын жинақты мектептерде әр оқушының пікірін тыңдау және оны дұрыс бағалау мүмкіндігі жоғары. Мұғалімдер оқушылардың өз ойларын ашық айтуына қолдау көрсетіп, сұрақ-жауап әдісін, топтық пікірталастарды, рөлдік

ойындарды жиі қолдана отырып, оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыта алады. Оқушылардың жеке қабілеттерін ескеріп, әртүрлі жастағы балалар бір-бірінен үйреніп, өз ойларын еркін жеткізуге үйретіледі.

Шағын жинақты мектептердің бір ерекшелігі — оқушылардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болуы. Мұғалімдер оқушыларды бірігіп жұмыс жасауға, қоғам талабына жауап бере білуге үйретеді. Әртүрлі жастағы оқушылар арасында бір-біріне көмек көрсету мен топтық жұмыстар ұйымдастыру арқылы оларды қоғамда өз орнын табуға дайындайды. Сонымен қатар, оларды адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу де маңызды. Шағын жинақты мектептерде мұғалімдер әртүрлі жастағы оқушыларға сабақ береді, сондықтан мұғалімнің жоғары кәсіби біліктілігі, пәндік білімнің тереңдігі және оқушылардың қызығушылығын оятуға бағытталған әдіс-тәсілдер маңызды болады. Мұғалімдер білім беру бағдарламасын бейімдеп, әр оқушының жеке қабілеттеріне қарай бағыттап, жоғары білімді тұлға қалыптастыру үшін өз білімдерін жаңартып, әртүрлі оқу әдістерін қолданады [129].

Шағын жинақты мектептерде оқушылар саны аз болғандықтан, мұғалімдер әр оқушының жеке қабілетін толыққанды байқап, оларға бәсекеге қабілетті болу үшін жеке білім беру траекториясын ұсына алады. Жеке және топтық жобалар, жарыстар мен пікірсайыстар арқылы оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға мүмкіндік беріледі.

Шағын жинақты мектептерде осы әдістемелерді жүзеге асыру үшін мұғалімдерге шығармашылықпен жұмыс жасау, әр оқушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту тәсілдерін таңдауды талап етеді. Сонымен қатар, шағын жинақты мектептің артықшылықтары - әр оқушыға жеке назар аудару мүмкіндігі мен оқу процесін жеке ерекшеліктерге сәйкес реттеу мүмкіндігі - оқушылардың тұлғалық дамуына айтарлықтай әсер етеді [130].

Мұғалімнің шығармашылық ұстанымы мен дербестігі оның оқу бағдарламасына белсенді қатысуымен анықталады. Бұл бағытта болашақ мұғалімдер өз іс-әрекеттерін еркін жоспарлап, өз шешімдерін қабылдауға үйренеді. ШЖМ мұғалімінің жұмысында көп жағдайда көпқырлы және шығармашылық тәсілдер қажет болады, себебі шағын мектептерде сыныптарда оқушылар саны аз, бірақ олардың жасы мен білім деңгейі әртүрлі. Мұғалім әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыруы керек. Осы орайда дербестік пен субъективтілік деңгейі университеттің оқу бағдарламасына белсенді қатысуымен айқындалады, яғни мұғалімдер оқу барысында өз идеологиясын, көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл принципті жүзеге асыру үшін университеттердің оқу бағдарламалары болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Мұғалімдерге өздерінің жеке оқыту стилін қалыптастыруға мүмкіндік берілуі қажет, бұл арқылы олар өз идеялары мен тәсілдерін мектеп жағдайында қолдана алады. Бастаманың болашақ мұғалімдерге қалай және қашан берілуі

керектігін алдын ала анықтау маңызды, себебі дербестік мұғалімнің жеке дамуына әсер етеді, сондай-ақ оның кәсіби өсуін қамтамасыз етеді.

Рефлексивтілік принципі - студенттердің оқу барысында өздерінің ойлау қабілетін дамытып, өзін-өзі түсіну және өзгерістерін байқау мүмкіндігіне ие болуы. Бұл принцип білім беру бағдарламасында студенттерді өз іс-әрекеттерін бағалауға, нәтижелерін талдауға және өзгерістерді түсінуге үйретеді. Болашақ мұғалімдер өз кәсіби дағдылары мен білімдерін бақылап, өз жұмысында не дұрыс, не қате екенін түсіну арқылы өз дамуын бағыттайды.

ШЖМ жағдайында бұл принциптің маңызы арта түседі, өйткені мұғалімдер әртүрлі деңгейдегі оқушылармен жұмыс істейді және олардың әрқайсысына әртүрлі әдіс-тәсілдермен білім беру қажет болады. Мұғалімдердің рефлексивті ойлау қабілеті олардың кәсіби дамуының негізі болып табылады. Олар өз іс-әрекеттерін талдай отырып, жаңа тәсілдерді іздестіріп, инновациялық әдістерді енгізуге дайын болады.

Рефлексивтілік принципі студенттердің өз идеяларын дамытып, басқа көзқарастармен салыстыра білуін талап етеді. Бұл мүмкіндіктер оларды сындарлы ойлауға, тәжірибеге негізделген шешімдер қабылдауға үйретеді. Студенттер өз жұмысына рефлексия жасап, өткен тәжірибелерін ескере отырып, болашақта қандай әрекеттердің тиімді болатынын болжай алады. Бұл әдіс мұғалімдерге жеке және кәсіби даму барысында өз өзгерістерін қадағалауға мүмкіндік береді, яғни олар өзіне және айналадағы жағдайларға сыни тұрғыдан қарайды.

Білім беру қажеттіліктерін дамыту принципі - болашақ мұғалімдерге оқушылардың түрлі білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту процесін ұйымдастыруды талап етеді. ШЖМ жағдайында оқушылар саны аз болғанымен, олардың білім деңгейлері мен дамуы әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан мұғалімдерге оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру қажет. Бұл принцип бойынша мұғалімдер оқушылардың жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын және даму деңгейлерін ескеріп, әр оқушыға бейімделген тапсырмалар ұсынуы тиіс.

Мұғалімдер әр түрлі оқушылармен жұмыс істей отырып, олардың оқудағы қажеттіліктерін түсініп, соларға сәйкес оқыту әдістерін таңдайды. Бұл жағдайда болашақ мұғалімдер оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне жауап беру үшін тиімді әдіс-тәсілдер мен стратегияларды қолдануға үйренеді. ШЖМ-да оқушылардың әртүрлі даму деңгейлері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оқытуды әртүрлі деңгейде ұйымдастыру қажет. Мұғалімдер оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сай жеке оқу траекторияларын құруға үйретіледі.

Оқу нәтижелерін жаңарту принципі - білім беру процесінің нәтижелерін үнемі жаңартып отыруды білдіреді. Бұл принцип болашақ мұғалімдерге оқу нәтижелерін дұрыс бағалауға, оқу процесінде жеткен жетістіктерді талдап, келешекте қандай өзгерістер енгізу қажеттігін түсінуге мүмкіндік береді. ШЖМ жағдайында мұғалімдерге оқушылардың оқу нәтижелерін бақылап,

олардың дамуын тұрақты түрде талдауға мүмкіндік беріледі. Оқу нәтижелерін жаңарту принципі мұғалімдерге өздерінің оқыту әдістерін бағалауға, оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқыту процесін жетілдіруге, жаңа әдістемелерді енгізуге ықпал етеді.

Білім беру қажеттіліктерін дамыту принципі - болашақ педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететін маңызды әдіснамалық негіздердің бірі болып табылады. Бұл принципті шағын жинақты мектептерде оқу-әдістемелік жұмысқа дайындықта қолдану студенттің жеке және кәсіби қажеттіліктеріне бағдарлануды талап етеді.

Бұл принцип болашақ мұғалімнің іс-әрекетіне, кәсіби өсуіне және оның жеке қажеттіліктеріне бейімделуін талап етеді. Шағын жинақты мектептерде оқушылар саны аз болғандықтан, әр оқушының қажеттіліктері, мүдделері мен даму деңгейлері әртүрлі болады. Бұл жағдай мұғалімдерге оқушылардың қажеттіліктерін терең түсіну, соған сәйкес жеке және топтық оқыту әдістерін жетілдіру мүмкіндігін береді.

Қажеттіліктер мен талаптарға бейімделу. Бұл принцип болашақ мұғалімдердің жұмысына ерекше назар аударуды қажет етеді. Олар оқу процесі барысында студенттердің жасырын немесе вербалды емес сұраныстарын да ескеруі керек. Бұл тұрғыда «ашықтық» және «жанашылдық» идеялары жүзеге асады. Ашықтық - бұл мұғалімнің оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, көзқарастар мен пікірлеріне ашық әрі түсіністікпен қарауы, ал жанашылдық — бұл білім беру процесінде жаңа идеяларды қолдану, тәжірибе алмасу және инновациялық тәсілдерді қолдану дегенді білдіреді. ШЖМ-те әртүрлі педагогикалық принциптердің қолданылу ерекшеліктері. Болашақ мұғалімдердің міндеттері мен әрекеттері 5 - кестеде ұсынылды.

Кесте 5 - ШЖМ-те әртүрлі педагогикалық принциптердің қолданылу ерекшеліктері, болашақ мұғалімдердің міндеттері мен әрекеттері

Принциптер	Сипаттамасы	ШЖМ ерекшеліктері	Мұғалімнің міндеттері мен әрекеттері
1	2	3	4
Автономия принципі	Болашақ мұғалімдерге	Мұғалімдер барлық	Өз іс-әрекеттерін еркін
	дербестік пен жауапкершілік беру, оқу процесінде өз бастамаларын жүзеге асыруға ынталандыру.	кезеңдерде (мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, үйлестіру) дербес шешім қабылдауға міндетті.	жоспарлап, шешімдер қабылдауға, оқушылардың жас және білім деңгейін ескеріп, дербес жұмыс ұйымдастыруға бейімделуі тиіс.

## 5-кестенің жалғасы

Рефлексивтілік принципі	Ойлау қабілетін дамыту, өзін-өзі түсіну және өзгерістерін байқау арқылы кәсіби дамуды қамтамасыз ету.	Мұғалімдер әртүрлі деңгейдегі оқушылармен жұмыс істеп, әрқайсысына жеке әдіс-тәсілдер қолданады.	Өз әрекеттерін бағалап, жетілдіру үшін талдау жасау, тәжірибеге негізделген шешімдер қабылдау және инновациялық әдістерді енгізу.
Білім беру қажеттіліктерін дамыту	Болашақ мұғалімдердің оқушылардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне бейімделіп, оқыту процесін ұйымдастыруы.	Оқушылар саны аз болғанымен, олардың білім деңгейлері мен қызығушылықтары әртүрлі болуы мүмкін. Мұғалімдер әр оқушыға жеке оқу траекториясын құруы қажет.	Әр оқушының қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес тапсырмалар дайындау, жеке және топтық қажеттіліктерді ескере отырып оқыту әдістерін оңтайландыру.
Оқу нәтижелерін жаңарту принципі	Білім беру нәтижелерін үнемі талдап, жетістіктерді бағалап, өзгерістер енгізуге бағытталу.	Оқушылардың оқу нәтижелерін бақылау және талдау арқылы олардың дамуын қадағалау.	Оқу нәтижелерін бағалау, тиімді оқыту әдістерін жетілдіру, жаңа әдістемелер енгізу және білім беру сапасын арттыру.
Қажеттіліктер мен талаптарға бейімделу	Студенттердің жеке қажеттіліктері мен жасырын сұраныстарын ескеріп, ашықтық пен жаңашылдық идеяларын іске асыру.	Шағын мектеп жағдайында әр оқушының мүдделері мен даму деңгейін терең түсініп, сәйкесінше жеке және топтық оқыту тәсілдерін жетілдіру.	Ашықтықпен оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделу, жаңашылдық арқылы инновациялық идеяларды енгізу, оқу процесінде оқушылардың сұраныстарына сәйкес келетін әдістерді қолдану.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өсуі мен тұлғалық дамуы оқу-әдістемелік жұмыс бағдарламаларының мазмұнына тікелей байланысты. Сондықтан мұндай бағдарламаларда білім алушылардың әртүрлі білім беру қажеттіліктеріне жауап беретін мақсатты стратегиялар мен тиімді әдістемелер қамтылуы тиіс. Бұл олардың кәсіби дамуының жаңа мүмкіндіктерін ашып, болашақ педагогтердің білім беру кеңістігін кеңейтуіне жағдай жасайды. Оқу бағдарламаларында мұғалімдерге өз іс-әрекеттерін үздіксіз жетілдіріп отыруды, сондай-ақ оқу нәтижелерін бағалау, әр түрлі оқыту әдістерін сынап көру қажеттілігі туралы ойлануға мүмкіндік беру маңызды.

Шағын жинақты мектепте мұғалімдер оқу процесін ұйымдастырған кезде әр оқушының жеке қажеттіліктерін ескеріп, оларға сәйкес әдістер мен стратегияларды қолдануы керек. Бұл орайда бірнеше маңызды аспектілерді атап өтуге болады:

1. Жеке және топтық қажеттіліктерді ескеру. ШЖМ-дағы оқушылар саны аз болғандықтан, әр оқушының жеке қажеттіліктерін ескеріп, олардың даму деңгейлеріне сәйкес оқыту керек. Мұғалімдер әр оқушының жеке оқу траекториясын құрып, топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Мысалы, мұғалім әр оқушының қызығушылығы мен мүддесін зерттеп, тапсырмаларды соған сәйкес бейімдеп, оқыту әдістерін икемді түрде өзгерте алады.

2. Креативті және жаңашыл оқыту әдістерін қолдану. ШЖМ жағдайында болашақ мұғалімдер оқыту әдістерін жаңашылдыққа бағыттай отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етуі керек. Мұғалімдер өз сабақтарында жаңа әдістемелерді сынақтан өткізіп, сол арқылы оқушылардың қажеттіліктеріне сай білім беру жолдарын іздейді. Бұл мұғалімдерге білім беру процесін жаңашаландыруға, түрлі әдістерді енгізуге мүмкіндік береді.

3. Үздіксіз рефлексивті және кәсіби даму. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өсуі үшін рефлексивті ойлау қабілеттерін дамыту қажет. Олар өз жұмысына үнемі талдау жасап, қай әдіс тиімді, қайсысы жақсартуды талап ететінін анықтап отыруы тиіс. ШЖМ жағдайында болашақ мұғалімдердің рефлексивті ойлау қабілеті олардың оқыту тәсілдерін дамытуға, оқушылардың қажеттіліктеріне жауап беру үшін білім беру стратегияларын үнемі жетілдіруге мүмкіндік береді.

4. Жеке тұлғаға бағдарланған тәсіл. Болашақ мұғалімдер оқу барысында оқушылардың жеке тұлғасын, олардың ерекше қасиеттері мен қабілеттерін ескеріп, оқыту процесін ұйымдастыруы керек. Бұл жағдайда мұғалімдер оқушылардың оқу қажеттіліктерін терең түсініп, оларға барынша жеке және тиімді білім беру жолдарын ұсынады [131].

Білім беру қажеттіліктерін дамыту принципі болашақ мұғалімдерді оқу-әдістемелік жұмысқа дайындауда маңызды рөл атқарады. Бұл принцип арқылы болашақ педагогтар өз жұмысының мәнін терең түсініп, оқу процесінде студенттердің және оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып жұмыс істей алады. Шағын жинақты мектептер жағдайында болашақ мұғалімдердің жаңа білім беру «көкжиектерін» ашуы және оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңашылдыққа бейімделуі маңызды. Оқу-әдістемелік жұмыстарға осы принципті енгізу арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуында маңызды қадамдар жасалатыны сөзсіз.

Оқу-әдістемелік жұмысқа дайындық болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің белгілі бір кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталуы керек. Кәсіби құзыреттілік - бұл тиісті білім мен тәжірибе саласындағы мәселелерді тиімді шешуге, сондай-ақ кәсіби мәселелерді шешуге қажетті білім мен жеке

қасиеттердің жиынтығы. Қазіргі зерттеулерде мұғалімнің кәсіби қабілеттерінің құрамы келесідей анықталады:

1. Теориялық (гносеологиялық)-психологиялық-педагогикалық ғылым мен менеджмент саласындағы соңғы ғылыми жетістіктерді алу;

2. Практикалық (іс-әрекет) - педагогикалық қалыптастыру және іс-әрекет әдістерін меңгеру: талдау, болжау, рефлексия, коммуникация, бақылау, диагностика және қолдану;

3. Жеке (құндылық-мотивациялық) қасиеттерді дамыту (жауапкершілік, дербестік, көшбасшылық, белсенділік, бастамашылық және т. б.)

Бүгінгі білім сапасына қойылатын талаптар дәстүрлі білімге, білік пен дағдыларға қарағанда жоғары. Бұл жерде құзыреттіліктер білім мен дағдылардан тұруы, яғни функционалдық сауаттылық пен құзыреттіліктің негізін құрауы маңызды. Жаңа білім беру нәтижелеріне қол жеткізу білім беру жүйесінің барлық деңгейлерін үнемі жаңартумен, білім беру мазмұнын жетілдірумен тікелей байланысты. Соған сай ЖОО-да білім беру үрдісінде білім ресурстарының қайта қаралуы қажет деп есептейміз, олар - оқыту мақсаттары, оқыту нәтижелері бағдарламасының стандарттары мен ерекшеліктері; мұғалімдер рөлінің өзгеруіне байланысты әдістер мен дағдылардағы өзгерістер; білім беруді басқарудағы өзгерістер. Біз мектептің қазіргі кезеңдегі білімі теориялық тұрғыдан жеткілікті, бірақ студенттердің өз білімдерін өмірде қолдануы үшін жеткіліксіз деп айтамыз. Бұл қайшылықты жою үшін болашақ мұғалімнің білім беру жүйесі түбегейлі өзгеріп, әлемдік тәжірибеге негізделген жаңа бағдарламалар мен қайта даярлау әдістерін ұсынады.

Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысында болашақ мұғалімдер оқу процесінің мәнін терең түсініп, қоғамның қазіргі талаптарына сай интеллектуалды күйді қалыптастыру үшін жаңа тәсілдермен жұмыс істеуі керек. Яғни, оқушыларды тек академиялық біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды сын тұрғысынан ойлауға, шығармашылыққа және өз ойын еркін жеткізуге үйретеді. Бұл мақсатты іске асыру үшін мұғалімдер дифференциацияланған оқыту әдістерін қолдана отырып, әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге тиіс.

ШЖМ жағдайында мұғалімдер әртүрлі жастағы және білім деңгейі әртүрлі оқушылармен жұмыс істейді. Бұл мектептерде білім беру процесі жеке көзқарас пен білім беру әдісін талап етеді. Мұғалімнің функциялары тек білім беру ғана емес, оқушының жеке дамуына бағытталған кең ауқымды қызметтерді қамтиды. Мұғалімдер оқушылардың жеке қабілеттерін бағалап, соларға сай әдістер қолдана отырып, оқытудың маңыздылығын көрсетеді. Қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес интеллектуалды даму үшін оқушыларды өмірде кездесетін нақты жағдайларға бейімдеу, олардың шығармашылық қабілеттерін ашу қажет.

Университеттік білім берудің мазмұны болашақ мұғалімдерге оқытудың тәсілдерін жаңарту қажеттігін көрсетеді. Болашақ мұғалімдер өзгеріс

енгізу процесінде «не өзгерту керек, неге өзгерту керек және оны қалай жүзеге асыруға болады?» деген сұрақтарға жауап бере алу керек. Шағын жинақты мектептердің ерекшелігін ескерсек, мұғалімдер осы сұрақтарға жауап табуда ерекше икемді болуға тиіс.

Шағын жинақты мектептердегі оқытуды жаңарту мәселесінде мұғалімдер сыныптағы оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру процесін жаңа әдістемелік тәсілдермен ұйымдастыруы керек. Бұл жерде мұғалімдер оқытуға қолданылатын әдістерді жетілдіру, оқу материалын дұрыс таңдау, әрбір оқушының деңгейіне сай тапсырмалар беру арқылы оқыту сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізуі тиіс.

Қазіргі қоғамның талаптарына сай білім беру жүйесінің өзгеруіне байланысты мұғалімдер өз жұмыстарында білім беру әдіс-тәсілдерін жаңарту мен инновациялық технологияларды қолдану үшін үнемі өз біліктіліктерін арттыруы керек. ШЖМ жағдайында болашақ мұғалімдер көпфункционалды құзыреттерді меңгеруі керек. Бұл дегеніміз - олар бір уақытта бірнеше қызметті атқара алатын маман болуы керек: оқытушы, тәрбиеші, психолог, кеңесші және ұйымдастырушы. Мұғалімдер оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларға түрлі дағдыларды дамыту үшін заманауи әдістемелік тәсілдерді қолдануы қажет. ШЖМ-де мұғалімдер «бір мұғалім — бірнеше қызмет» деген принциппен жұмыс істейтіндіктен, олардың кәсіби дайындығы өте жоғары болуы керек [132].

Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына болашақ мұғалімдерді даярлау университеттің білім беру бағдарламасында жоғарыда аталған принциптерге негізделген жұмысты талап етеді. Оқытушылар болашақ мұғалімдерге оқу процесінің мәнін түсінуге, білім беру сапасын арттыруға бағытталған заманауи тәсілдер мен инновациялық әдістерді енгізуі тиіс. Сонымен қатар, бұл жұмыстар мұғалімнің кәсіби өсуі мен мансаптық дамуына, жаңа білім беру қажеттіліктеріне жауап бере алатын құзыреттерді қалыптастыруға көмектеседі. Шағын жинақты мектеп жағдайында мұғалімдерге білім берудің жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқу процесін жаңартуға бағытталған кәсіби дайындық аса маңызды.

Шағын жинақты мектеп жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесін түсінуде жоғарыда айтылған принциптер мен талаптарды нақты осы контексте қарастыру маңызды. ШЖМ - бұл оқушылар саны аз, бірақ әртүрлі жастағы және білім деңгейі әртүрлі балаларды бір сыныпта оқытуға тура келетін мектептер. Мұндай жағдайда мұғалімдерге қойылатын талаптар әдеттегі мектептерден ерекшеленеді. ШЖМ мұғалімдеріне білім берудің мазмұны мен әдістемелік жұмыстың тиімді ұйымдастырылуы қажет.

ШЖМ-де білім беру процессінде оқушылар өздігінен ойлап, мәселелерді шешуге үйренуі үшін креативті, сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді қолдану қажет. ШЖМ жағдайында оқушылардың білім деңгейі әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан мұғалімдер оларға түсінікті әрі қолжетімді түрде оқыту үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер мен материалдарды қолданады.

ШЖМ-де мұғалімдер әр оқушының ойлау және мінез-құлық дағдыларын дамытуға баса назар аударуы керек. Әрбір оқушының ерекшелігін ескере отырып, оларды сыни тұрғыдан ойлауға, топпен жұмыс істеуге және жеке пікір білдіруге үйрету қажет. Оқушылардың коммуникациялық дағдыларын дамыту үшін топтық жұмыстар мен пікірталастарды енгізу маңызды.

ШЖМ-де мінез-құлық дағдыларына ерекше мән беріледі. Себебі, оқушылардың саны аз болғанымен, олардың әрқайсысының жеке мінез-құлқы мен қажеттіліктері әртүрлі. Бұл мұғалімнен жеке көзқараспен жұмыс істей алу қабілетін талап етеді.

ШЖМ жағдайында интербелсенді әдіс-тәсілдер өте тиімді, өйткені оқушылардың саны аз болғандықтан, мұғалім әр оқушымен тікелей жұмыс істей алады. Мұғалімдер топтық жұмыстар, пікірталастар, оқыту ойындары және сұрақ-жауап әдістері арқылы оқушыларды белсенді қатысуға тарта алады. Бұл әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың білім алу процесіне белсене қатысуын қамтамасыз етеді.

Интербелсенді әдістер, әсіресе ШЖМ жағдайында, әртүрлі деңгейдегі оқушыларға бірдей тапсырмалар мен тақырыптарды ұсыну мүмкіндігі беретін құрал болып табылады. Мұғалімдер осы әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, оқушылардың қызығушылығын оятып, сабақтың нәтижелілігін арттыра алады. Оқушылардың жеке ерекшеліктеріне назар аудара отырып, интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы мұғалімдер білім сапасын арттырып, ШЖМ-нің оқу процесін тиімді ұйымдастыра алады.

Бұл жағдайда мұғалімдерге маңызды талаптар қойылады:

1. Оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес әдістемелік қолдау көрсету
2. Ойлау мен мінез-құлық дағдыларын дамыту .
3. Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру.

Бүгінгі күнге дейін шағын жинақты мектептердің өзекті практикалық мәселелерін шешуге және білім беру жүйесінің жаңа талаптарына жауап беруге бағытталған заманауи әдістемелік-теориялық негіз толық қалыптасқан жоқ. Әсіресе, бастауыш білім беру саласында оқу бағдарламасына негізделген сапалы оқу үдерісін жүзеге асыру үшін қажетті ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу айтарлықтай жетіспейді. Осыған байланысты, қарастырылып отырған тақырып бойынша әдебиеттерді талдау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби қызметке даярлау үдерісін шағын жинақты мектептің ерекшеліктеріне бағытталған педагогикалық қажеттіліктер негізінде қайта құрудың қажеттілігі анық көрінді [132, 354 б.].

Жаңа педагогикалық және цифрлық технологияларды игеру мұғалімнің тек кәсіби білімі мен шеберлігін жетілдірумен шектелмейді, сонымен бірге оның интеллектуалдық, кәсіби-адамгершілік, рухани және азаматтық қасиеттерінің дамуына оң ықпал етеді.

Мұғалім жаңа технологияларды меңгеру арқылы өздігінен білімін жетілдіруге, кәсіби құзыреттілігін арттыруға және шығармашылық тұрғыдан дамуға мүмкіндік алады. Нәтижесінде мұғалім заманауи білім беру талаптарына бейімделген, инновациялық ойлайтын, оқушыларға сапалы әрі қызықты білім беру процесін ұйымдастыра алатын білікті маманға айналады.

### **1.3 Бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары**

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында бастауыш білім берудің мақсаты «бірнеше кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау» деп көрсетілген [133].

Бүгінгі таңда бастауыш білім мазмұнына қойылатын талаптар болашақ мұғалімдерді шағын жинақты мектеп (ШЖМ) жағдайында жұмыс істеуге даярлау мәселесімен тығыз байланысты. Сондықтан болашақ мұғалімдерге қойылатын талаптар бастауыш білімнің мазмұнымен үйлесуі тиіс.

Бастауыш білім мазмұны қоғамның заманауи талаптарын, ғылым мен техниканың жетістіктерін, сыни және шығармашылық ойлауды дамыту қағидаттарын қамтиды. Бұл болашақ мұғалімдерге білім беруде жаңа әдістерді қолдану міндетін жүктейді. Сонымен қатар, ШЖМ жағдайында пәнаралық байланыс пен үздіксіздік, білім мазмұнының академиялық және практикалық бағыттылығы арасындағы тепе-теңдік, оқыту мен тәрбиенің біртұтастығы маңызды рөл атқарады. Себебі, ШЖМ мұғалімі көбінесе бірнеше пәннен сабақ беріп қана қоймай, оқушылардың әлеуметтенуі мен ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне де ықпал етеді.

Бастауыш білім берудің мақсаты - оқушылардың пәндік, метапәндік және түйінді құзіреттіліктерін қалыптастыру. Бұл, әсіресе, ШЖМ жағдайында ерекше өзекті, себебі мұғалім әртүрлі жастағы балалардың функционалдық сауаттылығы мен зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыс жүргізуі тиіс. Бастауыш білімнің міндеттері де мұғалімнің даярлығына қойылатын талаптарды нақтылайды. Сауатты сөйлеу, оқу, жазу және есептеу дағдыларын қалыптастыру, функционалдық сауаттылықты дамыту, құндылық бағдарлары, дүниетанымды және ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтендіру және шығармашылық қабілеттерді дамыту - мұғалімнің оқу әдістемелік жұмысының негізгі бағыттары болуы керек.

ШЖМ жағдайында тиімді жұмыс істеу үшін болашақ мұғалімдер кіріктірілген оқыту әдістерін меңгеруі қажет, өйткені бір сабақта бірнеше пән элементтері біріктірілуі мүмкін. Сонымен қатар, дифференциацияланған оқыту әдістерін қолдану маңызды, себебі оқушылардың дайындық деңгейі әртүрлі болады. Интерактивті әдістерді, топтық және зерттеу жұмыстарының элементтерін сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологияларын тиімді пайдалану - болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында негізгі назар аударылатын

маңызды аспектілердің бірі. Бұл тәсілдер оқытудың беленділігін арттырып қана қоймай, мұғалімнің сабақ жүргізу процесін жаңаша ұйымдастыруына және оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Бастауыш білім мазмұнына қойылатын қазіргі талаптар болашақ мұғалімдерді шағын жинақты мектептің ерекшелігіне бейімдеп даярлаумен тығыз байланысты. Оқу-әдістемелік даярлық барысында студенттерге пәндерді оқытуда пәнаралық байланыс орнату, сараланған оқыту тәсілдерін қолдану, инклюзивті білім беру қағидаттарын іске асыру, шығармашылық қабілеттер мен зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді меңгеру маңызды болып табылады.

Мұндай кәсіби даярлық арқылы болашақ педагогтар бір сынып ішіндегі жасы әр түрлі оқушыларға тиімді дәріс беру тәсілдерін меңгере алады. Сонымен қатар, олар оқу үдерісін әр оқушының жеке қабілеті мен даму кезеңіне сай етіп құрастыра біледі, осы арқылы шағын жинақты мектеп жағдайында да сапалы білім беруді ұйымдастырады.

Мұндай шарттар оқыту технологияларын тиімдірек қолдануды, әдістемелік қолдау жүйесін жетілдіруді, тәжірибелік - бағытталған оқытуды және педагогтердің кәсіби бейімделуін қамтамасыз ететін оқу ортасын құруды қамтуы тиіс. Аталған шарттар мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін арттырумен қатар, білім беру процесін тиісді ұйымдастыруға, білім алушылардың сапалы білім алуына және олардың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталады. Сонымен қатар, мұндай дайындық мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің ашулына, өзін-өзі кәсіби тұрғыдан жетілдіруіне және педагогикалық шеберлігін үнемі дамытуына мүмкіндік береді.

Шағын жинақты мектептердегі оқу-әдістемелік қызметті тиімді ұйымдастыру мұғалімдердің алдын ала кәсіби даярлығын жүйелі түрде қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл өз кезегінде белгілі бір педагогикалық шарттарды ғылыми тұрғыдан негіздеуді және оларды мақсатты түрде іске асыруды қажет етеді. Аталған шарттар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталып, ШЖМ ерекшеліктеріне сәйкес оқу үдерісін жоспарлау, оны нәтижелі ұйымдастыру және білім алушылар үшін қолайлы білім беру ортасын құру дағдыларын дамытуға мүмкіндік беруі тиіс.

ШЖМ жағдайындағы кез келген педагогикалық үдеріс оның нәтижелі жүзеге асуын қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды айқындауды, оларды ескеруді және жүйелі түрде қалыптастыруды талап етеді. Мұндай білім беру ұйымдарына мұғалім даярлау дәстүрлі кәсіби білім берумен ғана шектелмей, педагогтердің кәсіби икемділігін, шығармашылық әлеуетін және шағын комплектілі білім беру ортасына бейімделу қабілетін дамытуға бағытталуы қажет.

Шағын жинақты мектепте жұмыс істейтін педагогтарды даярлауға қажетті педагогикалық шарттарды негіздеу мен практикаға енгізу-сапалы педагогикалық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл шарттар болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде дамытуды

көздейді. Мұндай педагогикалық шарттар мұғалімдердің әдістемелік және ұйымдастырушылық әлеуетін дамытуға, заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалануға бағытталуы тиіс. Сондықтан зерттеу логикасына сәйкес, аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін «шарт» және «педагогикалық шарттар» ұғымдарының мазмұнын ғылыми тұрғыдан айқындап алу маңызды.

Педагогикалық шарттар - оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға, білім алушылардың танымдық белсенділігін дамытуға, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік беретін мақсатты түрде ұйымдастырылған және басқарылатын педагогикалық жағдайлар жүйесі.

Бұл ұғымдарды ШЖМ жағдайына бейімдеу болашақ мұғалімдерді даярлау процесін нақтылауға және шағын сыныптағы оқу ерекшеліктерін ескеретін педагогикалық ортаны құруға жол ашады. ШЖМ үшін педагогикалық шарттар тек дәстүрлі әдістемелік дайындықпен шектелмей, пәнаралық интеграцияны, сараланған оқытуды, заманауи технологияларды және цифрлық ресурстарды пайдалануды, оқу-тәрбие процесін икемді басқару қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс.

Осылайша, шағын жинақты мектепте жұмыс істейтін болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың тиімділігі педагогикалық шарттарды ғылыми негізде анықтап, оларды оқу процесіне жүйелі түрде енгізуге тікелей байланысты [134]. «Шарт» ұғымы – жалпы ғылыми категория және ол түрлі ғылыми пәндерде, соның ішінде философияда кеңінен қолданылады. Философияда шарт – нысанның оны қоршаған құбылыстармен және жағдайлармен байланысын білдіретін категория ретінде қарастырылады. Бұл байланыстарсыз нысанның өмір сүруі немесе көрініс беруі мүмкін емес. Шарттар - белгілі бір үдерістердің, өзгерістердің немесе құбылыстардың жүзеге асуына жағдай жасайтын сыртқы әсерлер жиынтығы. Ал орта осы шарттардың түрлі құрамдастарынан құралып, белгілі бір жағдайды қалыптастырады. Сол қалыптасқан жағдай құбылыстардың пайда болуына, олардың өмір сүруіне және әрі қарай дамуына мүмкіндік береді.

Б. М. Бим-Бадтың анықтамасы бойынша, «шарт» - себептен тәуелсіз болатын, бірақ оның жүзеге асуына ықпал ететін құбылыстар жиынтығы» деп түсіндіріледі [135]. Бұл анықтама шарттың өзі тікелей себеп рөлін атқармайтынын, алайда бар әлеуетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маңызды алғышарттар жасайтынын айқын көрсетеді. Басқаша айтқанда, шарт - себеп пен оның салдары арасындағы байланыстырушы буын, олардың өзара әрекеттесуіне қажетті орта қалыптастыратын факторлар жиынтығы.

Кез келген құбылысты толыққанды түсіну үшін оның жүзеге асу мүмкіндігін қамтамасыз ететін орта мен жағдайларды анықтау қажет. Белгілі бір процестің дамуына ықпал ететін нақты шарттар жиынтығы сол құбылыстың пайда болып, қызмет етуіне және уақыт өте келе өзгеріп, дамуына қажетті жағдайды қалыптастырады. Сондықтан философияда «шарт» категориясы қандай да бір құбылыстың пайда болуына әсер ететін барлық факторларды кешенді қарастырудың маңыздылығын атап көрсетеді және олардың

құбылыстың өмір сүруі мен трансформациялануындағы шешуші рөлін бейнелейді. Педагогикалық құбылыстардың дамуы да тек белгілі педагогикалық шарттар қалыптасқанда ғана мүмкін болады. Бұл жағдайлар - оқыту процесінің тиімділігін арттыруға, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға және білім беру сапасын қамтамасыз етуге ықпал ететін сыртқы және ішкі факторлар жиынтығы.

Сонымен «шарт» ұғымы философиялық тұрғыдан себеп, салдар және қоршаған орта арасындағы өзара әрекеттестікті түсінуге мүмкіндік береді. Ал педагогикада бұл түсінік оқу-тәрбие процесінің табысты жүзеге асуына әсер ететін және білім беру сапасын қамтамасыз ететін педагогикалық шарттардың мәнін анықтауға теориялық негіз болады.

Шарт - әлемдегі өзара байланыстар мен әрекеттесулердің жүзеге асуына қажетті негіз, өйткені әрбір құбылыс көптеген қосалқы жағдайлар мен факторларға тәуелді. В. М. Полонскийдің анықтамасына сәйкес, шарт - адамның физикалық, адамгершілік және психикалық дамуына, оның мінез-құлқына, тәрбиесіне, оқуына және тұлғалық қалыптасуына әсер ететін табиғи, әлеуметтік, сыртқы және ішкі өзгермелі факторлардың жиынтығы [136]. Бұл түсінік «шарт» ұғымының күрделі әрі көпқырлы сипатын көрсетіп, адам дамуы үшін оның маңыздылығын айқындайды.

Педагогикада «шарттар» ұғымы екі түрлі факторлар жүйесі арқылы сипатталады:

- сыртқы факторлар — білім беру технологиялары, қолданылатын педагогикалық әдістер, оқу ортасының ұйымдастырылу деңгейі, материалдық-техникалық қамсыздандыру, сондай-ақ әлеуметтік және мәдени жағдайлар;

- ішкі факторлар — тұлғаның жеке және кәсіби ерекшеліктері: мотивациясы, кәсіби бағыты.

Шағын жинақты мектеп контексінде педагогикалық шарттарды нақтылау аса маңызды. Бұл мектептерде оқушылар саны аз болғанымен, жас ерекшелігі әртүрлі, сондықтан дәстүрлі сыныптық жүйе толық жұмыс істемейді. Осыған байланысты болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау процесінде төмендегідей педагогикалық шарттарды қалыптастыру өзекті:

Материалдық-техникалық қолдау. ШЖМ жағдайында заманауи оқу жабдықтары, цифрлық ресурстар және интерактивті құралдармен қамтамасыз ету оқыту сапасын арттырады. Әр мұғалім бірнеше сыныппен жұмыс істейтіндіктен, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану уақытты үнемдеп, оқушылардың танымдық белсенділігін сақтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік сүйемелдеу және кәсіби қолдау. ШЖМ мұғалімдеріне арналған арнайы оқу-әдістемелік материалдар, көпжас ерекшелігі бар сыныптарда сабақ жоспарлаудың үлгілері, интеграцияланған пәндік бағдарламалар мен әдістемелік құралдар қажет.

Пәнаралық интеграция және сараланған оқыту. Бір сыныпта бірнеше оқу деңгейіндегі балалар болған жағдайда, пән мазмұнын біріктіру, жеке және

топтық тапсырмаларды теңгерімді қолдану мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігін талап етеді.

Цифрлық білім беру ресурстарын тиімді енгізу. Онлайн-платформалар мен оқу контентін пайдалану мұғалімге әртүрлі деңгейдегі оқушыларға жеке оқу жолын ұйымдастыруға көмектеседі.

Мотивациялық және кәсіби даму ортасы. ШЖМ жағдайында жұмыс істейтін мұғалімдер үшін үздіксіз кәсіби даму мүмкіндіктері, онлайн курстарға, вебинарлар мен тәжірибе алмасу алаңдарына қолжетімділік қамтамасыз етілуі тиіс. Осы шарттар жүзеге асқанда ғана шағын жинақты мектепте жұмыс істеуге дайын мұғалімнің әдістемелік, ұйымдастырушылық және цифрлық құзыреттері толыққанды дамиды. Бұл білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың жас ерекшелігіне қарай бейімделген оқу процесін құруға және ауылдық білім беру жүйесінің тұрақты дамуына мүмкіндік береді.

Бұл анықтамалар шарттардың көпқырлылығын көрсетеді, өйткені олар адам дамуына әсер ететін сыртқы ортаның да, оның ішкі ерекшеліктерінің де жиынтығын қамтиды. Осылайша, педагогикалық шарттар оқыту процесінің тиімділігі мен білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды факторлар жүйесі болып табылады. Жалпы, ғылыми зерттеулерде педагогикалық шарттар ұғымына әртүрлі анықтамалар беріледі, алайда олардың барлығы бұл терминнің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен оның тиімділігін арттыруға ықпал ететін маңызды факторларды білдіретінін көрсетеді.

Алғашқы көзқарас бойынша, педагогикалық шарттар - бұл оқу процесінде түрлі педагогикалық факторлардың іске асуына ықпал ететін орта мен жағдайлар [137]. Осы түсіндіру аясында педагогикалық шарттар білім беру жүйесіндегі физикалық ресурстарды (материалдық-техникалық база, оқу құралдары), әлеуметтік қатынастарды (оқытушы мен білім алушының өзара әрекеттестігі) және ұйымдастырушылық элементтерді (оқу бағдарламалары, әдістер мен формалар) қамтитын факторлар кешені ретінде түсіндіріледі. Яғни педагогикалық шарттар білім беру процесінің негізгі компоненттерін өзара байланыстырып, олардың үйлесімді жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін орта қызметін атқарады.

Екінші анықтамаға сүйенсек, педагогикалық шарттар – бұл белгілі бір нормалар, әдістер, жағдайлар мен объективті қалыптасқан ахуалдар жүйесі, олар нақты педагогикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін қажет [138]. Бұл анықтамада педагогикалық шарттардың құрылымына ерекше мән беріледі.

Үшінші тұжырымға сүйенсек (С.С. Зими́на), педагогикалық шарттар – оқу процесінің барлық компоненттері оңтайлы өзара әрекет ететін жағдай, бұл мұғалімнің кәсіби қызметін тиімді атқаруына, ал оқушылардың сапалы білім алуына мүмкіндік береді [139]. Бұл түсінікте педагогикалық шарттар оқу-тәрбие процесінің барлық элементтерін біріктіретін негізгі фактор ретінде қарастырылады. Егер оқыту процесінің барлық компоненттері (мазмұн, әдістер, құралдар, ұйымдастырушылық шаралар) үйлесімді жұмыс істесе, онда

мұғалімдер өз міндеттерін жоғары деңгейде орындап, оқушылардың нәтижелі білім алуына жағдай жасайды.

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан педагогикалық шарттар - оқу процесінің тиімділігіне тікелей әсер ететін, оны ұйымдастырудың сапасын айқындайтын кешенді факторлар жиынтығы екенін көруге болады. Олар мұғалімнің кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыруды, оқыту әдістерін дұрыс таңдауды, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруды және білім беру мақсаттарына жету үшін қажетті жағдайларды қамтиды. Дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық шарттар оқу процесінің сапасын арттыруға, білім алушылардың жан-жақты дамуына және оқу мотивациясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Н.В. Коновалованың зерттеулерінде мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық шарттардың бірқатар маңызды бағыттары айқындалған. Соның ішінде біріншіден - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу іс-әрекетін мотивациялау. Бұл бағыт білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға және өздігінен білім алуға ынталандыруға жағдай жасайды. Мұны жүзеге асыру үшін оқу мазмұнының практикалық маңыздылығын айқын көрсету, оны болашақ кәсіби қызметпен тікелей байланыстыру және белсенді оқыту әдістерін қолдану қажет.

Мұндай тәсіл студенттердің кәсіби бағыттылығын күшейтіп, олардың әдістемелік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды, топтық және зерттеу жұмыстарын, интерактивті әдістерді енгізу - болашақ мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырудың тиімді тетігі болып табылады.

Екіншіден, аудиториялық сабақтар мен студенттердің өзіндік жұмысына арналған дидактикалық қамтамасыз етуді әзірлеу – оқу материалдары, әдістемелік нұсқаулар және бағалау құралдарын кәсіби құзыреттілікке бағдарланған білім беру стандарттарына сай құрастыруды көздейді. Бұл оқу үдерісінде теория мен практиканың өзара байланысын нығайтып, студенттердің дербес жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Үшіншіден, бұл құзыреттілікке негізделген тәсіл – оқу процесін ұйымдастыруда білім алушылардың тек теориялық білімді игеруіне ғана емес, сонымен қатар нақты кәсіби міндеттерді шешу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған әдістерді қолдану. Бұл студенттердің болашақ маман ретіндегі кәсіби біліктілігін дамытып, олардың өздігінен шешім қабылдау және тәжірибеде қолдану қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Автор осы педагогикалық шарттарды тиімді жүзеге асыру студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың белсенділігі мен өзіндік дамуына ықпал ететін қолайлы оқу ортасын құруға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [140].

А.А. Муранованың тұжырымдауынша, «педагогикалық шарттар» ұғымы бірнеше негізгі сипаттарды біріктіретін кешенді категория болып табылады.

Автор бұл тұжырымдаманы білім беру жүйесінің немесе оның жеке буындарының қызметіне әсер етуге бағытталған шаралар жиынтығы ретінде түсіндіреді. Осылайша, педагогикалық шарттар оқу-тәрбие үдерісін басқару мен оның құрамдас бөліктерін үйлестірудің құралы ретінде қызмет етеді, бұл өз кезегінде оқытуды тиімді ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру мақсаттарына қол жеткізудің тиімділігі педагогикалық шарттардың бірлігі мен өзара байланысына негізделеді. Оқу процесі күрделі жүйе болғандықтан, оның барлық компоненттері үйлесімді жұмыс істеуі тиіс. Егер педагогикалық шарттардың бір бөлігі жеткілікті деңгейде орындалмаса, оқыту нәтижелілігі төмендеуі мүмкін.

Педагогикалық шарттардың басты функциясы – тұтас педагогикалық үдерісті мақсатты және жүйелі түрде басқаруды ұйымдастыру. Бұл мұғалімнің тек білім беріп қана қоймай, оқу процесін тиімді жоспарлау, оқушылардың дамуын бақылау және реттеу қабілетін де қарастырады [141]. А.А. Муранованың тұжырымдары педагогикалық шарттарды оқу процесін басқарудың маңызды құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Олар оқу мен оқыту тиімділігін арттыруға ықпал етіп, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттің үйлесімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық шарттар – білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін маңызды факторлар жиынтығы ретінде сыртқы және ішкі деп бөлінеді. Сыртқы (экзогенді) шарттар адамның қоршаған ортадан алатын әсерін сипаттайды. Оларға табиғи орта, әлеуметтік орта, мәдени және білім беру ресурстары жатады. Бұл факторлар білім алушының дамуына, тұлғалық қалыптасуына және кәсіби жетілуіне ықпал етеді. Ал ішкі (эндогенді) шарттар адамның жеке ерекшеліктеріне байланысты және оның сыртқы факторларды қалай қабылдап, меңгеретінін анықтайды.

Ғылыми әдебиеттерде «шарт» ұғымы кең мағыналы категория ретінде қарастырылады: философияда ол құбылыстардың өзара байланысы мен заңдылықтарын түсіндіруде қолданылса, педагогикада тұлғаның дамуына ықпал ететін факторларды анықтауда маңызды теориялық ұғым ретінде пайдаланылады..

Зерттеушілер Н. Ипполитова мен Н. Стерхова педагогикалық жүйенің нәтижелілігіне ықпал ететін маңызды тетіктердің бірі ретінде педагогикалық шарттардың рөлін анықтайды. Авторлар бұл шарттарды мазмұнына қарай ұйымдастырушылық-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық және дидактикалық деп жіктейді [142].

Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар білім беру үдерісін ретке келтіруді, оның жүйелілігі мен тиімділігін қамтамасыз етуді көздейтін факторлар жиынтығын қамтиды. Олар оқу жұмысының жоспарлануын, уақытты ұтымды бөлуді, сабақтардың логикалық сабақтастығын сақтауды, оқу үдерісінің құрылымын оңтайлы ұйымдастыруды қарастырады.

Сонымен бірге білім беру ұйымының материалдық-техникалық әлеуетін жетілдіру, оқу кабинеттерін қажетті құралдармен жабдықтау, ақпараттық-коммуникациялық мүмкіндіктерді пайдалану да осы топқа жатады. Мұндай шарттар оқу үдерісінің ұйымдастырушылық негізін құрып, оның жүйелі іске асуына жағдай туғызады. Психологиялық-педагогикалық шарттар білім алушылардың жас ерекшеліктерін, дара мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен тұлғалық сипаттарын ескеруге бағытталады.

Бұл шарттар оқу ортасында қолайлы психологиялық климат қалыптастыруды, оқушылардың оқу мотивациясын қолдауды, өздігінен білім алуға ынталандыруды қамтиды. Сондай-ақ психологиялық-педагогикалық шарттар білім беру процесінде эмоционалдық қолдау, оқушылардың өзін-өзі бағалауына және жеке әлеуетін ашуына мүмкіндік жасау сияқты маңызды аспектілерді қамтиды.

Осы екі бағыттағы шарттар - ұйымдастырушылық-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық - өзара байланыста жұмыс істегенде оқу процесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың жан-жақты дамуына, ал мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Бұл шарттар оқу ортасында қолдау көрсету, оқушылардың мотивациясын арттыру және олардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, педагогтар мен оқушылар арасындағы тиімді қарым-қатынас орнату осы шарттардың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл білім алушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенді қатысуына ықпал етеді.

Дидактикалық шарттар оқытудың сапасын анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Бұл шарттар білімнің тиімді меңгерілуін қамтамасыз етеді және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Педагогикалық шарттардың жіктелуі олардың білім беру жүйесін тиімді ұйымдастырудағы маңызды рөлін көрсетеді. Әрбір шарт білім беру процесінің белгілі бір аспектісін жүзеге асыруға бағытталған, ал олардың кешенді түрде қолданылуы оқушылардың үйлесімді дамуына және білім беру мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастырушылық, психологиялық және дидактикалық шарттардың өзара байланысы білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие. Бұл шарттардың үйлесімді жұмыс істеуі оқу ортасын барынша тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың сапалы білім алуына және жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, педагогикалық шарттар – білім беруді ортасын оңтайландыруға, оқыту мен тәрбиелеу процесін және оқушылардың тұлғалық дамуын үйлесімді ұйымдастырылуы ретінде қарастырады. Мұндай үйлесімділік оқу процесін тиімді жүргізуге, білім беру ұйымдарының инфрақұрылымын дұрыс реттеуге және қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Бұл, ең алдымен, оқу мекемелерінің заманауи технологиялармен жабдықталуы, цифрлық және ақпараттық ресурстарға еркін қолжетімділік, сондай-ақ оқу

кеңістігінің эргономикалық талаптарға сай ұйымдастырылуы сияқты маңызды аспектілерді қамтиды.

Сонымен қатар, педагогикалық шарттар оқушылардың жеке тұлғалық дамуына бағытталған әдістер мен тәсілдер жүйесін де қамтиды. Мұндай тәсілдер білім алушылардың құндылық бағдарларын қалыптастыруға, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, танымдық қызығушылықтарын қолдауға және әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндік береді. Оқыту әдістері мен тәсілдерінің тиімді үйлесуі білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын, оқу материалын саналы және терең меңгеруін қамтамасыз етеді.

Шағын жинақты мектеп жағдайында бұл қағидаттардың маңызы арта түседі. Өйткені әртүрлі жастағы балалардың бір сыныпта білім алуы, шектеулі материалдық база және кадр тапшылығы педагогикалық шарттарды жүйелі және ғылыми негізде ұйымдастыруды талап етеді. Мұғалімдер оқу кеңістігін дұрыс жоспарлап, уақытты ұтымды бөлуді, цифрлық құралдарды тиімді пайдалануды және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай психологиялық қолдау тетіктерін іске асыруды меңгеруі қажет. Яғни, педагогикалық шарттар кешені - оқу процесін барынша тиімді ететін, оқушылардың сапалы білім алуына, әлеуметтік және тұлғалық тұрғыдан дамуына мүмкіндік беретін негізгі механизм.

Педагогикалық шарттардың білім беру тәжірибесіндегі маңызы ерекше, өйткені олар оқушылардың әлеуетін ашуға және оқу процесін оңтайландыруға бағытталған. Олардың құрылымы материалдық-техникалық база мен білім беру кеңістігінің үнемі жетілдіруімен тығыз байланысты. Қазіргі әлемде білім беру жүйесі үздіксіз өзгеріп, жаңарып отыраттындықтан, педагогикалық шарттар да осы өзгерістерге бейімделіп, білім беру сапасын қамтамасыз ету, жеке тұлғаны қалыптастыру және қоғам талаптарына сай құзыретті мамандар даярлау міндеттерін атқарады.

Педагогикалық шарттар заманауи білім беру жүйесінің негізгі тетігі ретінде де қарастырылады. Олар оқу процесінің тиімділігін арттыруға, білім алушылардың кәсіби және тұлғалық дамуына ықпал етуге және болашақ мамандарды қазіргі заман талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді.

Г.С. Каримова педагогикалық шарттарды оқу процесін тиімді ұйымдастыру мен оңтайландыруға ықпал ететін нақты механизм ретінде қарастырады. Оның пікірінше, «педагогикалық шарттар - бұл оқушы мен мұғалімнің қызметін жандандыратын және олардың өзара әрекеттесуінің ең тиімді түрлерін табуға көмектесетін педагогикалық үдерісті оңтайландыру үшін мүмкіндіктердің максималды санын қосудың тиімді, нақты механизмі» [61, 97 б.]. Бұл анықтама педагогикалық-ұйымдастырушылық жағдайлардың екі өзекті қырын ашып көрсетеді.

Біріншіден, оқу үдерісінде мұғалім мен оқушы арасындағы белсенді өзара әрекеттесуді нығайту. Білім берудің жемісті болуы үшін бұл қатысушылар арасындағы шынайы серіктестік пен диалогқа негізделуі тиіс. Мұндай қарым-

қатынас оқушының танымдық белсенділігін арттырып, олардың білім алуға деген ішкі ынтасы мен өздігінен ізденуін арттырады.

Екіншіден, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру жағдайларын қалыптастыру. Педагогикалық шарттар дәл осы мақсатқа – оқытуды барынша нәтижелі және жан-жақты етуге мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар мен ресурстарды құруға бағытталады. Соның нәтижесінде педагог оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін және оқу қажеттіліктерін ескеріп, оқыту тәсілдерін саралап, оқу материалын бейімдей алады. Бұл міндеттер оқыту әдістерін жүйелі жетілдіру, оқу материалының мазмұнын қолжетімді әрі түсінікті ету және білім беру технологияларын ғылыми негізде тиімді пайдалану арқылы іске асырылады. Тиімді оқыту механизмдерін айқындау педагогикалық шарттардың маңызды функцияларының бірі болып табылады. Аталған шарттар білім беру үдерісін ұйымдастыру барысында оңтайлы әдістер мен тәсілдерді таңдауға мүмкіндік беріп, мұғалімнің оларды мақсатқа сай және нәтижелі қолдануын қамтамасыз етеді

Педагогикалық шарттардың тағы бір міндеті - оқыту мен тәрбиелеу барысында қолжетімді барлық ресурстар мен әдістерді толыққанды іске қосу. Бұл интерактивті оқыту формаларын қолдану, оқу материалын саралау, заманауи білім беру технологияларын енгізу және басқа да инновациялық әдістер арқылы жүзеге асады.

С. Высоцкийдің анықтамасы бойынша, педагогикалық шарттар – бұл мамандарды кәсіби даярлау процесінің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар. Олар жеке тұлғаның немесе топтың белсенділігі арқылы жүзеге асырылып, оқыту мазмұнының объективті мүмкіндіктерін, әдістерін және оны ұйымдастыру құралдарының жиынтығын қамтиды. Бұл факторлар қойылған педагогикалық міндеттерді сәтті шешуді қамтамасыз етеді [143]. Біз бұл түсініктемемен келісеміз, себебі педагогикалық шарттар оқу процесінің тиімділігін арттыратын маңызды ұйымдастырушылық және әдістемелік факторлар болып табылады.

Жүргізілген теориялық талдау нәтижелері шағын жинақты мектеп жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқу-әдістемелік қызметке даярлаудың педагогикалық шарттарын ғылыми тұрғыдан негіздеп, оларды нақты айқындауға мүмкіндік береді. Бұл шарттар әлеуметтік-педагогикалық, технологиялық және коммуникативтік факторлардың интеграцияланған жүйесі ретінде қарастырылады. Осы факторлардың өзара әрекеттесуі мен үйлесімділігі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, сондай-ақ олардың шағын жинақты мектептің ерекше білім беру ортасына тиімді бейімделуіне мүмкіндік береді.

Бұл шарттар мұғалімдерді әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін ескеруге, заманауи оқыту технологияларын тиімді қолдануға және білім беру процесінде нәтижелі қарым-қатынас орнатуға үйретеді. Педагогикалық шарттар - білім беру сапасын жетілдіруге, оқушылардың жан-жақты дамуына және оқыту мен тәрбиелеу процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін факторлар мен тәсілдер

жиынтығы. Оқыту сапасы мен оның нәтижелілігі көбіне осы шарттардың қаншалықты дұрыс қалыптастырылғанына байланысты анықталады.

Зерттеушілердің еңбектерінде «педагогикалық шарттар» ұғымы көбінесе білім беру мазмұны мен материалдық кеңестіктің өзара байланыста ұйымдастырылуы арқылы түсіндіріледі. Мұндай үйлесім оқу іс-әрекетін оңтайландыруға, қажетті инфрақұрылым мен ресурстарды тиімді пайдалануға және білім беру процесін қолайлы ортала жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл, ең алдымен, заманауи технологиялармен жабдықталған білім беру мекемелерін қалыптастыруды, оқу кеңестігін ұтымды ұйымдастыруды, сондай-ақ оқу-әдістемелік материалдарға толық қолжетімділікті қамтамасыз етуді талап етеді.

Педагогикалық шарттар оқушылардың жеке тұлғалық дамуына бағытталған әдістер мен тәсілдерді қамтиды. Олар білім алушыларда құндылық бағдарларды қалыптастыруға, маңызды дағдылар мен кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға көмектеседі. Оқыту әдістері мен тәсілдерінің тиімді үйлесімі білді алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына, материалды терең әрі саналы меңгеруіне және танымдық қызығушылықтарының артуына ықпал етеді. Сонымен педагогикалық шарттар - оқу мен тәрбиенің сапасын арттырудың, оқушылардың тұлғалық әлеуетін ашудың және білім беру ортасын тиімді ұйымдастырудың шешуші тетігі.

Педагогикалық шарттардың маңызды құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік - педагогикалық ынтымақтастық білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруда ерекше рөл атқарады. Ол мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттестіктің жүйелі түрде дамуына негізделіп, оқу-тәрбие процесінің сапасын жетілдіруге бағытталады. Әлеуметтік-педагогикалық ынтымақтастық жағдайында білім алушылар пассивті тыңдаушы емес, оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде танылады. Мұндай өзара әрекеттестік оқу материалын терең әрі саналы меңгеруге ықпал етіп қана қоймай, білім беру ортасының жаңаруына, оның ашық және қолайлы сипат алуына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-педагогикалық ынтымақтастық келесі маңызды аспектілерді қамтиды. Біріншіден, мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік қарым-қатынас оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандырады. Бұл жағдайда мұғалім бағыттаушы, кеңесші рөлін атқарып, ал оқушы өз оқу әрекетіне жауапкершілікпен қарайды. Мұндай серіктестік оқушылардың өз мүмкіндіктеріне сенімін арттырып, танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасайды.

Екіншіден, коммуникативтік дағдыларды дамыту әлеуметтік-педагогикалық ынтымақтастықтың маңызды қыры болып табылады. Оқушылардың өз ойын еркін жеткізуі, пікір алмасуы, дәлелдей білуі және топта бірлесіп жұмыс істеуі олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Сонымен қатар, бұл дағдылар оқушылардың оқу барысында өзара қолдау көрсетуіне және ұжымдық шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

Үшіншіден, оқуға деген жауапкершілікті қалыптастыру оқушылардың өз білімін жетілдіруге саналы түрде ұмтылуына және оқу нәтижелері үшін

жауапкершілік алуына ықпал етеді. Әлеуметтік-педагогикалық ынтымақтастық жағдайында оқушы өз жетістігі мен кемшілігін бағалай отырып, өзін-өзі дамытуға бейімделеді.

Шағын жинақты мектепте жұмыс істейтін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау барысында оқу-әдістемелік жұмысқа қажетті бірқатар маңызды педагогикалық шарттарды айқындау өзекті болып табылады. Аталған шарттар болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жан-жақты дамытуға және кәсіби даярлықтың тереңдетілген моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай модель шағын жинақты мектеп жағдайында тиімді педагогикалық қызмет атқаруға негіз қалайды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауға бағытталған педагогикалық шарттары 4-суретте ұсынылды.



Сурет 4 -Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ШЖМ-н оқу- әдістемелік жұмысына даярлығын қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар

Шағын жинақты мектептердегі ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар оқу үдерісін нәтижелі ұйымдастыруға негіз болатын тиімді білім беруге бағытталған. Бұл шарттар сабақтарды жүйелі жоспарлауға, оқу уақытын тиімді бөлуге және оқу-тәрбие процесін сапалы басқаруға ықпал етеді. Сонымен қатар, олар оқытуды жүзеге асыру үшін қажетті материалдық-техникалық құрал-жабдықтар мен ресурстарды үнемі жаңартуды және толықтыруды көздейді.

Технологиялық шарттар шектеулі ресурстар жағдайында тиімді оқу процесін ұйымдастыру үшін заманауи білім беру технологиялары мен техникалық құралдарды пайдалануды қарастырады. Бұл технологиялар сараланған және жеке оқыту әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай дайындық ШЖМ-ге тән ерекшеліктерді: сыныптардың біріктіріліп оқытылуы, оқушылардың жас және танымдық айырмашылықтарының айқын байқалуы, білім алу қажеттіліктерінің әртүрлілігі, оқу уақытының өзгеше

ұйымдастырылуы сияқты факторларды ескеруге бағытталады. Бұл жүйелі дайындық келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Сабақтарды талдау, кәсіби рефлексия және педагогикалық шеберлікті жетілдіру бойынша тренингтер ұйымдастыру. Бұл бағыт болашақ педагогтің кәсіби өзіндік санасын, рефлексивтік мәдениетін және үздіксіз даму дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сабақ талдауы мұғалімнің өзінің педагогикалық әрекетін бағалап, жетілдіру жолдарын анықтауына, кәсіби қиындықтарды дұрыс түсініп, оларды шешудің тиімді стратегияларын меңгеруіне көмектеседі. Іс жүзінде пәнаралық байланысты күшейту үшін кіріктірілген сабақтар өткізу, әртүрлі деңгейдегі оқушыларға бейімделген тапсырмалар әзірлеу, сондай-ақ сараланған оқыту әдістерін (жеке жұмыс, топтық жұмыс, жобалық оқыту) енгізу сияқты әдістер қолданылады. Педагогикалық шарттардың іріктелу негізін біз 6-кестеде ұсынып көрсеттік.

Кесте 6 – Педагогикалық шарттардың іріктелу негізі

Шарт түрі	Іріктелу негізі
1	2
Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ШЖМ-нің ерекшеліктеріне сай оқу ортасын құру қажет (аз оқушы, біріктірілген сыныптар, ресурстардың шектеулігі).</li> <li>- Мұғалімдерді басқарушылық және ұйымдастырушылық дағдыларға үйрету маңызды.</li> <li>- Оқу процесінің жүйелілігін қамтамасыз ету қажет (жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыру, сабақ кестесін жоспарлау).</li> </ul>
Технологиялық шарттар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ресурстардың шектеулігіне байланысты жаңа технологияларды қолдану қажеттілігі туындайды.</li> <li>- Электрондық білім беру платформаларын меңгеру мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырады.</li> <li>- Қашықтан оқыту құралдарын қолдану оқыту әдістерін әртараптандыруға мүмкіндік береді.</li> </ul>
Оқу-әдістемелік шарттар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Біріктірілген сыныптарда оқыту әдістемесін меңгеру қажеттілігі бар.</li> <li>- Оқушылардың әртүрлі деңгейіне бейімделген оқыту әдістерін қолдану маңызды.</li> <li>- Мұғалімдерді өздігінен әдістемелік құралдар әзірлеуге және сабақтарды жүйелі жоспарлауға үйрету қажет.</li> </ul>
Интеграциялық-дифференциациялық шарттар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Пәнаралық байланыстарды күшейту және әртүрлі деңгейдегі оқушылармен жұмыс жасау қажеттілігі бар.</li> <li>- Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыру маңызды.</li> <li>- Кіріктірілген оқыту әдістерін қолдану оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.</li> </ul>

Біз зерттеуімізде іріктеп алған педагогикалық шарттардың бірінші тобы – ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар (ҰПШ). Зерттеушілер бұл шарттарды білім беру міндеттерін табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін

факторлар жиынтығы ретінде қарастырады. Мәселен, М. Н. Монахов өз еңбектерінде осы мәселе бойынша бірқатар ғалымдардың көзқарастарын талдап өткен [144]. М.И. Шалиннің тұжырымдамасы бойынша ҰПШ – бұл тұлғаның дамуына әсер ететін үдеріс, ол ішкі мәндер мен құбылыстардың бірлігімен үйлесетін сыртқы факторлар (жағдайлар, орта) жиынтығын білдіреді [145]. А.А. Володин мен Н.Г. Бондаренко оларды педагогикалық жүйенің сипаттамасы ретінде қарастырады [146], ол білім беру ортасының ықтимал мүмкіндіктерінің жиынтығын бейнелейді және олардың жүзеге асырылуы педагогикалық жүйенің тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз етеді.

Бұдан бөлек, ғалымдардың тағы бір тобы ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды білім беру процесінің дамуымен және оның тиімді жұмыс істеуімен тығыз байланысты құбылыс ретінде қарастырады. Олар бұл шарттарды тек педагогикалық міндеттерді шешуге ықпал ететін факторлар жиынтығы ғана емес, сонымен бірге басқару мен бағыттау тұрғысынан педагогикалық процестің процессуалдық аспектісіне тікелей әсер ететін негізгі элементтер ретінде түсіндіреді.

Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар оқу процесінің сапасын арттыруға, оның тиімділігін қамтамасыз етуге және білім беру мақсаттарына жетуге бағытталған маңызды құрамдас бөлік болып табылатындығын зерттей келе Г. С. Каримова ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар ұғымының мазмұнын сипаттайтын келесі ерекшеліктерді атап өтеді:

1. Тұтас педагогикалық процестің негізі. Ғалымдар бұл шарттарды педагогикалық процестің міндеттерін тиімді жүзеге асыруға бағытталған құрылымдық элементтер, формалар мен әдістер жиынтығы ретінде қарастырады.

2. Басқаруға бағытталған әдістер жүйесі. Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар педагогикалық жүйені тиімді басқаруға бағытталған әдістер жиынтығынан тұрады. Бұл білім беру процесін реттеуге және оңтайландыруға ықпал етеді.

3. Өзара байланысты іс-шаралар кешені. Олар педагогикалық міндеттерді табысты шешуге және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, бір-бірімен тығыз байланысқан іс-шаралар жиынтығы ретінде көрініс табады.

4. Жоспарлы дамуды қамтамасыз ету. Бұл шарттардың негізгі функциясы – тұтас педагогикалық процесті жүйелі және жоспарлы дамытуға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру.

5. Процестің ерекшеліктеріне бейімделу. Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттардың құрылымы нақты жүзеге асырылып жатқан педагогикалық процестің ерекшеліктерін ескере отырып анықталады және соған сәйкес құрастырылады. Бұл талап олардың динамикалық, икемді және бейімделгіш сипатта болуын қажет етеді. Ғылыми әдебиеттерде атап өтілгендей, педагогикалық шарттардың тиімділігі олардың белгілі бір білім беру жағдайына сәйкестігімен, процестің ішкі логикасы мен мақсаттарына бейімділігімен тікелей байланысты.

Процесс ерекшеліктерін ескеру келесі аспектілерде көрініс табады:

- білім алушылардың жас, танымдық, жеке-психологиялық ерекшеліктерін есепке алу;
- білім беру ұйымының типі мен құрылымына сәйкес оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- қолданылатын педагогикалық технологиялар мен әдістердің нақты жағдайға сай таңдалуы;
- материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстардың қолжетімділігін ескере отырып, оқу ортасын бейімдеу;
- білім беру процесіндегі ішкі және сыртқы факторлардың өзара ықпалын үйлестіру.

Осы ерекшеліктер жүйелі түрде талданып, ескерілген жағдайда ғана ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар өз функциясын толық орындай алады. Мұндай бейімделу білім беру процесін басқару тиімділігін арттырып қана қоймай, оның сапалық нәтижелерін қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді.

Нәтижесінде, процеске тән ерекшеліктерді жан-жақты ескере отырып жасалған сапасын арттыруға, оқыту нәтижелерінің тұрақты әрі жоғары деңгейде болуына және педагогикалық мақсаттардың тиімді жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Ғалым Г.М. Анохина дидактикалық шарттарды тұлғалық - бағдарланған технологиялар мен педагогикалық құралдар жиынтығы арқылы ұйымдастырылатын факторлар ретінде қарастырады [147] Автордың пікірінше, білім беру процесінде оқушы белсенді білім алушы болып саналады, ал мұғалімнің міндеті - оқушының өздігінен білім алуына қолайлы жағдай жасау. Осындай ортада оқушылар оқулықтар мен электронды ресурстардан өз бетінше ақпарат іздеп, талдай алады. Сонымен қатар, мұғалім сабақ барысында әртүрлі оқыту жағдайларын құру арқылы оқушылардың пәндік белсенділігін арттырады. ШЖМ жағдайында бұл көзқарас ерекше маңызды, себебі бір сыныпта әртүрлі жастағы оқушылардың бірге оқуы олардың дербес жұмыс істеу дағдыларының жоғары деңгейде болуын талап етеді.

В.С. Егорина дидактикалық шарттарды оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытатын факторлар ретінде қарастырады. Ол ұсынған жүйе келесідей шарттарды қамтиды [148]:

- оқытудың мазмұнын арнайы іріктеу, яғни оқушылардың ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру материалдарын таңдау;
- мотивациялық, мазмұндық және операциялық компоненттердің бірлігі, бұл оқушылардың белсенді танымдық әрекетін дамытуға ықпал етеді.

ШЖМ жағдайында бұл шарттарды болашақ мұғалімдерді даярлау процесіне енгізу өте маңызды. Себебі шағын жинақты мектептерде оқытудың мазмұнын дұрыс іріктеу оқушылардың әртүрлі жас ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Сонымен қатар, мотивацияны арттыру, оқушылардың дербес және шығармашылық жұмыс істеу дағдыларын дамыту және мұғалімнің

белсенді ұйымдастырушылық рөлін күшейту - ШЖМ жағдайында тиімді оқыту процесін қамтамасыз ететін негізгі факторлар.

Т.А. Маслова білімді меңгеру процесін тиімді басқарудың шарттарын қарастыра отырып, оқытудың жүйелілігі мен құрылымдық байланыстарын сақтаудың маңыздылығын атап көрсетеді [149]. Оның пікірінше, әрбір педагогикалық жүйенің тұрақты құрылымы болуы тиіс, бұл оның тиімділігін арттыруға көмектеседі. Мұғалімдер оқыту барысында жүйелік тәсілді қолдану арқылы оқу процесін бірізді, жүйелі және ұйымдасқан түрде жүргізе алады.

ШЖМ жағдайында бұл көзқарасты болашақ мұғалімдерді даярлау процесіне енгізу олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Себебі көпжасарлы сыныптарда жүйелі оқыту ұйымдастыру - басты міндеттердің бірі. Мұғалім оқыту құрылымын оқушылардың жас ерекшеліктеріне, оқу материалының күрделілік деңгейіне және оқу мақсаттарына қарай бейімдеуі тиіс. ШЖМ-да жұмыс істеу үшін мұғалім оқу материалдарын дұрыс таңдау, оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын дамыту, жүйелі оқытуды ұйымдастыру дағдыларын меңгеруі қажет.

Интеграциялық-дифференциациялық шарттар шағын жинақты мектептің ерекшеліктеріне сәйкес пәндік мазмұнды кіріктіру мен оқушылардың жеке білім алу мүмкіндіктерін ескере отырып саралап оқытуды жүйелі жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Мұндай шарттар білім беру мазмұнын ғылыми негізде құрылымдауға, оқыту әдістерін икемді бейімдеуге және оқу жүктемесін педагогикалық тұрғыдан оңтайландыруға жағдай жасайды.

Дифференциациялық және интеграциялық шарттардың тиімділігі оқу процесін әртүрлі оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес ұйымдастырудан көрінеді. Мысалы, математика сабағында мұғалім әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар бере алады. Негізгі деңгейдегі тапсырмалар тақырыптың базалық мазмұнын меңгеруге арналады, ал күрделі деңгейдегі тапсырмалар оқушылардың аналитикалық және шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталады. Дегенмен де мұндай тәсіл білім беру процесінің тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Осының нәтижесінде мұғалімдер білім беру мазмұнының сапасын жақсарту арқылы оқу нәтижелерін оңтайландырады.

Аталған әдіснамалық тұғырлар мұғалімдерді даярлау тиімділігін қамтамасыз етіп, олардың кәсіби өсуіне ықпал етеді. Осының барлығы білім беру сапасын арттыруға және өзгермелі жағдайларға бейімделуге негіз бола алады. Оқушыларға оқу процесінің әртүрлі кезеңдерінде дифференциациялық тәсілді қолдану олардың барлығының белгілі бір бағдарламалық минимум деңгейінде білім, білік және дағдыларды меңгеруін қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл оқыту мазмұнын әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен қабілеттеріне бейімдей отырып, оқушылардың оқу жетістіктерін тиімді арттыруға бағытталған.

Бастауыш сыныпта оқыту мақсаттары деңгей бойынша сараланады, яғни, барлық оқушылар үшін міндетті түрде қолжетімді нәтижелер, көпшілік

оқушыларға ұсынылатын қосымша нәтижелер және кейбір оқушылар ғана орындай алатын күрделірек мақсаттар қарастырылады. Оның басты ерекшелігі- білім беру мазмұнын ұйымдастыруда минимум принципін сақтау болып табылады. А.А. Леонтьев бұл принципті оқушыға білім беру мазмұнының барынша жоғары деңгейін ұсыну қажеттілігімен және оқушының оны ең төменгі міндетті деңгейде меңгеру жауапкершілігімен байланыстырады [150].

Оқыту процесі жоғары қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды орындауды көздегенімен, бағалау тек міндетті нәтижелер мен оқушының жетістіктеріне негізделеді. Бұл тәсіл оқушыларға барынша көп мүмкіндік беріп, олардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік туғызады. Сабақ барысында тапсырмалардың жоғары деңгейі ұсынылады, бірақ әр оқушыдан тек негізгі міндеттерді орындау талап етіледі. Бұл оқушыларға өздерінің әлеуетін толық ашуға жағдай жасайды және оқу процесін қолайлы етеді.

Дифференциациялық тәсіл минимум принципімен үйлесімде оқу процесін тиімді ұйымдастырып, оқушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл тәсіл оқушылардың жеке білім траекториясын қалыптастыруға, оқу мазмұнын игеруге қолайлы жағдай жасауға және оқу жетістіктерінің сапасын арттыруға бағытталған. Осылайша, дифференциациялық тәсіл білім беру мазмұнының маңызды элементі ретінде оқыту тиімділігін арттыруға және оқушылардың жеке дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тұлғаға бағытталған білім беру жүйесінде оқу қызметін дифференциациялық түрде ұйымдастыру мұғалімнен бірқатар маңызды қабілеттерді талап етеді. Біріншіден, оқушылардың жетістіктері мен қиындықтарын анықтай отырып, олардың жұмысын талдай білу маңызды. Бұл оқыту процесін реттеп, әр оқушыға жеке көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, оқушылардың қызметін болашаққа бағыттап жоспарлау қажет, яғни олардың даму деңгейіне сәйкес келетін мақсаттарды анықтап, оқу қызметін кезең-кезеңімен ұйымдастыру.

Дифференциациялық оқыту әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен даму деңгейін ескеруді талап етеді. Әр оқушының өзіне тән жақын даму аймағы бар, бұл - оқушының қызығушылық танытып, мұғалімнің қолдауы немесе бағыт-бағдары арқылы орындай алатын тапсырмалары. Бұл аймақ оқушының ертеңгі күнгі өзіндік даму мүмкіндіктерін көрсетеді және сол тапсырмаларды орындауға дайын болған кезде оның өзекті даму аймағына айналады. Оқыту процесінде осы ерекшелікті ескеру және әр оқушыға қолдау көрсету арқылы олардың даму қарқынын арттыруға болады.

О.В. Волкова өзінің «Бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудағы дифференциацияланған тәсіл» атты еңбегінде педагогика ғылымында деңгейлік дифференциация негізінде әдістемелік қызметті құрудың теориялық негіздері әзірленгенін атап көрсетеді. Бұл негіздер, бір жағынан, педагогикалық кадрлармен жұмыс істеудің тиімді әдістері мен формаларын таңдауға, екінші жағынан, педагогты кәсіби шеберлік шыңына жетелейтін бейімделген жеке

траекторияларды құруға мүмкіндік береді. Волкова бұл тұжырымдарын келтіре отырып, педагогикалық практиканың осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, әрбір мұғалімнің біліктілігін арттыру процесін нәтижелі қамтамасыз ететін әдістемелік жұмыс жүйесін құра алатынын айтады [151].

А.А. Бейсенбаева [152] өз еңбектерінде білім алушылардың танымдық дүниесінің қалыптасуы оқу процесін ұйымдастырудағы пәнаралық байланыстардың нәтижелілігіне тікелей тәуелді екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, әрбір пәнді оқыту барысында басқа пәндер мен ғылымдардың қажетті элементтері мен материалдары өзара кіріктіріліп, бірлесе меңгерілуі тиіс. Бұл тәсіл оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, оқу материалының өмірмен байланысын күшейтіп, білімді кешенді түрде игеруіне мүмкіндік береді.

А.А. Бейсенбаева пәнаралық байланыстың құрылымдық моделін ұсынып, оны үш компонентке бөледі. Біріншісі – пәнаралық байланыстың құрамдық негізі, яғни әртүрлі пәндердің мазмұны мен ұғымдары арасындағы мағыналық және логикалық үйлесімділік. Екіншісі – пәнаралық байланысты әзірлеу тәсілдері, оған пәндер арасындағы өзара әрекеттестікті іске асыратын арнайы әдістер мен құралдар жатады. Үшіншісі – пәнаралық байланыстың мақсатты-нәтижелік жағы, яғни интеграцияланған білімнің оқушылардың танымдық-іс-әрекеттік белсенділігі мен практикалық дағдыларына тигізетін әсері. Мұндай жүйеленген тұжырымдама пәнаралық байланыстың мәнін тереңірек түсінуге және оны оқу үдерісіне, соның ішінде болашақ мұғалімдерді интегративті тәсілдерді қолдануға даярлау бағдарламаларына тиімді енгізуге негіз береді.

Г.К.Шолпанқұлова өз зерттеуінде пәнаралық байланыстың даму эволюциясы оның жүйе түзуші факторы, қозғаушы күш құралы, жеделдетуші функциясы сияқты өзіндік ерекшеліктері бар екенін және бұл ерекшеліктердің білім беру процесін тиімді ұйымдастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Ол пәнаралық байланыстарды қолдану арқылы оқушылардың білімін тереңдету, олардың ойлау қабілетін дамыту және оқу материалының практикалық маңыздылығын арттыру мүмкіндігін атап өтеді [153].

Д.С.Байғожанова [154] өз еңбегінде бастауыш сынып оқушыларына пәнаралық байланыс негізінде информатика элементтерін оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін жан-жақты талдап, осы бағытта білім беру бағдарламасын, оқыту құралдарын және әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеген. Ғалым кіріктіру (интеграция) процесін әртүрлі оқу пәндері арасындағы мазмұндық және функционалдық байланыстарды нығайтуға бағытталған, жүйелі түрде жүзеге асырылатын педагогикалық құбылыс ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, мұндай кіріктіру тек оқу сабақтары аясында ғана емес, сонымен қатар оқушылардың мектептен тыс танымдық іс-әрекеттерінде де белсенді қолданылады. Бұл тәсіл оқушылардың жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстырып, оны практикалық жағдайларда қолдануына мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде танымдық белсенділік артып, оқу

материалының өмірмен байланысы күшейеді, ал білімнің функционалдық құндылығы жоғарылайды.

К.Ю. Колесина [155] пәнаралық байланыстарды толыққанды жүзеге асыру үшін олардың нақты әдістері мен тетіктері анық әрі дәл сипатталуы қажет екенін атап өтеді. Ғалымның пікірінше, пәнаралық байланыстардың басты функцияларының бірі — білім алушыларда әлемнің тұтастығы туралы ғылыми түсінік қалыптастыру. Бұл түсінік материя қозғалысының әртүрлі формаларының өзара байланысын тану арқылы оқушылардың ғылыми дүниетанымын кеңейтеді. Сонымен қатар, К.Ю. Колесина пәнаралық байланыстардың тәрбиелік әлеуетіне ерекше мән береді. Оның тұжырымдауынша, аталған байланыстар оқушылардың диалектикалық-материалистік дүниетанымын қалыптастыруға, эстетикалық және этикалық құндылықтарды бойына сіңіруге, тұлғаның эмоционалдық-еріктік сапаларын дамытуға зор ықпал етеді.

П.А.Расулова [156] пәнаралық байланыстарды оқушылардың диалектикалық-материалистік дүниетанымын қалыптастырудың маңызды әдісі ретінде қарастыра отырып, олардың танымдық іс-әрекетінің әртүрлі тәсілдерін дамытудың тиімді құралы деп сипаттайды. Ғалымның пайымдауынша, пәнаралық байланыстарды мақсатты түрде қолдану оқушылардың ойлау операцияларын кеңейтеді, білімді түрлі салаларда қолдану дағдыларын дамытады.

В. Н. Максимова [157] пәнаралық байланысты оқушылардың санасында оқу пәндері мазмұнының өзара байланысын ашып көрсететін әмбебап құрал ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, пәнаралық байланыстар әр пәннің ғылым ретіндегі ерекшелігін, оның әдістемелік негіздері мен мазмұндық құрылымын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге Максимова пәнаралық байланыстың білім мазмұнының ғылымилық қағидатын жүзеге асырудағы маңыздылығын ерекше атап өтеді. Бұл қағида білім алушылардың оқу материалын жүйелі, терең және саналы меңгеруіне жағдай жасайды, теориялық білімді практикалық мәселелерді шешуде қолдануға мүмкіндік береді.

В.П. Ковалев бойынша «...шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие процесінің пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастырылуы, ғылымдар жүйесінің бірарнаға тоғысуы, адамның интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігін, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді» [158].

Пәнаралық интеграция мәселелерін зерттеу барысында Н.М. Бурцова пәнаралық байланыстың мазмұндық және функционалдық ерекшеліктерін негіздейді. Ғалымның пікірінше, пәнаралық байланыстар білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға, оқу мазмұнын терең әрі саналы игеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар олар пәндер арасындағы кіріктірудің нәтижелілігін арттырып, тұтас ойлау жүйесін қалыптастыруға және дүниені кешенді түрде тануға мүмкіндік береді [159].

И.П. Петрова [160] пәнаралық байланыстар немесе интеграциялық шарттардың жіктелу ерекшеліктерін қарастырып, олардың әдебиеттерде түрлі негіздер бойынша сипатталатынын атап көрсетеді. Ғалымның жіктеуіне сәйкес пәнаралық байланыстар келесі түрлерге бөлінеді:

- уақыттық критерийге негізделген – алдын ала (сабаққа дейін), сәйкес (оқу процесі барысында) және кейінгі (оқудан кейінгі) байланыстар;

- мазмұндық сипатқа байланысты – фактілік (деректер негізінде), ұғымдық (негізгі ұғымдар арқылы) және теориялық (ғылыми қағидаттарға сүйенген) байланыстар;

- білім мен әрекет түріне байланысты байланыстар – теориялық білімді практикалық әрекетпен ұштастыруға бағытталған байланыстар. Мұнда оқу материалын түсіну, оны қолдану тәсілдерін меңгеру және практикалық тапсырмалар арқылы бекіту өзара үйлесім табады;

Аталған жіктемелер пәнаралық байланыстың ішкі құрылымын, оның мазмұндық және функционалдық қырларын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, пәнаралық байланыстарды білім беру процесінде мақсатты, жүйелі тиімді түрде қолдануға жағдай жасайды.

В.Т. Фоменко [161] интеграциялық процестің деңгейлерін анықтай отырып, интеграцияның ең төменгі деңгейін фрагменттік пәнаралық байланыстар ретінде сипаттайды. Бұл деңгейде түрлі жүйелердің немесе пәндердің мазмұнындағы жекелеген элементтер ғана өзара сәйкестендіріліп, кіріктіріледі. Мұндай байланыстар көбіне жеке тақырыптар, деректер немесе ұғымдар деңгейінде жүзеге асады.

Жалпы алғанда, пәнаралық байланыстардың құрылымын, деңгейлерін және жүзеге асу механизмдерін жан-жақты қарастыру болашақ мұғалімдерді интеграциялық үдерістерге ғылыми негізделген тұрғыда даярлауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе шағын жинақты мектеп жағдайында аса өзекті, себебі біріктірілген сыныптарда оқыту мазмұнын үйлестіру мен кіріктіру – педагогтің кәсіби құзіреттілігінің маңызды талаптарының бірі.

О.М. Коломиец, С.К. Абильдина, А.М. Омирзаковалар бастауыш сынып мұғалімдерін МКШ жағдайында жұмыс істеуге даярлауға арналған педагогикалық шарттарды негіздеу сапалы педагогикалық білім берудің маңызды бөлігі болып табылады деп тұжырымдайды. Авторлар «бұл шарттар болашақ мұғалімдердің әдістемелік және ұйымдастырушылық дағдыларын дамытуға, заманауи технологиялар мен тәсілдерді тиімді пайдалануға, сондай-ақ цифрландыру талаптарына сай білім беру процесін құруға ықпал етуі қажет» деген пікір айтады [162].

Педагогикалық шарттарды кешенді жүзеге асыру болашақ мұғалімдерді шағын жинақты мектеп жағдайында кәсіби қызметке тиімді даярлайды. Демек, олар оқыту әдістерін оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеп, білім беру үдерісін нәтижелі ұйымдастырады.

## **2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЯРЛАУ МОДЕЛІНІҢ СИПАТТАМАСЫ**

### **2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің даярлық мазмұнын шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына трансформациялау**

Болашақ мұғалімдердің оқу-әдістемелік даярлығы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерін даярлау жүйесі негізінде қалыптасады. Алайда шағын жинақты мектеп жағдайына бағытталған даярлықта бұл негіз мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан арнайы бейімдеуді қажет етеді. Мұнда мектептің құрылымдық ерекшеліктерін және оның педагогикалық процесін ескеру өте маңызды. Бұл даярлық мынадай бағыттарды қамтиды:

- біріктірілген сыныптарда сабақ беру;
- әр түрлі жастағы оқушылармен жұмыс істеу әдістемесін жетілдіру;
- әр сыныптың қажеттіліктерін бір уақытта қанағаттандыратын тиімді педагогикалық шешімдерді қолдану.

Зерттеліп отырған нәтиже тұрғысынан әдістемелік даярлық жалпы педагогикалық дайындықтың құрамдас бөлігі ретінде ерекше маңызды болып табылады. Шағын жинақты мектептерде жұмыс істеуге мұғалімдерді даярлау кезінде олардың жалпы кәсіби құзыреттілігін мектептің ерекше құрылымына бейімдік қажеттілігі анық байқалады. Болашақ педагогтар сабақ жоспарларын өңдеумен шектелмей, сонымен қатар оқушылардың жеке және ұжымдық даму ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқыту әдістерін тандап қолдана білуі тиіс. Бұл даярлық шағын жинақты мектеп жағдайында сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін негізгі фактор болып табылады.

Әдістемелік даярлық – мұғалімнің кәсіби дайындығының негізгі құрамдас бөлігі. Сондықтан мұғалімдерді даярлау барысында олардың шағын жинақты мектеп жағдайында жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінуі қажет. Мұндай даярлықты қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламасының мазмұндарына талдау жасап көрелік:

БВ01303 – Бастауыш оқыту әдістемесі білім беру бағдарламасының оқу жоспары «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес іске асырылады [163].

«Бастауыш білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды басшылыққа алады және оқыту процесінде нормативтік негіз ретінде қолданылады [164].

Бастауыш білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 9-тармағында келесідей қағидалар атап көрсетілген: «Бастауыш білімнің жалпы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары дайындық деңгейіне

қарамастан, білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді» [165]. Аталмыш құжаттың 9-2 бабында бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырылады. Осы баптардағы заңдар біз зерттеп отырған шағын жинақты бастауыш мектепке де басшы құрал ретінде негізге алынады. Олай болса, бұл мектептің оқытуды ұйымдастыру жұмыстары жалпы бастауыш мектепте айырмашылығы байқалмайды.

Алайда, жалпы білім беретін бастауыш мектеп мұғалімі мен шағын жинақты бастауыш мектеп мұғалімінің білім беру мазмұны ұқсас болғанымен, олардың әдістемелік ерекшеліктері мен құзыреттері бір-бірінен айқын ажыратылады. Осы ерекшеліктерді айқындау үшін білім беру мазмұны мен білім беруді трансформациялау ұғымдарына талдау жасауды қажет етеді.

Біздің зерттеуімізге негіз болған А.Б. Бутакова, Н.В. Калининаның қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени динамикасындағы білім беру трансформациясы XXI ғасырдың негізгі құндылықтарын - әлеуметтік дағдыларды, креативтілікті және интеллектіні алдыңғы орынға шығарады деген тұжырымдары. Бұл құндылықтар білім беру мазмұнын жаңартуда және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда ерекше маңызды. Әсіресе, «жаңа сауаттылық» концепциясына негізделген, әлеммен қарым-қатынас жасау, оның сигналдарын түсіну және ақпаратты өңдеу қабілеттерін дамыту шағын жинақты мектептер үшін аса өзекті болып табылады [166].

Білім беру мазмұны- оқу бағдарламаларын жаңғырту және бейімдеу, жаңа пәндер мен оқу материалдарын енгізу, ғылым, технология және қоғамдағы жаңалықтарға сәйкес білім мазмұнын өзгерту. Бұл процесс тек пәндердің мазмұнын өзгертумен шектелмейді. Ол оқушылардың заман талабына сай икемді дағдылар мен білім алуы үшін жаңа көзқарастар мен тәсілдерді қамтиды.

Білім беруді трансформациялау- бұл білім беру жүйесін, оқыту әдістерін, оқу бағдарламаларының мазмұнын және педагогикалық тәсілдерді қоғамдағы, технологиялардағы, экономикадағы және басқа да өмір салаларындағы өзгерістерге бейімдеу және жаңғырту үдерісі. Бұл процесс білім сапасын арттыруға және оның қазіргі заман талаптары мен сын-қатерлеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Г.И.Герасимовтың зерттеуінде білім беру жүйесіндегі трансформацияның әлеуметтік-мәдени әлеуетке ие екендігі туралы айтылады. Оның мазмұнына сәйкес, білім беру жүйесінің жағдайы қоғамның дамуының бағыты мен динамикасына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты білім беру мәселесіне

деген үлкен зерттеушілік қызығушылықтың пайда болғаны және ғасырлар тоғысында бұл салада көптеген зерттеулердің жүргізілгені баяндалған [167].

Білім берудегі трансформациясы - заманауи білім беру жүйесін қайта құруды сипаттайтын күрделі үдеріс. Бұл ұғым әртүрлі көзқарастарын қарастырылып, оның мазмұнына технологиялық, әлеуметтік, мәдени және әдістемелік аспектілер кіреді.

Ал, шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында бастауыш білім беру мазмұнын трансформациялау осы білім беру мекемелерінің ерекшеліктерін ескере отырып, бірқатар стратегиялар мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Трансформациялау негізгі мақсаты - ШЖМ-нің ерекше жағдайларына бейімделген білім беру мазмұнын қалыптастыру арқылы оқушылардың сапалы білім алуын және дамуын қамтамасыз ету.

Т.Р. Садулаева білім беруді трансформациялауды дәстүрлі оқыту модельдерінен инновациялық форматтарға көшу ретінде сипаттайды. Бұл жаңа форматтар білім беруді даралау және цифрлық технологияларды қолдану арқылы тиімділікті арттыруды көздейді [168]. Білім алушылардың білімге қолжетімділігін кеңейтуге және оқытудың сапасын арттыруға мүмкіндік беретіндігі жайлы И.В.Вешнева [169], Т.О.Разумова, И.Г.Телешова [170], Д.Н.Сырцов, Ф.Б.Мирзаева [171] еңбектерімен танысуға болады. Бұл зерттеулерде білім берудегі трансформация ұғымы әртүрлі қырлардан қарастырылады. Ол тек технологиялық жаңашылдықтарды енгізумен шектелмейді, сонымен қатар білім берудің мазмұны мен қолданудың жаңа әдістемесін қайта қарауды қамтиды. Басты мақсат - оқушылардың жеке қасиеттерін дамыту, оларды жаһандық өзгерістерге бейімдеп, білімді игеру мен қолданудың жаңа әдістерін меңгерту. Білім берудің трансформациясы білім алушыға бағытталған, икемді жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, білім беруді трансформациялау - бұл тек мазмұнды өзгерту ғана емес, тұтастай білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған, кешенді үдеріс. Бұл ұғым келесі аспектілерді қамтиды:

- білім беру жүйесін бейімдеу - қоғамдағы, технологиялардағы және экономикадағы өзгерістерді ескеріп, білім беру құрылымын жетілдіру. Мысалы, цифрлық оқыту платформаларын енгізу, қашықтан оқыту әдістерін дамыту;

- оқыту әдістерін жаңарту - дәстүрлі оқыту тәсілдерінен икемді және жаңашыл әдістерге көшу. Бұл оқытуды тұлғаға бағытталған және практикалық дағдыларды дамытуға бейімдеуді білдіреді;

- білім беру жүйесін бейімдеу - қоғамдағы, технологиялардағы және экономикадағы өзгерістерді ескеріп, білім беру құрылымын жетілдіру;

- оқыту әдістерін жаңарту - дәстүрлі оқыту тәсілдерінен икемді және жаңашыл әдістерге көшу. Бұл оқытуды жеке тұлғаға бағытталған және практикалық дағдыларды дамытуға бейімдеуді білдіреді;

- оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру - пәндер арасындағы интеграцияны күшейту, пәнаралық байланыстарды дамыту және оқушылардың сындарлы ойлау қабілетін дамытуға арналған мазмұнды енгізу.

- педагогикалық тәсілдерді жаңғырту - мұғалімдердің рөлін тек білім жеткізуші емес, оқушылардың даму серіктесі ретінде қарастыру;

- білім беруді трансформациялау білім сапасын арттыруға және оның қазіргі заманның талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл үдеріс;

- оқушыларды өмірлік сын-қатерлерге дайын болуға үйретеді;

- қоғамдық және технологиялық өзгерістерге жылдам бейімделе алатын, креативті және дербес тұлғаларды қалыптастырады;

- білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға жақындатып, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Оқу-әдістемелік жұмыс дайындығын педагогикалық трансформациялау шағын жинақты мектеп жағдайында келесі бағыттарды қамтиды:

1. Оқу-әдістемелік құралдар мен мазмұнды жаңарту. Шағын жинақты мектептердің нақты қажеттіліктеріне бағдарланған оқу жоспарлары мен әдістемелік базаны жаңарту талап етіледі. Бұл бағытта үш негізгі міндет қойылады:

- біріктірілген сыныптарды оқытуға арналған арнайы бағдарламалық-әдістемелік кешенді әзірлеу немесе қайта қарау.

- сынып ішіндегі әртүрлі жас тобындағы оқушылардың деңгейіне сәйкес келетін дидактикалық материалдар мен тапсырмалар жинағын құру.

- мұғалімдерге нақты, қолдануға ыңғайлы және жағдайға бейімделетін икемді әдістемелік нұсқаулар мен үлгілерді әзірлеп беру. Осындай түрлендіру оқу процесін шағын жинақты мектептің шарттарына толық сәйкестендіруге және оның сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Оқу материалдарының мазмұны шағын сынып жағдайында тиімді оқытуға бейімделіп, пәнаралық байланыстар мен интеграцияланған білім беру тәсілдерін қамтуы тиіс.

2. Әдістемелерді бейімдеу. Шағын жинақты мектепте бірнеше сынып оқушыларының бір уақытта білім алуы жиі кездесетін құбылыс. Сондықтан интеграцияланған сабақтарды өткізу әдістерін жетілдіру; пәнаралық тәсілдерді дамыту, яғни бірнеше пәнді бір уақытта оқыту әдістемесін енгізу; сабақ уақытын тиімді ұйымдастырып, оқушылардың белсенділігін арттыратын әдіс-тәсілдерді пайдалану қажет. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдеумен қатар, оқу процесін бірізді және нәтижелі жүргізуге мүмкіндік береді.

3. Оқушылардың қажеттіліктерін есепке алу. Әр оқушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және даму деңгейін ескеру маңызды, ол үшін жеке және топтық тәсілдерді қолдану; оқушылардың танымдық қажеттіліктеріне қарай тапсырмаларды іріктеу қажет.

4. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру. Шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің іс-әрекеті әртүрлі сипатта болу керек, яғни бір уақытта бірнеше

сыныпты және пәнді оқытуды меңгеруі қажет. Бұл үшін болашақ педагогтерді шағын жинақты мектептің ерекше жағдайларына дайындау; мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыратын курстар мен семинарлар ұйымдастыру; заманауи оқыту технологиялары мен әдістерін игеру бойынша тренингтер өткізу қажет. Сонымен бірге, мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіп, олардың жұмыс сапасын арттыруға жағдай жасау маңызды.

Шағын жинақты мектеп жағдайында құзыреттілік тәсілдің маңызы ерекше, себебі ол оқу процесін икемді әрі тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Негізгі құзыреттер педагогтың кәсіби дайындығының сапасын ғана емес, сонымен қатар оның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Білім беру қызметінің қазіргі тұтынушысы тек мемлекет қана емес, сондай-ақ ата-аналар мен балалар болғандықтан, педагог өз қызметін олардың үміттері мен сұраныстарына сай бейімдеуі тиіс.

Э.Ф. Зеер құзыреттілік тәсілге «білім берудің мақсат-векторларына басымдық беру: оқуға қабілеттілік, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі іске асыру, әлеуметтену және жеке тұлғаны дамыту» ретінде анықтама береді [172]. Осы анықтамаға сүйене отырып, М.В. Смородинова құзыреттілік тәсіл жалпы білім беру жүйесін дамыту сапасын жақсартуға мүмкіндік беретіні туралы айтуға болады деп тұжырымдайды [173].

Құзыреттілікке негізделген тәсіл қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың өмірге бейімділігі мен болашақта табысты тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік беретін маңызды әдістердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл оқушылардың білімді тек меңгерумен шектелмей, оны өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілетін дамытуға бағытталған. Әсіресе, шағын жинақты мектептерде (ШЖМ) құзыреттілік тәсілдің рөлі ерекше, себебі мұндай мектептерде оқу процесі бірқатар қиындықтармен сипатталады: сыныптарда әртүрлі жастағы және білім деңгейі әртүрлі оқушылар оқиды, ресурстар шектеулі, ал мұғалімдер бір мезгілде бірнеше пән бойынша сабақ беру міндетін атқарады. Мұндай жағдайларда құзыреттілік тәсіл оқыту мазмұнын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бұл тәсілдің өзектілігі қазіргі қоғамның өзгерістеріне және білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың күшеюіне байланысты. Оқушыларды өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған біліммен қамтамасыз ету, олардың сыни ойлау, қарым-қатынас жасау, шешім қабылдау және өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамыту – бүгінгі күннің негізгі талаптарының бірі. ШЖМ оқушыларына білім беру барысында құзыреттілік тәсіл олардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, бірлескен қызметке икемділігін арттырады және білімді өмірлік тәжірибеде қолдануға үйретеді.

Құзыреттілік тәсілдің мәні оның оқушыны нақты білім көлемімен қамтамасыз етуден гөрі, оның алған білімін жүйелі түрде қолдана алу қабілетін қалыптастыруында жатыр. Бұл тәсіл оқушының бойында үш негізгі құзыреттілікті дамытуға бағытталған: әмбебап (кілттік), пәндік және әлеуметтік-өмірлік. Әмбебап құзыреттіліктер оқушының кез келген өмірлік

жағдайда бейімделуіне мүмкіндік беретін дағдыларды қамтиды. Мысалы, қарым-қатынас жасау, топта жұмыс істеу, шешім қабылдау және өз әрекеттерін жоспарлау.

Пәндік құзыреттіліктер білімнің белгілі бір саласына қатысты дағдыларды меңгеруді көздейді, мысалы, математикалық есептерді шешу, ана тілінде сауатты жазу немесе жаратылыстану ғылымдарын зерттеу. Ал әлеуметтік-өмірлік құзыреттіліктер оқушыларды қоғамда тиімді әрекет етуге, өзін-өзі дамытуға және әлеуметтік ортаға бейімделуге дайындайды.

Н. В. Кухаревтің позициясымен келісіп, ол педагогтің жеке қасиеттерін үш топқа бөледі деп қарастырамыз:

- Жеке ерекшеліктерге негізделген қасиеттер: интуиция, әдептілік, интерференция сезімі.

- Адамаралық өзара әрекеттестік процесінде көрінетін қасиеттер: рефлексия, идентификация, эмпатия.

- Педагогикалық қабілеттерге негізделген және үнемі дамытуды талап ететін қасиеттер: өзара әрекеттесу субъектісінің мүмкіндіктерін анықтау және дамыту қабілеті, яғни табыс жағдайын жасау [174].

Бұл топтамалар педагогтің кәсіби қызметінде маңыздылығын және оның табысты жұмыс істеуінің негізін құрайды.

ШЖМ жағдайында құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру мұғалімнің ерекше икемділігін және кәсіби шеберлігін талап етеді. Мұғалім әртүрлі жастағы оқушылардың деңгейіне бейімделген көп деңгейлі сабақтарды ұйымдастырады, жеке траекторияларды жоспарлайды және білімді интеграциялық әдіспен ұсынады. Бұл тәсіл оқушыларды тек біліммен қамтамасыз етпейді, сонымен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін, өзіндік ойлауын және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталады. Мысалы, математика сабағында оқушылар жергілікті табиғатты зерттеумен айналысып, географиялық деректерді қолдана алады, ал әдебиет сабақтарында тарих пен мәдениет элементтері біріктіріледі.

Құзыреттілік тәсілді іске асырудың құралдары ретінде интеграциялық сабақтар, жобалық жұмыстар, ойын әдістері және цифрлық ресурстар қолданылады. Бұл әдістер оқушылардың қызығушылығын арттыруға, білімді меңгеру процесін жеңілдетуге және оларды өмірде қолдануға дайындауға бағытталған. Әсіресе, цифрлық технологиялар ШЖМ жағдайында маңызды рөл атқарады, себебі олар ресурстардың жетіспеушілігін толықтыруға мүмкіндік береді және оқушылардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Осылайша, құзыреттілік тәсіл ШЖМ-де білім мазмұнын жаңартудың негізгі құралы болып табылады. Бұл тәсіл оқушыларды тек білім алуға емес, оны өмірде тиімді қолдануға, өзін-өзі дамытуға және әлеуметтік ортада бейімделуге үйретеді. Мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен жаңа әдістерді қолдануы бұл тәсілдің табысты іске асуына ықпал етеді.

Құзыреттілік тәсіл – ШЖМ түлектерінің заманауи қоғам талаптарына сай білімді, бейімделгіш және өз бетінше әрекет ете алатын тұлға ретінде

қалыптасуына бағытталған маңызды құрал. Педагогтің кәсіби құзыреттіліктері жайлы құнды пікірлерді Ф.Н. Жұмабекова [175], А.Н. Жорабекова [176], М.К. Джангильдинов [177], К.О. Оразбаева [178] зерттеулерінен табуға болады. Жалпы алғанда, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – бұл педагогтің тұлғалық және кәсіби қасиеттерінің ерекше үйлесімі. Ол, біріншіден, эрудиция мен кең көзқарасты қамтиды.

Бұл мұғалімнің терең және ауқымды білімге ие болуын, кәсіби педагогикалық дағдыларды жетік меңгеруін және шығармашылық қабілеттерін іске асыруға дайын болуын білдіреді. Екіншіден, кәсіби құзыреттілік жоғары азаматтық ұстаныммен сипатталады, яғни педагогтің кәсіби психологиялық көзқарастары мен өзіндік сана-сезімі айқын қалыптасуы керек. Үшіншіден, мұғалімнің жауапкершілігі әлеуметтік-педагогикалық тәжірибеге негізделеді және ол өз қызметінің нәтижелеріне деген жоғары жауапкершілікпен ерекшеленеді. Мұғалімнің білімі мен дағдылары, азаматтық ұстанымы және кәсіби жауапкершілігі оның педагогикалық қызметінің сәттілігін айқындайтын негізгі факторлар болып табылады.

Шағын жинақты бастауыш мектеп мұғалімінің бойында болуы қажет құзіреттіліктер оның жұмыс жағдайлары мен ерекшеліктеріне байланысты өзгешеленеді. Шағын жинақты мектептерде бірнеше сыныпты бір мұғалім оқытатындықтан, бұл мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі ерекше жоғары болуы тиіс. Ол келесі құзіреттіліктерді қамтуы керек:

- коммуникациялық құзіреттілік;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану құзіреттілігі;
- дифференциалды және жеке оқыту құзіреттілігі;
- педагогикалық рефлексия;
- көшбасшылық және ұйымдастырушылық құзіреттілік;
- үнемділік және шығармашылық;
- эмоционалды интеллект;

Кесте 7 - Жалпы бастауыш мектеп мұғалім мен шағын жинақты бастауыш мектеп мұғалімінің құзіреттілік ерекшеліктері

<b>Жалпы бастауыш мектеп мұғалімінің бойында болуы қажет құзіреттіліктер</b>	<b>Шағын жинақты бастауыш мектеп мұғалімінің бойында болуы қажет құзіреттіліктер</b>
<p>1. Педагогикалық құзіреттілік. Бастауыш сынып мұғалімі балалардың даму ерекшеліктерін, оқыту әдіс-тәсілдерін білуі . тиіс. Бұл құзіреттілік педагогикалық ғылымдар негіздеріне терең білімді талап етеді, оның ішінде психология, педагогика, оқыту әдістемелері мен теориясы</p>	<p>1. Педагогикалық әмбебаптық. Шағын жинақты мектеп мұғалімі әртүрлі жас топтарының балаларымен жұмыс істейді. Сондықтан ол бір уақытта бірнеше пәнді оқытуға және әр сыныптың оқу жоспарын ескере отырып, әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана білуі қажет. Бұл әмбебап педагогикалық білім мен дағдыларды талап етеді</p>

## 7-кестенің жалғасы

<p>2.Коммуникациялық күзiреттiлiк. Бастауыш сынып мұғалiмi балалармен, ата-аналармен, әрiптестермен тиiмдi қарым-қатынас орната бiлуi қажет. Бұл күзiреттiлiк вербалды және вербальды емес коммуникацияны қамтиды, сонымен қатар сөздiк қордың кеңдiгi мен сөйлеу мәдениетiне де байланысты. Коммуникациялық қарым-қатынас жалпы сынып құрамына бағытталады.</p>	<p>2. Коммуникациялық күзiреттiлiк. Мұғалiмнiң ата-аналармен және әрiптестерiмен тиiмдi қарым-қатынас орната бiлуi өте маңызды. Шағын жинақты мектеп жағдайында ата-аналармен жиi байланыста болу, олардың оқу процесiне қатысуы, мектептiң барлық мәселелерiне көңiл бөлу қажет. Коммуникациялық қарым-қатынас топтасқан сыныптардың ерекшелiктерiн ескере отырып жасалады.</p>
<p>3.Ақпараттық-коммуникациялық күзiреттiлiк Заманауи технологияларды тиiмдi пайдалану дағдылары, яғни бiлiм беру саласында цифрлық құралдарды қолдану, электрондық оқулықтар мен бағдарламаларды меңгеру. Бұл күзiреттiлiк бiлiм берудiң қазiргi заманғы әдiстерi мен технологияларын енгiзуге мүмкiндiк бередi.</p>	<p>3.Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану күзiреттiлiгi Шағын жинақты мектептерде ресурстар шектеулi болған жағдайда, мұғалiмнiң оқыту процесiнде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану сынып құрамын және пән аралық интеграция саралау және икемдеу тұғырлары мен ұстамдарын қатаң сақтау арқылы ғана қол жеткiзе алады.</p>
<p>4. Дифференциалды оқыту күзiреттiлiгi Әр оқушының жеке ерекшелiктерiн ескере отырып, оқу бағдарламасын бейiмдеу, әртүрлi деңгейдегi балаларға арналған тапсырмаларды дайындау және ұйымдастыру қабiлетi</p>	<p>4. Дифференциалды және жеке оқыту күзiреттiлiгi Педагог бiрiншiден, сыныптық ерекшелiктердi ескеру керек; екiншiден, жас және тұлғалық ерекшелiктерi. Әр оқушының жеке ерекшелiктерiн, қызығушылықтарын ескерiп соның негiзiнде оқу әдiстемелiк құралдарды тиiмдi пайдалану жолдарын жобалау оқыту бағытында жүзеге асырады. Мұғалiм әртүрлi деңгейдегi оқушыларға тапсырмаларды бейiмдеп, олардың жеке даму траекториясына сәйкес оқытуы керек.</p>
<p>5. Педагогикалық рефлексия Өзiн-өзi талдай бiлу, оқыту тәжiрибесiнен қорытынды жасау және кәсiби өсу үшiн өз iс-әрекетiн үзiксiз бағалау және дамыту. Мұғалiм әр сабақтан кейiн, әр оқушының даму деңгейiн бақылап, рефлексия жасау арқылы оқу сапасын жақсартуға күш салады.</p>	<p>5. Педагогикалық рефлексия Басты ерекшелiк аталмыш оқу процесiнде рефлексия бiрiккен сыныптар ерекшелiктерiн ескеру арқылы тұтастықты қамтамасыз ететiн бағытта болуды талап етедi. Оқу процесiнде гi жетiстiктер мен кемшiлiктер кешендi және әмбебап тұрғысында қарастырылып оларды жою жолдары да тұтастықты пен икемдiлiктi қатаң сақтай отырып қана қол жеткiзуi мүмкiн. бағалай отырып, үнеми кәсiби даму мен жетiлдiруге ұмтылу.</p>

## 7-кестенің жалғасы

<p>10. Психологиялық құзіреттілік Бастауыш мектеп мұғалімі оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін түсініп, әр балаға жеке тұлға ретінде көзқарас қалыптастыруы керек. Мұғалім балалардың эмоциялық жағдайын ескеріп, олардың дамуына қолайлы жағдай жасауы тиіс.</p>	<p>10. Психологиялық құзіреттілік Мұғалімнің әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін түсіну және олармен дұрыс қарым-қатынас орнату қабілеті. Шағын жинақты мектеп мұғалімі балалардың психологиялық жағдайын ескере отырып, олардың әлеуметтік, эмоциялық дамуына әсер етуі тиіс.</p>
<p>11. Тәрбиелік құзіреттілік. Мұғалім оқушылардың мінез-құлқын қадағалап, олардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруы қажет. Бұл оқушылардың тәртібін басқару және оларды қоғамға бейімдеу үшін маңызды.</p>	<p>11. Тәрбиелік құзіреттілік. Шағын жинақты мектеп мұғалімі оқушылардың тәртібін дұрыс бағыттап, олардың тұлғалық дамуына, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға үлес қосуы керек. Мұғалім балалардың мінез-құлқын түзету, тәрбие жұмыстарын жүргізу дағдыларына ие болуы тиіс.</p>
<p>12. Үнемділік және шығармашылық Мұғалім оқытуда қолжетімді ресурстарды тиімді пайдалана отырып, шығармашылық әдістер арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға міндетті. Бұл оқыту процесінің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталады</p>	<p>12. Үнемділік және шығармашылық Шағын жинақты мектеп жағдайында ресурстар шектеулі болуы мүмкін. Сондықтан мұғалім оқыту процесін шығармашылықпен ұйымдастырып, оқушылардың қызығушылықтарын оятатын тиімді және үнемді әдіс-тәсілдерді қолдануы керек.</p>
<p>13. Эмоционалды интеллект Мұғалім оқушылардың эмоциялық жағдайын түсініп, олардың көңіл-күйіне сәйкес қарым-қатынас орнатуы тиіс. Бұл оқушылармен тиімді байланыс орнатуға және жағымды оқу ортасын қалыптастыруға көмектеседі.</p>	<p>13. Эмоционалды интеллект Шағын жинақты мектептің оқушыларымен жұмыс істегенде мұғалімнің жоғары эмоциялық интеллектке ие болуы маңызды. Бұл оның әр оқушының жеке эмоционалдық күйін түсініп, соған сәйкес әрекет етуіне мүмкіндік береді.</p>
<p>14. Көпфункционалдық құзіреттілік Мұғалім оқу, тәрбие, бақылау және бағалау сияқты міндеттерді үйлестіре отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыра білуі тиіс. Бұл уақытты дұрыс басқару мен көпқырлы міндеттерді орындау үшін маңызды.</p>	<p>14. Көпфункционалдық құзіреттілік Шағын жинақты мектеп мұғалімі бірнеше функцияны қатар орындайды: оқу, тәрбие, ұйымдастыру, бақылау және бағалау. Сондықтан ол өзінің әртүрлі міндеттерін тиімді үйлестіруді, уақытты дұрыс бөлу мен ұйымдастыруды білуі қажет.</p>

Сонымен, біз жалпы бастауыш мектеп мұғалім мен шағын жинақты бастауыш мектеп мұғалімінің құзіреттілік ерекшеліктерін 8- кестеде ұсынып отырмыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлылық мазмұнын шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына трансформациялау – олардың

кәсіби құзыреттілігін арттырудың маңызды құралы. Бұл үдерістер білім беру мазмұнын заманауи талаптарға бейімдеуге, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге және шағын жинақты мектептерде білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, рефлексия мен трансформациялауды қолдану мұғалімдерді кәсіби тұрғыда жан-жақты даярлауға, оқыту процесінің тиімділігін арттыруға және білім алушылардың қажеттіліктеріне жақын беруге ықпал етеді.

Алайда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлық мазмұнын шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына трансформациялаудың бірден-бір тетігі-элективті курс әзірлеу және оқу процесіне енгізу болып табылады. Дәстүрлі педагогикалық білім беру бағдарламалары бұл мәселелерді толық қамти алмайды. Осыған байланысты элективті курс:

1. ШЖМ жағдайына бейімделген педагогикалық технологияларды меңгеруге мүмкіндік береді.

2. Болашақ мұғалімдерді көппәнді оқыту, икемді жоспарлау және әртүрлі деңгейдегі оқушылармен жұмыс істеуге дайындайды.

3. ШЖМ ерекшеліктерін ескере отырып, әдістемелік және практикалық дағдыларды қалыптастырады.

Элективті курсты әзірлеудегі басты мақсат болашақ мұғалімдердің ШЖМ жағдайында тиімді жұмыс істеуіне қажетті кәсіби құзыреттіліктерді дамыту екендігі айқын. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін болашақ бастауыш ШЖМ мұғалімдерінің төмендегі дағдылары дамып, қалыптасады:

- ШЖМ-де оқыту процесінің ерекшеліктерін түсіндіру және теориялық негіздерін меңгеру;

Бұл элективті курсты оқу бағдарламасына енгізу оқу сапасын арттырады - болашақ ШЖБМ мұғалімдері оқу процесін ұйымдастыруда икемді және креативті әдістерді қолдануға үйренеді, бұл оқушылардың білім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Келесі аспект - аталмыш курс мұғалімдердің көпқырлы болуына көмектеседі, яғни, курсты меңгерген студенттер бір мезгілде бірнеше пәнді оқытуға және оқу процесін басқаруға дағдыланады. Сонымен, элективті курстарды оқу бағдарламасына енгізу арқылы біз ШЖМ мұғалімдерінің кәсіби және оқу-әдістемелік даярлық деңгейін жаңа сатыға көтере аламыз.

Цифрлық білім беру қазіргі уақытта Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды құралына айналуда, әсіресе, шағын жинақты мектептер (ШЖМ) жағдайында оның рөлі ерекше. ШЖМ-нің демографиялық және экономикалық себептермен қалыптасқанын ескерсек, цифрлық технологиялар бұл мектептерде оқу сапасын арттырудың және оны қолжетімді студенттің тиімді тәсілі болып табылады. Осыған орай, білім беруде мазмұнын цифрлық трансформациялау білім берудегі теңсіздікті азайып, ауылдық аймақтардағы оқушылардың білім деңгейін арттыруға бағытталған кешенді шешім болып табылады.

В. А. Дмитриев, Т. А. Игнатъев және В. П. Пилявскийдің пікірінше «білім беруді цифрлық трансформациялау келесі негізгі міндеттерді келісімді шешуді қамтамасыз етуі тиіс: инфрақұрылымды дамыту (деректерді өңдеу орталықтары, байланыс арналары және цифрлық оқу материалдарына, ашық және проблемалық-бағдарлы білім беру платформаларына қол жеткізу құрылғылары); жасанды интеллект және басқа да озық технологияларға негізделген бейімделген оқыту және бағалау алгоритмдерін қолдана отырып, цифрлық оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу; оқытуды тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін платформалық шешімдер мен оқу басқару жүйелерін (Learning Management System, LMS) әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу; цифрлық ортада білім беру бағдарламаларын сәтті әзірлеу және жүзеге асыру үшін оқытушылардың компьютерлік сауаттылығын арттыру" [179].

Авторлар қазіргі жағдайларда университеттің мынадай міндеттерді өз мойнына алуы қажет екенін ерекше атап көрсетеді:

- шағын жинақты мектептерді (ШЖМ) жаңғырту процесін ресурстық қамтамасыз етудің басқарушылық және кадрлық механизмдерін негіздеу, апробациядан өткізу және жүзеге асыру. Бұл ШЖМ-нің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және оны қолдауға қажетті жүйелі басқару тәсілдерін қамтамасыз етуді көздейді.

- ШЖМ педагогикалық құрамының кәсіби құзыреттілігін дамыту механизмі ретінде педагогикалық модельді және оның даму жағдайларын әзірлеу, апробациялау және енгізу. Бұл мектеп педагогтарының кәсіби шеберлігін жетілдіруде жүйелі әрі тиімді тәсілдерді енгізу қажеттілігін білдіреді.

- ШЖМ мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту мазмұнын қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары арқылы әзірлеу және енгізу. Бұл ШЖМ педагогикалық ұжымының кәсіби өсуін қамтамасыз ету және оларды қазіргі заман талаптарына сай оқыту мен тәрбиелеу процесіне бейімдеу үшін маңызды. Осы міндеттерді іске асыру университетке ШЖМ-нің жаңғырту процесінде маңызды рөл атқарып, олардың сапалы дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді [179, 27 б].

ШЖМ үшін цифрлық білім берудің негізгі маңызы – қашықтан оқыту арқылы сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету. Егер қалалық немесе ресурстары жеткілікті мектептер үшін цифрлық технологиялар білім беруді байыту құралы ретінде қолданылса, ШЖМ үшін бұл қажеттілікке айналады. Қашықтан оқыту жүйелері, интерактивті платформалар мен цифрлық ресурстар білім беру процесінің тиімділігін арттырумен қатар, мұғалімдердің көпмәнді оқытудағы жүктемесін жеңілдетеді. Сонымен қатар, цифрлық білім беру экономикалық тұрғыдан тиімді, өйткені ол штаттық мұғалімдер құрамын ұлғайтпай-ақ оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның ауылдық аймақтарындағы ШЖМ-де бейнесабақтар, интерактивті жаттығулар, онлайн тесттер мен виртуалды лабораториялар оқу

процесін жаңғыртуда үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, қашықтан оқыту ауылдық мектептердегі білікті кадрлардың жетіспеушілігін азайтуға ықпал етеді, өйткені оқушылар жетекші мұғалімдердің тәжірибесін тікелей қашықтан ала алады.

Цифрлық білім берудің негізінде барлық оқушылар бірдей сапалы білім ресурстарына қол жеткізе алады, бұл аймақтар арасындағы білім беру теңсіздігін азайтуға мүмкіндік береді. Бұл ретте мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру және ауылдық мектептерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету.

Цифрлық білім беру саласындағы ұлттық күш-жігер келесі негізгі мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс:

1. Сапалы цифрлық мазмұнның қолжетімділігін қамтамасыз ету. Барлық оқушылар, оқытушылар мен тәрбиешілер үшін оқу бағдарламаларына сәйкес келетін жоғары сапалы цифрлық контентке қолжетімділікті қамтамасыз ету маңызды. Бұл қолжетімді цифрлық оқу платформаларын ұсыну арқылы жүзеге асырылып, мүгедектер, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан және әртүрлі әлеуметтік топтардың, оның ішінде байырғы қауымдастықтардың өкілдеріне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Бұл шалғайда жатқан ШЖМ үшін де маңызды.

2. Цифрлық құралдарды тиімді пайдалану дағдыларын дамыту. Оқытушылардың, оқушылардың және білім беру саласындағы мүдделі тараптардың цифрлық құралдарды қолданудағы әлеуетін, дағдыларын және білімін нығайту қажет. Бұл өмір бойы үздіксіз білім алу процесінде ғылыми негізделген және мазмұн мен бағыт тұрғысынан барынша тәуелсіз оқытуға ықпал етеді.

3. Оқу мазмұны мен әдістерінің үйлесімділігін қамтамасыз ету. Цифрлық оқу-әдістемелік ресурстардың, оқу бағдарламаларының жалпы мазмұны мен оқыту әдістерінің өзара тиімді үйлесімділігіне қол жеткізу маңызды.

Цифрлық білім беруді трансформациялау ауылдық мектептердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, бүкіл білім беру жүйесінің дамуына серпін береді. Осындай жағдайда дистанциялық оқыту тек қосымша мүмкіндік емес, нақты қажеттілікке айналады. Қашықтан оқыту жүйелері сабақтарды ұйымдастыруға икемділік береді, мұғалімдердің жетіспеушілігін азайтады және оқу материалдарын оқушыларға жеткізудің қолжетімділігін арттырады. Білікті педагогтердың сабақтары цифрлық платформалар арқылы қолжетімді болып, кез келген оқушы елдің түкпір-түкпірінен сапалы білім ала алады.

Сонымен қатар, қашықтан оқыту ШЖМ-нің экономикалық тиімділігін қамтамасыз етеді. Бір мұғалім қашықтан оқыту арқылы бірнеше мектептің оқушыларымен жұмыс істей алады. ШЖМ жағдайында бір мұғалімнің бірнеше пәнді оқытуы оқу процесінің сапасын қамтамасыз етуде қиындықтар туғызуы мүмкін. Бұл жерде цифрлық ресурстар қосымша білім беру материалы ретінде үлкен көмек көрсетеді. Олар оқу сапасын жақсартып, мұғалімнің жүктемесін жеңілдетеді.

Бейнесабақтар қашықтан оқыту кезінде негізгі құралдардың бірі. Олар пәндерді тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді, оқушылар сабақтан кейін бейнематериалдарды қайта қарап, меңгеру деңгейін жақсартып алады. Сонымен қатар, оқушылар мұғалімнің уақытының жетіспеушілігіне байланысты қолжетімділігі шектеулі болса да, үздік ұстаздардың сабақтарына қатыса алады.

Интерактивті жаттығулар – оқушылардың белсенділігін арттырып, сабаққа деген қызығушылығын оятады. Мұндай жаттығулар оқушылардың білімін тексеру және жетілдіру үшін тиімді құрал болып табылады. Олар оқушыларға теорияны тәжірибе арқылы бекітуге мүмкіндік береді.

Онлайн тесттер – оқыту сапасын бақылаудың заманауи әдісі. Бұл тесттер оқушылардың материалды меңгеру деңгейін жедел тексеруге және оларға дер кезінде кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тесттердің нәтижелері мұғалімдерге оқыту әдістемесін уақытында түзетуге көмектеседі.

Цифрлық ресурстар тек оқу материалдарын жеткізу ғана емес, оқыту сапасын жаңа деңгейге көтерудің тиімді құралы болып табылады. Олар мұғалімдерге пәндерді қызықты әрі түсінікті түрде ұсынуға, ал оқушыларға оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Осылайша, цифрлық технологияларды пайдалану ШЖМ-де оқыту сапасын қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады.

Шағын жинақты мектептердегі (ШЖМ) білім беру мазмұнын трансформациялау – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мектептердің ерекшеліктері (оқушылар санының аздығы, мұғалімдердің жетіспеушілігі, ресурстардың шектеулілігі) оқу процесін тиімді ұйымдастыруды талап етеді. Трансформация процесі дәстүрлі оқыту стилін жаңғыртуды және оқушылардың танымдық белсенділігі мен өз бетінше ойлау қабілетін дамытатын жаңа конструктивті білім беру моделіне көшуді қамтиды. Білім беру мазмұны оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың пәндік білімдерін меңгеріп қана қоймай, өмірлік маңызды құзыреттерді қалыптастыруына бағытталуы тиіс.

ШЖМ мұғалімінің рөлі осы трансформацияның орталық элементі болып табылады. Мұғалім тек пән мұғалімі ғана емес, сонымен қатар үйлестіруші, кеңесші және ұйымдастырушы рөлдерін атқаруы тиіс. Ол оқу процесін ұйымдастыру барысында оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөліп, олардың өз жетістіктерін бағалап, өздерін жайлы сезінуін қамтамасыз етуі керек. Бұл міндеттерді орындау үшін мұғалімге жаңа құзыреттерді меңгеру және кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіру қажет.

Қазіргі білім беру жүйесінде ең басты басымдық – оқушыны өз бетімен ойлануға, ізденуге, шешім қабылдауға жетелеу. Осы бағытта оқу мазмұнын жаңарту тек мазмұн ауыстырумен шектелмейді, ол оқушының белсенді қатысуына негізделген жаңа тәсілдерді қажет етеді. Сабақтарда интерактивті форматтар, шығармашылық тапсырмалар мен нақты жағдайларды талдайтын

әдістер жиі қолданылуы тиіс. Бұл балалардың алған білімдерін өмірде қолдануға, ақпаратты сүзгіден өткізіп, өз ойларын дәлелдеп жеткізуге үйретеді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар – заманауи білім берудің ажырамас бөлігі. Бейнесабақтар, онлайн тесттер, түрлі интерактивті жаттығулар мен қашықтан оқыту платформалары оқытуды анағұрлым икемді әрі қолжетімді етеді.

ШЖМ-дегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне қойылатын талаптар да өзгереді. Ол оқу мазмұнын әртүрлі жастағы және дайындық деңгейі әртүрлі оқушыларға бейімдей отырып, шығармашылықпен жоспарлауы қажет. Сонымен қатар, мұғалім инновациялық технологиялар мен әдістерді меңгеріп, оларды күнделікті тәжірибеде қолдана білуі керек. Мұғалімнің рөлі мен оның шеберлігі трансформацияланған білім беру мазмұнын жүзеге асырудың негізгі шарттары болып табылады.

Осылайша, ШЖМ-дегі білім беру мазмұнын трансформациялау оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеруге, олардың шығармашылық және танымдық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл процесс заманауи білім беру талаптарына жауап беретін жаңа білім беру жүйесін құруға ықпал етеді және ШЖМ-дегі оқыту сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

## **2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты бастауыш мектептегі оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау мүмкіндіктері**

Қазіргі кезде Қазақстанның білім беру жүйесі құзыреттілікке негізделген тәсілге негізделген, бұл оқу бағдарламаларының да сәйкес өзгеруіне әкелді. Бүгінде басты назар міндетті меңгеруге арналған оқу материалына емес, оқу нәтижелеріне ауысты. Яғни, мұғалімнің билік басымдылығымен сипатталатын әдістемелік тәсілдер орнына ынтымақтастыққа және оқушының белсенді қатысуына негізделген оқыту моделі алмастырылуда.

Алайда, шағын жинақты мектептердің өзіндік ерекшеліктері бар, соның ішінде жиі кездесетін басты қиындықтардың бірі – ондағы сабақтарды жоспарлау мен өткізуге арналған нақты әдістемелік нұсқаулықтардың жоқтығы және оқу-әдістемелік кешендердің жеткілікті дәрежеде әзірленбеуі болып табылады. Сондықтан, ШЖМ-да сабақтарды ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын жетілдіру маңызды. Бұл мәселе ШЖМ жағдайында оқытуды тиімді жүргізуге бағытталған кәсіби дағдыларды қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл ретте, «сабақ жоспары оқу процесінің ерекшеліктерін ескеруі тиіс» деген Л. А. Лебедева мен А. Б. Ақпаевалардың пікірін негізге алған жөн [180]. Олардың айтуынша, шағын жинақты мектепте кешенді жоспарлау әдісін қолдану тиімді. Бұл әдіс бірнеше сыныпқа арналған оқу материалдарын бір жоспар аясында біріктіруді және сабақтардың жалпы ұйымдастырылуын анықтауды көздейді.

Кешенді жоспарлау әдісінің басты ерекшелігі – мұғалімнің бірнеше сынып оқушыларымен бір мезгілде жұмыс істеуін оңтайландыруы. Сабақ жоспарын құру кезінде:

- әр сыныпқа арналған оқу мақсаттары мен тапсырмаларды анықтау.
- ортақ тақырыптарды немесе ұқсас оқу мазмұнын біріктіру арқылы тиімді жұмыс жүргізу.
- сыныптардың өздігінен орындайтын жұмыстары мен мұғалім басшылығымен өтетін әрекеттерін үйлестіру.

Бұл тәсілдің артықшылығы үш негізгі бағытта көрінеді:

1. Оқушылардың өздігінен жұмыс істеу қабілетін дамыту – оқушылар өз білім алу процесіне белсенді түрде қатысып, жауапкершілік пен өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастырады.

2. Мұғалімнің көп сыныпты бір мезгілде тиімді басқаруы – мұғалім бір уақытта бірнеше әртүрлі жас тобымен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, бұл шағын жинақты мектептердің құрылымдық ерекшеліктеріне толық сәйкес келеді.

Л.А. Лебедева мен А.Б. Акпаеваның зерттеулері шағын жинақты мектеп жағдайында оқу процесін ұйымдастырудың теориясы мен технологиясын жетілдіруде маңызды әдістемелік негіз болып табылады [180, 25 б.]. Сабақ жоспары қысқа әрі мазмұнды болуы қажет, сабақтың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті материалдарды қамтуы тиіс. Жоспарда сабақтың тақырыбы, мақсаттары, кезеңдері, сұрақтар және тапсырмалар нақты көрсетіледі. Оқушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмаларды жоспарға енгізу маңызды. Авторлар қосымша материалдарды сабақ жоспарына қосуды ұсынады. Бұл қосымша материалдар (сұрақтар, тапсырмалар) әңгіме барысында пайдалануға немесе негізгі тапсырманы ерте аяқтаған оқушыларға ұсынуға арналған. Мұндай тәсіл оқушылардың оқу белсенділігін арттырып, тақырыпты тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді [180, 65 б.].

Шағын жинақты мектепте бірнеше сыныппен қатар жұмыс істеу мұғалімнің қызметін ұйымдастыруда ерекше талаптар қояды және белгілі бір қиындықтарды туындатады. Бұл қиындықтар төмендегідей сипатталады. Мұғалім сабақ уақытының жартысын немесе одан аз бөлігін бір сыныппен тікелей жұмыс істеуге арнауға мәжбүр болады. Сонымен қатар басқа сыныптағы оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру қажет. Мұғалімнің назары екі немесе үш сыныпқа бөлінеді, бұл оқу процесінің тиімділігіне әсер етуі мүмкін. Оқушылар өздігінен жұмыс істеген кезде, олар мұғалімнен дереу көмек алу мүмкіндігінен айырылады, себебі мұғалім сол уақытта басқа сыныппен жұмыс істеуде болады.

Өзіндік жұмыс барысында оқушылар басқа сыныптағы сабақтың кедергісін сезінеді, себебі бір сыныпта сабақ түсіндіру немесе талқылау өтіп жатуы мүмкін. Шағын жинақты мектеп мұғалімі күн сайын 8-ден 12-ге дейінгі сабаққа дайындалуы керек, бұл үлкен уақыт пен еңбек шығынын талап етеді.

Дегенмен, бірнеше сыныппен бір уақытта жұмыс істеудің өзіндік артықшылықтары да бар. Мысалы, оқушылар саны аз болғандықтан, әрбір оқушыға жеткілікті уақыт бөлуге, олардың білім деңгейін мұқият тексеруге және жеке ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік бар. Аз оқушы саны үй тапсырмаларын тексеруге және бағалауға жұмсалатын уақытты айтарлықтай қысқартады.

Жоғары сынып оқушылары бастауыш сынып оқушыларына көмек көрсету мүмкіндігіне ие болады, себебі олар күнделікті бір сынып бөлмесінде бір уақытта оқиды. Бұл олардың өзара байланысын нығайтып, ұжымдық қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді. Бұл ерекшеліктер мен артықшылықтар шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің қызметін тиімді ұйымдастыруға бағытталған жаңа әдістемелерді қажет етеді және болашақ педагогтарды кәсіби даярлау барысында ескерілуі тиіс.

Бастауыш шағын жинақты мектептердегі сабақтардың құрылымы стандартты тәсілдерден ерекшеленеді. Ең басты ерекшелігі – екі немесе үш сыныппен қатар сабақ жүргізу барысында оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуін тиімді ұйымдастыру қажеттілігі. Мұндай мектептерде оқушылардың өздік жұмысы сабақ уақытының 50%-дан астамын құраса, ал қарапайым мектептерде бұл көрсеткіш шамамен 20%-ды ғана қамтиды. Сабақтың нәтижелілігі көбінесе мұғалімнің басшылығымен және оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне дұрыс бағыт-бағдар беруіне байланысты.

Әсіресе, бірінші сыныптың алғашқы оқу жылының алғашқы жартысында, оқушылардың өздігінен жұмыс жасау дағдысы әлі қалыптасып үлгермеген кезеңде, мұғалімнің басшылығымен өтетін сабақтарға баса назар аудару қажет. Бұл уақытта бірінші сыныптағы сабақ кезеңдерін қысқартуға болады, ал басқа сыныптарда мұғалімнің басшылық әрекетіне көбірек уақыт бөлінеді. Осылайша, 1 және 2-ші жартыжылдықтарда шағын жинақты мектеп сабақтарын ұйымдастыру формаларын әртүрлі әдістемелер арқылы бейімдеу қажеттілігі мұғалімнің әдістемелік даярлығының ажырамас бөлігі болып саналады. Сондықтан болашақ мұғалімдерді даярлау процесінде оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыру, көпсыныпты сабақ құрылымын жоспарлау және уақытты тиімді басқару сияқты дағдыларды қалыптастыру басты назарда болуы тиіс.

Сабақ барысында тиімді ұйымдастырылған өзіндік жұмыс оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, материалды терең меңгеруге ықпал етеді. Өзіндік жұмыстың мазмұнына оқулық немесе басқа ақпарат көздері арқылы өткен материалды қайталау, жаңа білімді игеруге қажетті зерттелген бағдарламалық материалды бекіту жаттығулары, сондай-ақ тірек жаттығулары кіруі мүмкін. Оқушылар өткен тақырыпты қайталау арқылы жаңа тақырыпқа дайындалады, ал алғашқы бекіту жаттығулары мұғалім түсіндірген мысалдар мен алгоритмдерге негізделеді. Қажет болған жағдайда, оқушылар тақырыпты толық меңгеру үшін оқулықтағы теориялық мәліметтер мен ережелерді пайдалана отырып, тірек жаттығуларын орындайды.

Өзіндік жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін оқу тапсырмаларын жан-жақты әзірлеу қажет. Тапсырмалар нақты және түсінікті тұжырымдалуы тиіс, сондай-ақ оқушылардың әрекеттерін жүйелі орындауын қамтамасыз етуі керек. Оқушылардың өзіндік жұмыс қарқыны әртүрлі болғандықтан, мұғалім резервтік тапсырмаларды алдын ала дайындап, тақтаға немесе карточкаларға жазып қоюы қажет. Мұндай тапсырмаларды оқушылар мұғалімнің нұсқауын күтпестен өздігінен орындай алуы тиіс.

А.Г. Асмолов өзінің «Бастауыш мектепте әмбебап оқу әрекеттерін жобалау: Әрекеттен ойға дейін» атты еңбегінде төмендегіні атап өтеді: "мұғалімдер алдына жаңа стандарттарға сәйкес білім қалыптастыру, барлық оқу пәндеріне ортақ әмбебап әрекеттерді дамыту және оқушылардың жаңа ортада сапалы жоғары деңгейде әрекет етуіне мүмкіндік беретін құзыреттерін дамыту міндеттері қойылады. Бұл міндеттерді толыққанды жүзеге асыруда жаңа стандарттар негізінде құрылған жүйелі-әрекеттік тәсілдің маңызы зор" [146, 94 б.]. Оның еңбегінің негізгі идеясы – жаңа білім дайын күйінде берілмейді, оны оқушылар өз бетімен зерттеу жұмыстары арқылы «ашады». Балалар өздерінің зерттеу әрекеттері арқылы шағын ғалымдарға айналады және жеке жаңалықтарын жасайды. Бұл әдіс білім мен оқу дағдыларының оқушылар үшін жеке маңыздылығын арттырады.

Мұғалімнің жаңа материалды түсіндірудегі басты міндеті – барлық ақпаратты көрнекі түрде түсіндіріп, көрсету немесе айтып беру емес. Мұғалім балалардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, олардың сабақ барысында туындаған мәселені өз беттерімен шешуіне және жаңа жағдайда қалай әрекет ету керектігін өздерінің анықтауына мүмкіндік беруі қажет.

Бұл әдіс тек оқушылардың белсенділігін арттырумен шектелмейді. Оқыту процесі арқылы жалпы оқу дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру маңызды: мақсат қоя білу; таңдау жасау; шешім қабылдау және оны орындау; өздігінен өзгеру және өзін-өзі дамыту қабілеті.

- әрекеттік тәсіл сабақтарда келесі әдістер арқылы жүзеге асырылады:
- өмірлік жағдайларды модельдеу және талдау.
- оқушыларды проблемалық жағдаяттарға тарту.
- ойын және рефлексивтік қызметке қатыстыру.

Бұл тәсіл оқушылардың дербестігін, шығармашылық қабілеттерін және өзін-өзі жетілдіру дағдыларын дамытуға бағытталған [181].

Оқушылар сабақ барысында келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді:

- ақпарат көздерімен жұмыс жасайды;
- танымдық және практикалық тапсырмаларды шешеді;
- құбылыстар мен оқиғаларды талдайды;

- оқыту ойындары мен тренингтерге қатысу арқылы әлеуметтік рөлдерді меңгереді, сондай-ақ шынайы өмір жағдайларын модельдейтін әрекеттерге қатысады [182].

Шағын жинақты мектептерде оқытудың тиімді әдістерінің бірі – проблемалық оқыту. Бұл әдіс жүйелі-әрекеттік тәсілді жүзеге асырудың

маңызды құралдарының бірі болып табылады. Проблемалық оқыту – оқушылардың білім мен әрекет тәсілдерін игеруіне бағытталған танымдық қызметі.

Шағын жинақты мектеп жағдайында бұл әдіс оқушылардың жеке және топтық танымдық белсенділігін дамыту үшін тиімді. Біріктірілген сыныптарда мұғалімнің әр сынып үшін түрлі деңгейдегі проблемалық тапсырмаларды дайындауы оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл әдіс мұғалімнің рөлін ақпарат жеткізушіден ұйымдастырушыға ауыстырады. Мысалы, әртүрлі сыныптар үшін бір тақырып аясында түрлі проблемалық жағдаяттар құрылуы мүмкін. Бір сынып оқушылары мәселені өздері талдаса, екінші сынып оқушылары шешімін іздейді, ал үшінші сынып гипотезаларды негіздейді. Бұл әдіс ШЖМ-де оқыту тиімділігін арттырып, оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді

Шағын жинақты мектептерде коллаборацияның рөлі ерекше маңызды, өйткені мұндай мектептерде оқушылар саны аз болғандықтан, бірлескен әрекет оқу-тәрбие процесінің ажырамас бөлігіне айналады. Әртүрлі жастағы оқушылар бір сыныпта білім ала отырып, өзара көмектесуді, бірін-бірі қолдауды үйренеді. Коллаборативті орта мұғалім мен оқушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнатып, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын, жауапкершілік пен топтық жұмысқа бейімділігін дамытуға ықпал етеді.

Коллаборативті орта оқыту процесінің барлық қатысушылары арасында өзара түсіністік пен қолдауды қалыптастырады. Сабақтың басты мақсаты – оқушылардың өздерін еркін, қауіпсіз және жайлы сезінетін орта құру. Сабақтың ерекше, қызықты басталуы оқушыларды қызықтырып, олардың назарын аударуға көмектеседі. Барлық тапсырмалар оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып дайындалады, әсіресе, білім деңгейі төмен оқушылардың мүмкіндіктерін шектемеу маңызды.

Деңгейлік саралау оқыту барысында әр оқушының дамуын жүйелі бақылауға мүмкіндік береді. Сабаққа дайындық кезінде оқушылар топтарына арналған материалдар таңдалып, олардың оқу қажеттіліктері мен қиындықтары ескеріледі. Бұл тәсіл оқу үлгерімі жоғары оқушыларға күрделірек тапсырмалар ұсынуға, ал ерекше қолдау қажет ететін балаларға бейімделген материал беруге мүмкіндік береді. Бағдарламаның басты мақсаты – оқушыларға білімді жинақтау ғана емес, оны қайда және қалай қолдану керектігін үйрету. Әрекеттік тәсіл оқушылардың білімді өз бетімен «ашуын» және оны зерттеу әрекеті арқылы меңгеруін көздейді. Бұл оқыту процесін мағыналы әрі жеке маңызды етеді. В.В. Давыдов әрекеттік оқытуды «барлық педагогикалық шараларды адамның жеке тәжірибе арқылы ғылым мен мәдениетті, танымдық және әлемді өзгерту әдістерін меңгеруіне бағыттау» деп түсіндіреді. Бұл тәсіл тек оқу ғана емес, сонымен қатар оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін маңызы [183]. Жоғарыдағыларды қорыта келе біз, ШЖМ

сабақты ұйымдастыруда уақыт тапшылығына әкелетін факторларды 9 - кестеде ұсынамыз.

Кесте 8 - ШЖМ сабақты ұйымдастыруда уақыт тапшылығына әкелетін факторлар

1.	Жұмыстың барлық сыныптарда бір мезгілде басталмауы. Өртүрлі сыныптардың сабаққа дайындық деңгейі мен мұғалімнің әр сыныпқа тапсырма беру қажеттілігі уақыттың теңдей бөлінуін қиындатады
2.	Тапсырмаларды егжей-тегжейлі түсіндіру қажеттілігі. Бір сабақта әр сынып оқушылары үшін тапсырмалардың әртүрлі болуы мұғалімнің әр топқа жеке түсінік беруін талап етеді.
3.	Тапсырмалардың келесі кезеңдерін түсіндірудегі ұзақтық. Әрбір сабақ кезеңінде мұғалімнен барлық сыныптарға тапсырмаларды қайта түсіндіру қажеттілігі туындайды.
4.	Алдын ала дайындалған дидактикалық материалдардың болмауы. Өздігінен жұмысқа арналған материалдардың уақытылы дайындалмауы оқушылардың жұмысын баяулатады.
5.	Дидактикалық материалдардың сапасының төмендігі. Қосымша түсініктеме беруді қажет ететін материалдар уақыт шығынына әкеледі.
6.	Оқушылардың өзін-өзі оқыту дағдыларының жеткіліксіздігі. Өз бетінше оқу мен тапсырмаларды орындау қабілеті қалыптаспаған жағдайда, мұғалімнің көмегі көп уақыт алады.
7.	Білімді тексеру мен бақылаудың тиімсіз әдістері. Бақылау тәсілдерінің ұтымсыздығы оқушылардың білім деңгейін анықтауды қиындатады.
8.	Техникалық құралдардың болмауы. Оқытуға арналған техникалық құралдардың жетіспеушілігі оқушылардың оқу процесін басқаруды қиындатады
9.	Сапалы әдістемелік нұсқаулықтардың болмауы. Жақсы әдістемелік материалдардың жоқтығы мұғалімнің жұмысын қиындатады.

Шағын жинақты мектеп жағдайында коллаборативті орта құру және әрекеттік тәсілдерді қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың жеке қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл әрбір оқушыға өзіндік білім алу траекториясын қалыптастыруға және сабақтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Шағын жинақты мектепте екі немесе үш сыныппен бір уақытта жұмыс жүргізу мұғалімнен уақытты дұрыс бөлу мен тиімді пайдалануды талап етеді. Уақытты жоғалту сабақтың тиімділігіне кері әсер етеді, ал ШЖМ жағдайында бұл мәселенің маңызы ерекше артады.

Уақытты тиімді пайдалану үшін келесі шараларды қолдануға болады:

- әр сынып үшін тапсырмаларды алдын ала дайындау және оларды дидактикалық материалдарға бейімдеу;

- оқушылардың өздігінен оқу дағдыларын қалыптастыру, оларды өз бетімен жұмыс істеуге үйрету;
- білім тексеру мен бақылау үшін тиімді және жылдам әдістерді пайдалану.
- жұмыс орындарын мұқият ұйымдастыру және қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз ету;
- әдістемелік материалдарды қолдану арқылы сабақ жоспарын оңтайландыру.

Бір тақырыптық мазмұнды тиімді меңгеру үшін әртүрлі сыныптарды белгілі бір жүйелілікпен немесе уақыт аралығында біріктіру – шағын жинақты мектептерде қолдануға болатын нәтижелі тәсілдердің бірі. Бұл жағдайда мұғалімнің жұмысы шағын жинақты мектепке тән дидактикалық ұстанымдарға сүйеніп құрылады. Ең алдымен, оқу процесі біртекті материалдар негізінде жүйелі түрде ұйымдастырылады, яғни сабақ құрылымы бірнеше сынып оқушыларына ортақ тақырыптар бойынша жоспарланады.

Мұғалімнің жетекшілігі оқушылардың өзіндік және бірлескен жұмысына ұласады. Бұл тек бір сынып аясында ғана емес, біріктірілген сыныптар арасындағы өзара әрекет арқылы жүзеге асады. Мұндай тәсіл оқушылардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттырып, жауапкершілігін нығайтады. Сонымен қатар, бір тақырып төңірегіндегі тапсырмаларды топтық және жұптық формада орындау – балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдысын жетілдіреді, ал өзара оқыту әдісі – тек білім алып қана қоймай, оны өзгеге түсіндіру арқылы тереңірек меңгеруге жағдай жасайды.

Сабақ барысында «мұғалім – оқушы» байланысынан бөлек, «оқушы – оқушы» және «оқушы – топ» бағытындағы қатынасты жандандыру маңызды. Бұл сынып ішіндегі қатынас стереотиптерін өзгертіп, балалардың еркін ой бөлісуіне, пікір алмасуына және ортақ шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

Сыныптарды тиімді түрде біріктіру, оқу процесін сауатты жоспарлау, оқыту әдістерін дұрыс таңдау және ең бастысы - сабақ мазмұнының сапасы шағын жинақты мектептегі білім берудің нәтижелілігіне тікелей әсер етеді. Оқу процесін ұйымдастыру бірнеше маңызды факторлармен айқындалады. Атап айтқанда, жинақ құрылымы (бір мұғалім бірнеше сыныппен қатар жұмыс істейтін жағдай), сабақ кестесін құрастыру, оқу мазмұнын жоспарлау және мұғалімнің сабақ барысында уақытты тиімді бөлуі осы процестің негізі болып табылады.

Сабақ кестесін әзірлеу барысында әр пәннің өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет. Яғни, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне қолайлы пәндермен қатар, мұғалімнің тікелей қатысуын қажет ететін пәндерді үйлестіру маңызды. Осыған байланысты, дәстүрлі тәжірибеде мұғалімдер біріктірілген сабақтарда бір пәнге көбірек көңіл бөліп, екіншісінде оқушыларға өздігінен жұмыс жасауға жағдай жасайды.

Сондай-ақ, оқу күнінің соңында оқушылардың белсенділігі төмендейтінін ескере отырып, бұл уақытты дене шынықтыру, бейнелеу өнері, музыка және

еңбек секілді пәндерге арнаған тиімді. Мұндай пәндерде шығармашылық пен қозғалыс басым болғандықтан, олар оқушылардың шаршауын жеңілдетіп, қызығушылығын сақтауға көмектеседі.

Алайда, сыныптарды біріктіру мұғалімге қосымша жауапкершілік жүктейді. Ол әртүрлі сыныптарға арналған екі немесе үш оқу жоспарын бір сабақ құрылымына біріктіруге мәжбүр болады. Бұл жағдай мұғалімнен жоғары деңгейдегі кәсіби шеберлік пен уақытты тиімді басқару қабілетін талап етеді. Сондықтан, мұндай жағдайда мұғалімнің дайындығы екі еселенеді, ал сабақты жоспарлау - барынша икемді әрі ұтымды болуы тиіс.

Күntізбелік жоспарды әзірлеу барысында әртүрлі жастағы оқушыларды оқыту ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Бұл үшін ең алдымен бірнеше сыныптың күntізбелік жоспарларын салыстыра отырып, ортақ тақырыптарды анықтау қажет. Мұндай тәсіл арқылы бір тақырып төңірегінде біріктірілген сабақтарды жоспарлауға мүмкіндік туады. Бір тақырыптық сабақтар бірнеше сыныптың бірлескен оқу әрекеттерін қамтуы мүмкін, ал бұл өз кезегінде кейбір тақырыптардың өткізілу мерзімін сәл өзгертуге, яғни кейінге ығыстыру арқылы бөлім ішіндегі мазмұнның тұтастығын сақтауға жағдай жасайды.

Сыныптарды біріктіру кезінде ең алдымен ортақ оқу мақсаттарын айқындап алу қажет. Одан кейін әр жастағы оқушылардың даму деңгейіне сай нақты міндеттерді бөлу ұсынылады. Яғни, барлық оқушыларды бір кезеңде оқытуға мүмкіндік беретін тақырыптарды, тапсырмаларды іріктеуді және әртүрлі жастағы балалармен жұмыс істеуге тиімді әдістерді таңдауды талап етеді.

Сонымен қатар, жастық ерекшеліктерге сәйкес қойылатын сұрақтарды белгілеу, оқу материалының мазмұнына қарай әр сыныпқа арналған топтық және жеке жұмыс формаларын таңдау маңызды. Осылайша, күntізбелік жоспар тек оқу мазмұнының реттілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушылардың жасына сай оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған әдістемелік құралда [184] төмендегі мәселелерге ерекше назар аударған. «Жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар» бойынша оқитын біріктірілген сыныптарға ҰМЖ және ОМЖ жасаудағы алғашқы қадам - біріктірілетін сыныптардың ҰМЖ және күntізбелік - тақырыптық жоспарларды талдау:

1. Сыныптарды бірпәндік біріктіруде біртақырыптық сабақтар белгіленеді, бақылау жұмыстары, сынақ, мүмкіндігінше зертханалық жұмыстардың мерзімдері сәйкестендіріледі.

2. Бағдарлама бойынша оқу материалының мазмұны іріктеліп, біріктірілетін сынып үшін модульдерге бөлінеді.

3. Тақырыптар сәйкес келмеген жағдайда біріктіру бірпәндік болып қала береді және оқу процесін ұйымдастыру барысында бірнеше сыныппен қатар

жұмыс жасауға мүмкіндік беретін белсенді педагогикалық тәсілдерді таңдауды қажет етеді.

4. Тақырыптарды іріктеу және сәйкестендіру жолымен алынған бейімделген оқу материалының негізінде, оқу мақсаты анықталады және жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар бойынша оқитын біріктірілген сыныпқа арналған ҰМЖ жасалады.

5. ҰМЖ негізінде ОМЖ құрылады. ОМЖ білім мазмұнын, оқу мақсаттарын, оқыту нәтижесін және мұғалімнің кері байланысын қамтиды. ОМЖ келесіден тұрады: жұмыс кезеңдерінің сабақтастығын анықтау; жаңа тәсілдердің жеті модулін сыныптағы оқыту практикасына енгізу; әр сабақтың оқу мақсаттарын нақтылау; нәтижені өлшеу құралдары мен әдістерін анықтау; болжанған нәтижеге жету мақсатында оқыту мен білім беру міндеттерін нақтылау; білім берудің барлық кезеңінде тұрақты оң динамиканы қамтамасыз ету; қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша білім берумен барлық білім алушыларды түгел қамтудың стратегиялық жоспарын жүзеге асыру» [184, 35 б.].

Орта, қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларды (ОМЖ, ҚМЖ, ҰМЖ) әзірлеу кезінде бағдарламадағы ортақ тақырыптарды ескеру аса маңызды. Бұл – оқыту жүйелілігін сақтау мен оқу материалының мазмұнын мазмұндық модульдерге дұрыс бөлуге көмектеседі. Жұмыс бағдарламасы – бұл мұғалімнің жеке кәсіби құралы. Бағдарламада нақты сыныпқа арналған білім беру процесін ұйымдастырудың тиімді мазмұны, түрлері, әдістері мен тәсілдері көрсетіледі.

Шағын жинақты мектеп жағдайында сабақ – оқыту мен тәрбиенің негізгі формасы болып табылады. Әдетте, сабақ белгіленген кесте бойынша және тұрақты оқушылар құрамымен өтеді. Алайда, бұл мектептерде бір сыныпта әртүрлі жастағы оқушылар отырады және бір сабақта бірнеше пән бойынша білім берілуі мүмкін. Бұл – ШЖМ-дегі сабақтың басты ерекшелігі. Мұндай жағдайдың артықшылықтары мен қиындықтары осы ерекшелікпен тікелей байланысты.

Мысалы, бір сабақ кезінде екі немесе үш түрлі пәннің мазмұны біріктіріле берілуі мүмкін. Мұндай жағдайда мұғалімге бір уақытта бірнеше сыныппен жұмыс істеу тура келеді, сонымен бірге әр сыныптағы сабақтың негізгі мақсатын сақтай отырып, олар арасында сабақ ішінде 4-5 рет ауысып отыруға тура келеді. Уақытты ұтымды бөлу арқылы барлық сыныптарда сабақтың басты мақсатына жету қамтамасыз етіледі. Мұғалім танымдық процестің логикасын сақтап, жаңа білімді қабылдау, түсіну және меңгеру барысында әртүрлі жастағы оқушылардың психологиялық және академиялық ерекшеліктерін ескеріп, оқуға деген ынтасын оята білуі қажет. Сонымен бірге, сабақ кезінде тек оқу ғана емес, тәрбие жұмыстары да қатар жүргізілуі шарт. Яғни, ШЖМ жағдайында мұғалім бір мезетте оқытушы, ұйымдастырушы және тәрбиеші рөлін қатар атқарады.

Шағын жинақты мектептегі сабақтарға қойылатын жалпы талаптар дәстүрлі толық құрамды мектептерден айтарлықтай ерекшеленбейді. Мұнда да санитарлық-гигиеналық, психологиялық-физиологиялық, дидактикалық және тәрбиелік талаптар толықтай сақталуы тиіс. Бұл талаптар оқушылардың денсаулығын сақтау, білім беру сапасын арттыру және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған.

Санитарлық-гигиеналық талаптар ең алдымен оқу ортасының қолайлы болуына мән береді. Атап айтқанда, сыныптағы ауа айналымының оңтайлы режимі, жеткілікті және дұрыс жарықтандыру, бөлменің тиісті температурада болуы, оқу жұмыстарының түрленіп отыруы және жиһаздың оқушылардың жас ерекшелігі мен физиологиялық жағдайына сай келуі – білім беру сапасына тікелей әсер ететін маңызды факторлар.

Психологиялық-физиологиялық талаптар табиғатқа сәйкестік қағидасына негізделеді. Мұғалім оқушының жасына, даму деңгейіне сай оқу жүктемесін таңдап, оқу процесінде шаршау мен қызығушылықтың төмендеуіне жол бермеуі тиіс. Дидактикалық талаптар оқытудың жалпы заңдылықтарына негізделеді. Оқу процесінде оқушының белсенділігін оятатын қозғаушы күштер мен ынталандыру жағдайларын жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Сонымен қатар, оқытуға деген ішкі уәжді (мотивацияны) саналы түрде қалыптастыру, оқу материалын логикалық ретпен ұсыну, оқыту принциптерін (нақтылық, жүйелілік, көрнекілік, белсенділік, т.б.) сабақ барысында тиімді іске асыру – оқу процесінің нәтижелілігін арттырады. Осы талаптардың барлығы шағын жинақты мектептегі сабақты сапалы, мазмұнды және оқушының жан-жақты дамуына бағытталған етіп ұйымдастыруға көмектеседі.

Шағын жинақты мектеп жағдайында мұғалімнің басшылығымен және тікелей қатысуымен жүзеге асатын оқу әрекеттерінің түрлері әртүрлі және оқыту процесінің маңызды бөліктерін қамтиды. Мұндай әрекеттерге ең алдымен оқушыларды жаңа материалды қабылдауға дайындайтын жаттығулар жатады. Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы өзіндік жұмысқа сүйене отырып, жаңа тақырыпты түсіндіруге көшеді.

Жаңа материалды мазмұндау кезінде түсіндірмелер, қысқа әңгімелер мен нақты нұсқаулар беріледі. Сонымен қатар, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында эвристикалық әңгімелер мен дидактикалық ойындар қолданылады. Бұл әдістер жаңа білімнің алғашқы қабылдануы мен түсінілуін жеңілдетіп, оқушылардың назарын шоғырландыруға мүмкіндік береді. Білімді өмірлік жағдайларда тиімді қолданудың жолдарын көрсету де мұғалімнің тікелей қатысуымен жүзеге асады.

Жалпы мұғалімінің кәсіби әрекеттердің барлығы оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді [185]. Шағын жинақты мектеп жағдайында оқыту әдістеріне қойылатын талаптар айтарлықтай жоғары. Әсіресе жаңа материалды түсіндіру кезеңінде мұғалім бір мезгілде бірнеше маңызды міндетті қатар атқарады. Бұл кезең

оқушылардың білімді сапалы қабылдауына тікелей әсер ететін күрделі процесс болып табылады.

Атап айтқанда, мұғалім ең алдымен оқушыларды жаңа материалды игеруге психологиялық тұрғыдан дайындайды. Сонымен бірге, оқу барысында олардың танымдық белсенділігін үнемі ынталандырып, назарын шоғырландырып, қызығушылығын оятып отырады. Жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде оның мазмұнын ашып, негізгі себеп-салдарлық байланыстарды көрсету арқылы оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Бұдан бөлек, мұғалім алған білімді жүйеге келтіруге көмектесіп, оқушыларды өз танымдық әрекеттерінің нәтижелілігі жөнінде хабардар етіп отырады. Сондай-ақ оқыту процесіндегі қарқын мен нәтижелерді бақылау, диагностикалау және қажет болған жағдайда түзету шараларын жүргізу де маңызды. Осы жұмыстардың барлығы тек білім беруге емес, тәрбие беру мақсатына да бағытталады.

Шағын жинақты мектептер оқушы санына қарай үш сатыға бөлінеді: бастапқы саты – контингенті 40 адамға дейін, негізгі саты – 100 адамға дейін, ал жоғары саты – 280 адамға дейінгі оқушысы бар мектептер. Мұндай мектептерде бір уақытта екі немесе үш сыныппен қатар жұмыс жүргізу қажеттілігі туындайды. Бұл жағдайда мұғалім үшін уақытты дұрыс бөліп, оны тиімді пайдалану аса маңызды мәселеге айналады.

Сабақтың тиімділігі мен мазмұндылығы әр минутты орынды пайдалануға тікелей байланысты. Сондықтан мұғалім оқу әрекетін барынша жүйелі жоспарлап, әр оқушыға көңіл бөле отырып, бірлескен және өздігінен білім алу мүмкіндіктерін үйлесімді ұйымдастыруы қажет. Шағын жинақты мектептердегі оқу процесінің ерекшелігіне байланысты сабақ түрлері де өзіндік сипатқа ие. Олардың ішінде пәнаралық және өсу аралық сабақтар ерекше маңызға ие.

Пәнаралық сабақтар – бұл шағын сыныптармен жұмыс жасау барысында туындайтын кейбір қиындықтарды жеңуге мүмкіндік беретін тиімді сабақ түрі. Мұндай сабақтарда әртүрлі пәндердің мазмұны біріктіріліп, ортақ тақырып аясында қарастырылады. Бұл тәсіл оқушылар арасында тығыз қарым-қатынас орнатып, өзін-өзі сын тұрғысынан бағалауға, оқылатын материалды терең ұғынуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, пәнаралық сабақтарда түрлі оқыту құралдарын қолдану, сабаққа басқа мұғалімдерді тарту секілді ерекше жағдайлар жасалып, жоғары эмоциялық және интеллектуалдық орта қалыптасады. Мұның барлығы оқушылардың белсенділігін арттырып, сабақтың мазмұнды өтуіне жол ашады.

Сыныпаралық бірлескен сабақтар – шағын жинақты мектеп жағдайында әртүрлі жастағы оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың тиімді түрі. Мұндай сабақтарда бірнеше сынып оқушылары ортақ мақсатқа бірігіп, бірлесіп жұмыс атқарады. Бұл тәсіл оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, түрлі жас деңгейіндегі білім мен тәжірибені бірлесе қолдануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, мұғалімге оқу мазмұнының сыныптан сыныпқа өтетін сабақтастығын сақтап, тақырыптарды жүйелі түрде байланыстырып оқытуға мүмкіндік береді. Бірлескен әрекет барысында оқушылардың материалды меңгеруі тереңдеп,

өзара қолдау көрсету, жауапкершілік пен коммуникативтік дағдылардың дамуына оң ықпал етеді. Мұндай сабақтар оқушылардың жеке дамуын ғана емес, әлеуметтік өзара әрекеттесуін де күшейтіп, оқу үдерісінің тиімділігін арттырады [186].

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған әдістемелік нұсқаулықтарда шағын жинақты мектептердегі сабақтарды ұйымдастыру үшін қолданылатын негізгі және арнайы принциптер нақты сипатталған. Оны біз 10-кестеде ұсындық. Аталған принциптер оқыту процесін тиімді құруға, оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқу қажеттіліктерін ескеруге бағытталған.

Кесте 9 - ШЖМ-де оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын негізгі және арнайы принциптер

Принцип	Сипаттамасы
Табиғатқа сәйкестік принципі	Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дайындалады. Ақпарат қарапайымнан күрделіге қарай беріледі, білім беру процесі спиральді әдіспен ұйымдастырылады.
Дамыта оқыту принципі	Негізгі мақсат – әрбір оқушының жеке қабілеттерін дамыту.
Кешенді-тақырыптық құру принципі	Білім беру процесі тақырыптық негізде ұйымдастырылады, оқу мазмұны бірнеше пәнді кешенді түрде қамтиды.
Даралау және саралау принципі	Әртүрлі жастағы оқушыларға сәйкес келетін оқу әдістері таңдалады, жеке және топтық жұмыс түрлері әзірленеді. Оқу материалының мазмұны мен ерекшеліктері ескеріледі.
Интеграция принципі	Білім беру салалары оқушылардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес интеграцияланады.
Педагогизациялау принципі	Жоғары сынып оқушылары төменгі сыныптарға көмек көрсетеді: үй тапсырмасын тексереді, кеңес береді және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытады.
Өзара оқыту принципі	Әрбір оқушы әрі үйренуші, әрі оқытушы ретінде әрекет ете алады.
Әртүрлі жас пен деңгей принципі	Әр жастағы және деңгейдегі оқушылар арасындағы ынтымақтастық әркімнің қабілетіне, еңбекқорлығына және қызығушылығына сәйкес білім алуына мүмкіндік береді.

Бұл принциптер мұғалімге әртүрлі жастағы және деңгейдегі оқушылармен жұмыс істеудің бірегей әдістерін пайдалануға мүмкіндік береді. Мұғалім өткізетін кез келген сабақтың сапасы, ең алдымен, оның әдістемелік тұрғыдан қаншалықты дайындалғанына тәуелді. Педагогтің сабаққа дайындығы күрделі, көпқырлы процесс болып табылады, оның ішінде ең маңызды кезеңдердің бірі – сабақ жоспарын әзірлеу. Сабақтың жоспары мұғалімнің ұйымдастырушылық, мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан жасаған барлық дайындық жұмысының қорытындысын білдіретін соңғы өнім ретінде қарастырылады. Сондықтан сабақ жоспарының орындалу сапасы мен

құрылымдық дұрыстығы бүкіл дайындық кезеңдерінің тиімділігімен анықталады.

Сабақ жоспары тақырыптық жоспарлау жүйесінің негізінде әрбір сабақтың мақсат-міндеттерін, мазмұнын және құрылымын жан-жақты ескере отырып құрастырылады. Ол нақты пәннің ерекшеліктерін, оқытудың логикалық реттілігін, оқу материалын меңгерудегі алға жылжуды және оқушылардың даму деңгейін толық қамтуы тиіс. Жоспарда әдетте келесі негізгі бөлімдер көрініс табады - сабақтың тақырыбы; сабақтың әр кезеңіне бөлінетін уақыт мөлшері. Сабақ жоспарын әзірлеу барысында мұғалім оқушылардың берілген оқу мазмұнын саналы түрде меңгеруге даярлық деңгейін, олардың жас ерекшеліктерін, оқу дағдыларының қалыптасу деңгейін жан-жақты ескереді. Кездесетін күрделі жағдайларды жеңу үшін мұғалім арнайы әдіснамалық шараларды іс жүзінде қолданады. Оларға нұсқаулық сұрақтарды алдын ала құрастыру, қосымша түсініктемелер беру, үлгі-өнеге көрсету, сызба, кесте немесе сурет-бейнелерді пайдалану, сондай-ақ жекелеген немесе топтық түрде қолдау көрсету сияқты элементтер жатады [187]. Сабақ жоспарын сапалы түрде жасау педагогтың кәсіби құзыреттілік деңгейінің айқын көрсеткіші болып табылады және оқу процесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Жоспардың ғылыми тұрғыдан негізделген, құрылымдық жағынан нақты және әдіснамалық тұрғыдан дәйекті болуы сабақтың мақсатына жетуінің негізгі кепілі болып саналады.

Сабақты жоспарлау туралы тың деректердің ішінде А.А. Арыстанбек және С.Ж. Жағпаровалардың зерттеулеріне назар аударамыз. Аталмыш мақала халықаралық әдебиеттер мен эмпирикалық зерттеулерге шолу түріндегі сабақты тиімді жоспарлау мен дайындаудың негізгі теориялық негіздеріне кіріспе болып табылады. Сонымен қатар, бұл мақалада сабақ жоспарын құрудың әртүрлі тәжірибелік стратегиялары қарастырылып, соның негізінде тиімді оқыту мен тәрбие процесін құру бойынша ұсыныстар беріледі. Сондай - ақ, бұл жұмыста сабақты жоспарлаудың негізгі тәсілдері мен түрлері туралы да ақпарат берілген [188].

Сабақ - бұл білім алушылардың оқу әрекетін мақсатты түрде ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық үрдістің негізгі формаларының бірі. Сабақ барысында мұғалім уақыттық регламентке сәйкес оқушылардың оқу пәнінің мазмұнын меңгеруіне жағдай жасап, әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық әлеуетін және рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін әдістер мен құралдарды қолданады. Осы нысан мұғалімге оқушылар ұжымының танымдық іс-әрекетін жүйелі жоспарлауға және басқаруға мүмкіндік береді.

Сабаққа дайындық кезеңінде педагогтың жұмысы ең алдымен оқу материалының мазмұнын жан-жақты талдаудан, сабақтың құрылымын жоспарлаудан, оқу-әдістемелік және көрнекілік құралдарын дайындаудан

басталады. Бұл кезеңде мұғалім оқу мақсатын анықтап, оны жүзеге асырудың тиімді тәсілдерін белгілейді.

Сабақтың келесі кезеңінде оқушыларды оқу әрекетіне бағыттайтын педагогикалық жағдаят құрылады: мұғалім тақырыпқа қатысты проблемалық сұрақтар ұсынады, сабақтың міндеттерін түсіндіреді және алдағы жұмыс жоспарын таныстырады. Бұл кезең оқушыларды белсенді қатысуға ынталандыруға бағытталады.

Сабақтың негізгі бөлігі оқушылардың жаңа ақпаратты қабылдауына, оны талдауына және өз бетінше қолдануына негізделеді. Мұғалім оқу әрекетін ұйымдастырумен қатар, білім алушылардың орындаған тапсырмаларының аралық нәтижелерін бағалап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді.

Сабақтың қорытынды бөлімінде оқу-танымдық іс-әрекеттің нәтижелері талданады: оқушылардың жұмысы бағаланады, негізгі тұжырымдар жасалады, білімдегі олқылықтар анықталып, оларды жетілдіру жолдары көрсетіледі. Бұл кезеңнің мақсаты – оқушылардың оқу материалын қаншалықты меңгергенін анықтап, олардың әрі қарайғы оқу әрекетіне бағыт беру.

Шағын жинақты мектептерде сабақ өткізудің аралас түрі жиі қолданылады, себебі мұндай мектептердің ұйымдастырушылық ерекшеліктері бірнеше сыныпты қатар оқытуды талап етеді. Аралас сабақтың жалпы құрылымы төмендегідей негізгі кезеңдерден тұрады - білім алушыларды сабаққа дайындап, оқу процесіне ұйымдастыру; өткен материалды қайталау және бекітуге бағытталған жұмыс түрлері; жаңа білімді түсіндіру, оқу материалын меңгертуге арналған тапсырмалар орындау; меңгерілген білімді практикада қолдануға бағытталған әрекеттерді ұйымдастыру; үй тапсырмасын түсіндіру және оны орындау жолдарын нақтылау.

Шағын жинақты мектеп жағдайында мұғалімнің кәсіби қызметі жоғары шығармашылықты, үлкен жауапкершілікті және педагогикалық икемділікті талап етеді. Мұндай мектепте жұмыс істеу дәстүрлі толық жинақты мектеппен салыстырғанда әлдеқайда күрделі, өйткені педагог бір мезетте бірнеше сыныптың оқу процесін басқаруы тиіс. Бірнеше сыныппен қатар жұмыс жүргізу мұғалімнен сабаққа мұқият әрі жан-жақты дайындықты, оқу әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруды, сабақ кестесін тиімді құруды және педагогикалық тактіні шебер қолдануды қажет етеді.

Бір мезетте бірнеше сыныппен жұмыс істеудің өзіндік қиындықтары бар, оларды келесі ерекшеліктер арқылы сипаттауға болады:

1. Мұғалім сабақтың белгілі бір бөлігін ғана бір сыныппен тікелей жұмыс жүргізуге жұмсап, қалған уақытта басқа сыныптар үшін өздігінен орындалатын тапсырмаларды ұйымдастыруға мәжбүр болады;

2. Өздігінен жұмыс істеп жатқан білім алушыларға басқа сыныптағы әңгіме, түсіндіру жұмыстары немесе талқылаулар кедергі келтіруі ықтимал;

3. Шағын жинақты мектепте мұғалім күн сайын бірнеше сыныпқа арналған 8–12 сабақ жоспарын дайындауы қажет, бұл оның кәсіби жүктемесін айтарлықтай арттырады.

Шағын жинақты мектеп жағдайында аралас сабақ формасы кеңінен қолданылады, өйткені бірнеше сыныппен бір мезгілде жұмыс жүргізу осы үлгідегі мектептердің негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Мұндай сабақтың мазмұны әдетте оқушыларды оқу әрекетіне ұйымдастырудан басталып, өткен материалды қайталау және бекіту жұмыстары арқылы жалғасады. Одан кейін жаңа оқу материалын түсіндіруге бағытталған кезең жүзеге асырылады. Жаңа білімді меңгергеннен кейін оқушылардың оны тәжірибе жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар орындалады. Сабақ соңында үй жұмысы беріледі және оның орындалу жолдары түсіндіріледі.

Шағын жинақты мектеп мұғалімінің қызметі жоғары шығармашылықты, кәсіби икемділікті және үздіксіз дайындықты талап етеді. Бір мезгілде бірнеше сыныпқа сабақ жүргізу дәстүрлі толық жинақты мектептегі оқытуға қарағанда әлдеқайда күрделі міндет болып саналады. Мұғалім оқу әрекетін тиімді ұйымдастыруы, сабақ кестесін ұтымды құруы қажет. Сонымен қатар әр сыныптың ерекшеліктерін ескеріп, педагогикалық әдепті шебер қолдануы маңызды.

Бірнеше сыныппен қатар жұмыс істеудің өзіндік қиындықтары да бар. Мұғалім сабақ барысында барлық уақытын бір сыныпқа арнай алмайды, себебі қалған сыныптар үшін өздігінен орындалатын тапсырмаларды дайындап, олардың жұмысын реттеу қажет болады. Оның назары үздіксіз екі немесе үш сынып арасында бөлініп тұрады, бұл оқыту процесінің қарқыны мен тиімділігіне әсер етеді. Оқушылар өз бетімен жұмыс істеп жатқанда педагогтан жедел қолдау алу мүмкіндігі шектеулі болады, себебі мұғалім сол уақытта басқа сыныптағы оқу әрекетін жүргізіп жатады. Сонымен қатар бір сыныптағы түсіндіру жұмыстары немесе әңгіме жүргізу басқа сыныптағы оқушылардың оқуына кедергі келтіруі де мүмкін. Осыған қосымша, шағын жинақты мектеп мұғалімінің күнделікті бірнеше сыныпқа арналған 8–12 сабаққа дайындалуы оның әдістемелік жүктемесін айтарлықтай арттырады.

Осының барлығы шағын жинақты мектептегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру педагогтан жоғары деңгейдегі кәсіби құзыреттілікті, жан-жақты дайындықты және ерекше шеберлікті талап ететінін көрсетеді.

Шағын жинақты мектепте бірнеше сыныппен бір мезгілде жұмыс жүргізу белгілі қиындықтар туғызғанымен, оның өзіндік артықшылықтары да жоқ емес. Ең алдымен, мұндай мектептерде оқушылар санының аз болуы мұғалімге әр білім алушыға жеке көңіл бөлуге, олардың оқу барысындағы жетістіктері мен қиындықтарын дер кезінде байқап, қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Оқушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін, олардың отбасылық жағдайын жақсы білу педагогқа оқыту мен тәрбиелеу тәсілдерін тиімді таңдауға көмектеседі. Сондай-ақ сыныптағы бала саны аз болғандықтан, дәптерлерді тексеруге кететін уақыт та қысқарады, бұл мұғалімнің әдістемелік дайындығын күшейтуге қосымша мүмкіндік береді.

Бірнеше сыныптың бір кабинетте қатар білім алуы жоғары сынып оқушыларына бастауыш сыныптағы балаларға көмектесуіне жағдай жасайды. Бұл өзара үйрету, қолдау көрсету, ұжымдық қарым-қатынасты дамыту сияқты тиімді педагогикалық мүмкіндіктердің жүзеге асуына жол ашады. Осы артықшылықтарды дұрыс пайдаланып, туындайтын қиындықтарды еңсере білген мұғалімдер шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие міндеттерін табысты шешуге қабілетті.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру - бірнеше сыныпты қатар оқыту жағдайында ерекше маңызға ие міндеттердің бірі. Өзіндік жұмыс формасы, мазмұны және орындалу тәсілі әртүрлі болуы тиіс. Ең негізгі талап - жүйелілік принципін сақтау: кез келген өзіндік жұмыс міндетті түрде тексеріліп, бағалануы қажет. Мұндай жұмыстар тек білімді бекіту кезеңінде ғана емес, сабақтың басқа бөлімдерінде де қолданылуы тиіс.

Оқушыларды өздігінен жұмыс орындауға үйрету педагогтен арнайы әдістемелік дайындықты талап етеді. Балаларға тапсырманы орындау тәсілдерін түсіндіру, қажет жағдайда үлгі көрсету маңызды. Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша түсініктеме беру, қолдау көрсету қажет, ал оқу деңгейі жоғары оқушылар үшін күрделілігі артқан тапсырмалар дайындаған жөн. Өзін-өзі бақылауды дамытуда өзара тексеру әдісі де маңызды рөл атқарады. Бұл тәсілде оқушылар тапсырмаларды орындағаннан кейін дәптерлерін бір-бірімен алмастырып, достарының жұмысын тексереді. Мұндай әрекет олардың жауапкершілігін арттырып, өз еңбегіне сын көзбен қарауға үйретеді.

Шағын жинақты мектеп жағдайында бірнеше сыныппен қатар жұмыс жүргізгенде, көбінесе бірсыныптық оқытуға арналған дәстүрлі дербес жұмыс түрлерін қолдануға тура келеді. Бұл - арнайы әдістемелік әдебиеттер мен оқу-әдістемелік нұсқаулықтардың жеткіліксіздігіне байланысты туындайтын объективті қажеттілік. Сондықтан мұғалім әрбір сабаққа арнайы кестелер, карточкалар, жеке және топтық жұмыс тапсырмалары сияқты дидактикалық құралдарды жинақтайды. Бұл материалдар оқушылардың жасына және білім деңгейіне қарай әзіртелгендіктен, олардың өздігінен жұмыс істеу қабілетін тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Құндылық-әрекеттік тұжырымдаманы іске асыру үшін оқу үдерісі жекелендіріліп, технологияландырылуы керек. Бұл оқушы мен мұғалім арасындағы мақсатты өзара әрекеттесуді қамтиды. Шағын жинақты мектептерде тиімді оқытуды ұйымдастыру үшін келесі әдіс-тәсілдерді қолдану қажет:

- деңгейлік саралау;
- әртүрлі жастағы топтармен жұмыс;
- сыни ойлауды дамыту;
- ұжымдық оқыту әдістері;
- шоғырландырылған-қайтымды оқыту;

- модульдік және жобалық тәсілдер. Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру процесіне енгізу оқыту сапасын айтарлықтай жақсартады.

Білім беру процесін технологияландыру оның барлық компоненттерінің өзара байланысын қамтамасыз етіп, үздіксіз әрі интеграцияланған білім беру бағдарламаларының жүзеге асуына мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде білім берудің әр деңгейі арасында сабақтастық нығайып, оқу процесі жүйелілік, тұтастық және нәтижелердің алдын ала болжау жүзеге асады. Екі сыныпты біріктіру барысында оқушылар саны он бестен аспағаны жөн деген әдістемелік талап бар. Мұндай жағдайда сабақ құрылымы нақты ұйымдастырушылық кезеңдерге бөлінеді. Бұл үдеріс үш кезеңді қамтиды: алдымен мұғаліммен бірлескен жұмыс, содан кейін оқушылардың өздігінен жұмыс істеуі, соңында қайтадан мұғаліммен бірге талдау және қорытындылау. Осы тәртіп сабақтың жан-жақтылығын қамтамасыз етеді. Сондықтан мұғалім сабақ жоспарын әзірлегенде тек оқу материалы мен тапсырма түрлерін таңдаумен шектелмейді. Сонымен қатар, әрбір сыныппен тікелей жұмыс істеу уақыты мен оқушылардың өздігінен жұмыс істеу кезеңдерінің үйлесімді үлесін де ескеруі қажет [189]. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда» [190] біртақырыптық оқытудың негізгі мақсат-міндеттері әртүрлі сыныптардағы оқу мазмұнының ұқсастықтарын ескере отырып, оларды кіріктіру арқылы сабақ мазмұнын жүйелеуге бағытталады. Сонымен қатар оқыту үдерісін тиімді әдіс-тәсілдер негізінде ұйымдастыру арқылы мұғалімнің уақытын ұтымды пайдалануға және оқу жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, әртүрлі жастағы оқушылардың бір тақырып аясында бірлесіп жұмыс істеуіне жағдай жасап, ұжымдық оқытуды қамтамасыз етуді көздейтіндігі айтылған. Осыған орай, шағын жинақты мектептердегі оқу процесін ұйымдастыруда бірнеше сыныптың оқу материалын мазмұндық тұрғыдан жақындастыру, оны біртақырыптық жүйеге сәйкестендіру және тиімді оқыту әдістерін таңдау - оқу сапасын арттырудың өзекті шарты болып табылады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының нұсқауларында біріктірілген сыныптарға арналған сабақтарды жоспарлау мен өткізудің дидактикалық негіздері, олардың құрылымдық ерекшеліктері, сондай-ақ практикалық әдіс-тәсілдер мен ұйымдастырушылық үлгілер ұсынылған [190]. Бұған біріктірілген сабақтардың нақты жоспар үлгілері де кіреді.

Әдістемешілер сабақ кестесін тиімді құрудың негізгі шарты ретінде ұқсас мазмұнды пәндерді дұрыс топтастыру қажеттігін атап көрсетеді. Мұндай принцип бойынша құрастырылған біріктірілген сабақ кестесінің үлгілері болашақ мұғалімдер үшін практикалық нұсқаулық ретінде қызмет етеді.

Шағын жинақты мектептің негізгі ерекшелігі бір сабақ аралығында әртүрлі жастағы оқушылардың бірнеше пәнді бір мезгілде оқуы болып табылады. Осы қиындықты шешу үшін мұғалімге бір сабақтың ішінде екі

немесе үш есе дайындалып, сәйкес санындағы сабақ жоспарларын бір тұтас жобаға біріктіре отырып, барлық оқушыларды оқу қызметіне толық тарту ұсынылды.

Осындай кешенді тәсіл мұғалімдерді даярлау барысында біріктірілген сыныптарды оқытудың күрделілігіне ескертудің маңыздылығын айқын көрсетті.

«Шағын жинақты мектепте мұғалім бір уақытта бірнеше сыныппен сабақ жүргізеді: екі комплектілі мектепте – үш немесе төрт сынып біріктіріліп, бір сыныпты құрайды. Сыныптарды комплектіге біріктіру, оның негізінде сабақ кестесін құру, соған байланысты сабақтың күнтізбелік жоспарын құру, сабақтың жоспарын жазу, сабақтың уақытын дұрыс, тиімді пайдалану мәселелері - аталған мектептердің маңызды мәселелерінің бірі» [102, 7 б.].

Болашақ мұғалімдерді ШЖМ жағдайында сабаққа дайындықтың талаптарын меңгеруге үйрету - олардың кәсіби даярлығының маңызды бөлігі. Сабақ жоспарын құру кезінде мұғалім әр кезеңді нақты жоспарлап, әр сыныпқа уақытты тиімді бөлуге машықтануы қажет. Жаңа немесе күрделі материалды меңгеретін сыныпқа көбірек уақыт бөлу, ал бастауыш сынып оқушыларының ұзақ уақыт өздігінен жұмыс істеуге дайын еместігін ескеру маңызды. Сонымен қатар, мұғалімге оқу материалдарын дұрыс таңдау және оны әр сыныптың оқу деңгейіне бейімдеу дағдыларын қалыптастыру қажет.

### **2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ШЖБМ оқу- әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделі**

Зерттеу жұмысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделін құру маңызды міндеттердің бірі ретінде қарастырылды. Бұл міндет педагогикалық зерттеулердің танымдық және практикалық аспектілерін тереңдете түсіну үшін модельдеу әдісін қолданудың қажеттілігін айқындайды.

Модельдеу ұғымына қатысты ғалымдардың әртүрлі көзқарастары бұл ұғымның күрделілігі мен зерттеу процесіндегі маңызды рөлін жан-жақты сипаттайды. Ең алдымен, модельдеудің жалпы мағынасына және оның педагогикалық зерттеулердегі орнына тоқталған жөн. П.Т. Абдуллаева модельдеуді педагогикалық нысандарды зерттеудегі негізгі әдістердің бірі ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша: «Модельдеу әдісі эксперименттің педагогикалық нысанын зерттеу барысында және логикалық құрылымдар мен ғылыми түйіндерді құрастыруда сәйкестікті болжайды. Бұл процесс педагогикалық құбылыстар мен материалдардың көшірмесін немесе үлгісін жасауға бағытталады» [191]. Автордың пікірінше, педагогикалық жүйені сызба түрінде бейнелеу модельдеудің практикалық құндылығын арттырып, зерттеу процесіндегі логикалық тұтастықты қамтамасыз етеді. Бұл пікір модельдеудің педагогикалық зерттеулерде теория мен тәжірибені біріктірудегі маңызды рөлін көрсетеді.

С. Асқарқызының пайымдауынша модель – зерттеу пәнінің белгілі бір жақтарын, байланыстарын және қызметін көрсететін элементтер жүйесі. Автор модельді «нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі» ретінде сипаттайды. Мұнда модель педагогикалық нысанды көрнекі түрде көрсету құралы ғана емес, сонымен қатар зерттеу пәнінің түрлі аспектілерін кешенді қарастыруға мүмкіндік беретін әдіс ретінде ұсынылады [192].

Г.Е. Қожабергенова модельдерді құру педагогикалық зерттеуді жүзеге асырудың маңызды кезеңдерінің бірі екенін атап өтеді. Оның пікірінше, модельдеу танымдық процестің тірек негізін қалыптастырып, келесі зерттеу кезеңіне өтуді қамтамасыз етеді. Автор модельдеуді зерттеу нысанын жүйелеп, нақты жобалау барысында қолданылатын негізгі құрал ретінде қарастырады [193]. Бұл тәсіл модельдеуді педагогикалық зерттеулердің логикалық және құрылымдық бөлігі ретінде бекітеді.

Ш.Т. Таубаева модельдеудің ғылыми танымдағы орны мен маңызын айрықша атап өтеді. Оның пайымдауынша, «модель түпнұсқаны алмастыра отырып, ғылыми таным процесінде зерттеу нысаны туралы жаңа ақпарат береді». Бұл көзқарас модельдеудің тек нақты нысанның ықшамдалған бейнесі емес, сонымен бірге зерттеушіге сол нысанның құрылымы, қызмет ету заңдылықтары мен ішкі байланыстары жөнінде тереңірек түсінік қалыптастыратын әмбебап құрал екенін айқындайды.

Педагогикалық зерттеулер контекстінде модельдеу зерттелетін үрдістердің күрделілігін жүйелі түрде көрсетуге, олардың динамикасын болжауға және тиімді педагогикалық шешімдер әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге модель арқылы нақты тәжірибеде байқалмайтын жасырын факторларды анықтауға, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыратын жаңа әдістемелік тәсілдерді сынақтан өткізуге жол ашылады. Осылайша, Ш.Т. Таубаева ұсынған тұжырым модельдеудің педагогикалық зерттеулердегі функционалдық рөлін терең ашып көрсетіп, оны зерттеу нысанын түсіндіру, құрылымдау және жетілдірудің қуатты ғылыми әдісі ретінде негіздейді [194].

Енді модельдеудің зерттеу міндеттерін шешудегі орнына тоқталсақ, ол зерттеу процесінде екі маңызды қызмет атқарады. Біріншісі, көрнекілік пен жүйелілік. Модель зерттеу нысанының күрделі құрылымын қарапайым және көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеушілерге педагогикалық жүйелердің ішкі байланыстарын, олардың өзара әрекеттесуін және жүйелік ерекшеліктерін тереңірек түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, модельдеу зерттеу процесін жүйелі ұйымдастыруға және алынған деректерді құрылымдауға ықпал етеді.

Екіншісі, жобалаудың негізі. Модель педагогикалық жүйелерді жетілдіру және жаңғырту бойынша жобалау жұмыстарында тірек құралы ретінде қолданылады. Ол зерттеу нәтижелерін болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметін дамытуға бағыттай отырып, олардың шағын жинақты мектептің (ШЖМ) ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істеу дағдыларын

калыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл модельдеу процесін зерттеу жұмысының теориялық және практикалық аспектілерін байланыстыратын маңызды кезең ретінде қарастыруға негіз болады. Модельдеу педагогикалық зерттеулерде танымдық процестерді тереңдетіп, зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізудің негізін қамтамасыз етеді. Ол зерттеу нысанын терең түсінуге, жүйелеуге және жетілдіруге бағытталған ғылыми құрал ретінде білім беру саласының маңызды элементіне айналады. Міндеттерді шешудегі модульдеудің орны 5-суретте сипатталған.



Сурет 5- Зерттеу міндеттерін шешудегі модельдеудің орны

Зерттеуде модельдеу әдісін қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың мазмұндық және құрылымдық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс шағын жинақты мектептің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық жүйенің нақты элементтерін жүйелеуге және зерттеушілік міндеттерді шешудің тиімді жолдарын табуға жағдай жасайды. Модельдеу арқылы зерттеуші тек ғылыми теорияларды визуализациялап қана қоймай, сонымен қатар оларды тәжірибеде қолданудың практикалық құралдарын жасайды.

Модельдеу педагогикалық зерттеулерде теория мен практиканы байланыстырудың маңызды құралы ретінде көрінеді. Ғалымдардың пікірлері бұл әдістің педагогикалық жүйелерді зерттеуде, талдауда және жетілдіруде тиімділігін дәлелдейді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауда модельдеу әдісінің қолданылуы олардың кәсіби қызметіне қажетті дағдыларды жүйелі түрде дамытуға және нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жоғарыда келтірілген тұжырымдарды негізге алсақ, модельдеу – жаңаны жасау арқылы

жаңа ақпарат, зерттеу нысанын сипаттайтын біртұтас мәлімет жинауға ықпал ететін, бүгінгі таңда зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданылып келе жатқан әдіс.

Біз өз зерттеу жұмысымызда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделін құру үшін мақсат пен міндеттерді, нәтиже мен оған қол жеткізуге мүмкіндік жасайтын іс-әрекеттерімізді айқындап алуды жөн санадық.

Бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделі арнайы әдіснамалық тұғырларды басшылыққа алуды талап етті. Ғылыми әдебиеттерде «тұғыр» ұғымы белгілі бір мәселені шешудің негізі ретінде қарастырылады. Ол әдістер мен ұстанымдарға сүйене отырып, белгілі бір көзқарастарды жүйелеуге көмектеседі. Тұғыр - әдіснамалық және теориялық негіздемелерді айқындайтын, философиялық, психологиялық және педагогикалық алғышарттардың мәнін ашатын маңызды құрал. Сонымен қатар, ол қойылған мақсатқа жетудің механизмін, негізгі қағидаттарын және басым бағыттарын анықтайды.

Ш. Таубаеваның пайымдауынша, тұғыр – зерттеу барысында қойылған міндеттерді шешудің негізгі жолын айқындайтын ұстаным. Ол зерттеудің бағытын анықтап, оның орындалу стратегиясын айшықтайды. Ғалым педагогикадағы әдіснамалық тұғырларды жүйелеп, олардың әрқайсысына жеке сипаттама берген. Зерттеушілердің көпшілігі тұғырды білім беру процесінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін кешенді педагогикалық құрал ретінде қарастырады [194, 113 б.]. Біз өз зерттеуімізде келесі тұғырларды негізге алдық: жүйелілік-мазмұндық тұғыр, пәнаралық байланысқа негізделген тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр.

Жүйелілік-мазмұндық тұғыр – білім беру процесін құрылымдық және мазмұндық жағынан жүйелі түрде ұйымдастыруға негізделген әдіснамалық бағыт. Бұл тұғыр оқытудың мазмұнын тұтас бірлікте қарастырып, білімді жеке фрагменттер ретінде емес, өзара байланысқан элементтер жиынтығы ретінде ұсынуды көздейді.

Бұл тұғырдың негізін Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин сияқты ғалымдар қалаған. Олар оқыту мазмұнын жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы оқушылардың білімді терең әрі саналы меңгеруін қамтамасыз етуге болады деп есептеді. Жүйелілік-мазмұндық тұғырдың басты қағидаттары – оқу материалын біртұтас құрылымда беру, оның логикалық байланысын сақтау, пәнаралық қатынастарды күшейту және білімді тәжірибемен ұштастыру.

Шағын жинақты мектептер жағдайында бұл тұғырдың маңызы зор, себебі мұнда әртүрлі жастағы оқушылар бірге оқып, бірнеше пән бойынша сабақтар біріктіріліп өткізіледі. Жүйелілік-мазмұндық тұғыр негізінде оқу мазмұнын кешенді түрде ұйымдастыру оқушылардың білімін бірізділікпен игеруіне, логикалық ойлау дағдыларын дамытуға және пәндер арасындағы байланыстарды түсінуіне көмектеседі.

Тұлғалық-бағдарлы тұғыр – білім алушы тұлғасын оқу үдерісінің басты құндылығы ретінде қарастыратын әдіснамалық бағыт. Бұл тұғырдың негізінде әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту идеясы жатыр. Тұлғалық-бағдарлы оқыту барысында білім алушы тек білімді қабылдаушы объект емес, өзіндік пікірі, таңдауы және даму траекториясы бар белсенді субъект ретінде танылады. Аталған тұғырдың теориялық негіздерін К. Роджерс, А. Маслоу, И.С. Якиманская, В.А. Сластенин және т.б. ғалымдар қарастырған. Олар тұлғаның еркін дамуына жағдай жасау, білім алушының ішкі әлеуетін ашу білім беру үдерісінің негізгі мақсаты болуы тиіс деп есептеген.

Шағын жинақты мектеп жағдайында тұлғалық-бағдарлы тұғырдың маңызы ерекше. Себебі мұндай мектептерде оқушылар санының аз болуы мұғалімге әр білім алушының жеке ерекшеліктерін тереңірек ескеруге мүмкіндік береді. Бұл тұғыр білім алушылардың өзіндік оқу-танымдық белсенділігін арттыруға, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және оқу үдерісіне деген ішкі уәжін қалыптастыруға ықпал етеді.

Келесі тұғыр-іс-әрекеттік тұғыр. Адам өз әрекеті арқылы дамып, өзін-өзі жетілдіреді. Іс-әрекет барысында тұлға тек сыртқы ортадан білімді қабылдаушы ғана емес, сонымен ұатар, сол ортаны өзгертіп, өзін қалыптастыратын белсенді субъект ретінде көрінеді. Бұл процесс адамның, танымдық, әлеуметтік және тұлғалық дамуына ықпал етеді. Дәл осы іс-әрекет барысында адам өздігінен қалыптасып, оның тұлғасының дамуы мен өзін-өзі белсендірілуі жүзеге асады. Сондықтан іс-әрекеттік тұғыр тұлғаның дамуы мен санасының қалыптасуын қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық ұстаным болып табылады.

Іс-әрекеттік тұғыр ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында психология және педагогика ғылымына кеңінен қарастырыла бастады. Бұл тұжырымдаманың негізін қалаушылардың бірі-американдық ғалым Джон Дьюи болды. Ол оқытудағы іс-әрекеттік тәсілдің негізгі қағидаларын анықтап, оқушының оқу процесіне белсенді қатысуы керектігін атап өтті. Бұл көзқарасты кеңестік ғалымдар да дамытты. А.Н.Леонтьев білім алу процесін дайын білімді беру емес, оқушының тұлғалық қалыптасуына бағытталған іс-әрекет процесі ретінде қарастырды [150, 89 б.]. Ол білім беруді оқушының белсенділігіне негіздеу қажеттігін атап өтіп, тұлғаның дамуы тек қана тыңдау немесе көру арқылы емес, әрекет жасау арқылы жүзеге асатынын дәлелдеді. Іс-әрекеттік тұғырдың негізгі идеясы (А.Н.Леонтьев және т.б.) тұлғаның әрекет субъектісі ретінде қалыптасуы. Тұлға өзге адамдармен әрекеттесу барысында өзін дамыта отырып, осы әрекеттің қарым-қатынасын анықтайды. Бұл тұғыр шағын жинақты мектеп жағдайында оқушылардың оқу-танымдық дербестігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Іртүрлі жастағы оқушылардың бірлескен оқу іс-әрекеті олардың өздігінен білім алу дағдыларын дамытып, өзара әрекет арқылы білімдерін тереңдетуіне мүмкіндік береді. Іс-әрекеттің мақсаты - қоршаған ортаны өзгерту, жаңа білімді меңгеру және өзгермелі

жағдайларға бейімделу қажеттілігінен туындайды, шағын жинақты мектеп оқушылары үшін өзекті болып табылады.

Бұл идеялар Шығыс ойшылдары мен қазақ зиялыларының еңбектерінде де көрініс тапқан. Әл-Фараби адамның кемелдікке жетуі үшін белгілі бір іс-әрекетпен айналысу қажеттігін айтса, Ибн Сина білімнің пайдасын көру үшін оны іс жүзінде қолданудың маңыздылығын атап өтті. [195].

Абай Құнанбайұлы ғылымды ақиқат мақсатпен меңгеру қажеттігін ескертсе, Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарының білімді тек кітаптан оқып қоймай, оны іс жүзінде үйренуі тиіс екенін айтты. Ахмет Байтұрсынұлы да оқыту процесінде оқушының әрекетке қатысуын басты назарда ұстау қажеттігін атап өткен [196].

Іс-әрекеттік тұғыр білім беру процесінде оқушылардың пассивті ақпарат қабылдаушы емес, белсенді қатысушы рөлін атқаруын көздейді. Бұл тұғырды дамытқан ғалымдар Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Н.В. Кузьмина, Л.С. Рубинштейн және тағы басқалар. Олардың зерттеулері білім беру процесінде оқушылардың әрекетін ұйымдастырудың маңыздылығын көрсетті. Іс-әрекеттік тұғыр білімді тәжірибе арқылы меңгеру, практикалық бағытқа негіздеу, құзыреттілік қалыптастыру, рефлексия және өзіндік талдау жасау сияқты қағидаларға сүйенеді. Мұндай көзқарас білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысып, алған білімін өмірлік жағдайларда қолдануына мүмкіндік береді.

Жасалған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау моделі келесі элементтерден құрылған құрылымдық-іс-әрекеттік жүйені біріктіреді: мотивациялық, мазмұндық-құндылықты және рефлексивті компоненттер.

Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына болашақ мұғалімдерді даярлауда мотивациялық компонент шешуші рөл атқарады. Бұл ерекшелік мұндай мектептерде педагогтың тек бір сынып емес, бір уақытта әртүрлі жастағы бірнеше сынып оқушыларымен жұмыс істеуімен түсіндіріледі. Осындай жағдай оқу процесін ұйымдастыруда шығармашылық көзқарас пен әмбебап әдіснамалық икемділікті талап етеді. Болашақ маманның бойында ынта-жігерінің жоғары болуы, өзіндік даму мен жаңашыл әрекетке ұмтылысы – кәсіби құзыреттілікті жетілдірудің кілтіне айналады.

Ең алдымен, мотивациялық компонент студенттің ішкі дайындығын арттырады. Білім беру саласындағы өзгерістерге бейімделуге деген ұмтылыс, өз тәжірибесін үнемі жаңашыл тәсілдермен толықтыруға деген қызығушылық мұғалімнің кәсіби өсуіне негіз болады. Екіншіден, болашақ мұғалімнің эмоционалдық, әлеуметтік және интеллектуалдық жақтан өзін-өзі дамытуға деген құлшынысы қалыптасады.

Үшіншіден, мотивациялық компонент болашақ мұғалімнің инновациялық әрекетке деген ашықтығын күшейтіп, кез келген қиындыққа сындарлы көзқараспен карап, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға жігерлендіреді. Нәтижесінде, мотивациясы жоғары маман ғана шағын жинақты мектептің оқу-

әдістемелік жұмысын тиімді ұйымдастырып, оқушылардың оқу сапасы мен тұлғалық дамуына оң ықпал жасайды.

Мотивациялық компонент болашақ мұғалімдердің кәсіби білімге деген қызығушылығын оятып, шағын жинақты мектептің ерекшеліктеріне бейімделуге ынталандырады. Бұл компонент студенттердің педагогикалық мамандыққа деген оң көзқарасын қалыптастыруды және олардың кәсіби қызметке дайындық деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді. Оқу барысында мұғалімдердің шағын жинақты мектеп жағдайында жұмыс істеуге деген қызығушылығы артып, олардың өзіндік құндылықтары мен кәсіби мотивациясы күшейтіледі. Студенттерге нақты педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған мысалдар, жобалар және кейстер ұсынылады, бұл олардың кәсіби бағыттылығын арттыруға ықпал етеді.

Бұл компонент болашақ мұғалімдердің білім беру мазмұнына және оның құндылықтық негіздеріне бағытталуын қамтамасыз етеді. Шағын жинақты мектептердің ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мазмұнын бейімдеу, әдістемелік құралдарды тиімді пайдалану және көппәнді оқыту әдістерін меңгеру дағдылары дамытылады. Сонымен қатар, студенттер педагогикалық қызметтің құндылықтық аспектілерін түсініп, оларды оқу-әдістемелік жұмыстарында қолдануды үйренеді. Бұл компоненттің аясында болашақ мұғалімдер білім беру мазмұнын оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеуді және олардың әлеуметтік, мәдени контексте дамуын қамтамасыз етуді меңгереді.

Мазмұндық-құндылықты компонент педагогтың өз кәсібіне қатысты терең білімі мен дағдысын қамтитын мазмұндық жағын сипаттайды. Осындай күрделі міндеттерді шешуге бағытталған мазмұндық-құндылықтық компонент мұғалімнің келесі мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді:

- педагогиканың негізгі теориялық негіздерін жан-жақты меңгеру;
- дидактикалық және әдістемелік құралдарды тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру;
- оқыту материалдары мен тәсілдерін шағын жинақты мектептің нақты жағдайларына тез бейімдеп, икемді қолдана білу.
- салт-дәстүрді, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сыйлау және оларды оқу-әдістемелік жұмыста кіріктіре білу қабілетін дамытады;
- шағын жинақты мектептің өзіндік ерекшеліктеріне (сыныптардың аздығы, ресурстардың шектеулі болуы, қауымдастықпен тығыз байланыс т.б.) орнатады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің бойында балалардың жеке ерекшеліктеріне құрметпен қарау, бірлескен әрекетке ашық болу, ата-аналармен және жергілікті қоғамдастық өкілдерімен ынтымақтастықта жұмыс істеу сияқты құндылықтар терең орнығады. Осы арқылы оқу процесінің мазмұны мен тәрбие жұмысының негіздерін біртұтас қарастырып, білім сапасын арттыратын, оқушының жан-жақты дамуына ықпал ететін, кәсіби тұрғыда жетік мұғалім қалыптасады.

Рефлексивті компонент - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудағы маңызды элементтердің бірі. Рефлексия болашақ педагогке оқу-тәрбие процесін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау барысында өз тәжірибесіне сыни көзқараспен қарап, үздіксіз жетілдіріп отыруға мүмкіндік береді.

Шағын жинақты мектеп жағдайында бір мұғалім бірнеше сыныпқа қатар сабақ беретіндіктен, педагогика мен әдістеме саласындағы білімді шебер үйлестірумен қатар, әртүрлі жастағы оқушылардың қажеттіліктеріне қарай жекелеген тәсілдерді қолдану өте маңызды. Бұл ретте рефлексивті компоненттің мәні төмендегідей қырлардан көрінеді:

- өз іс-әрекетін талдау. Педагог өз сабақтарының жоспарлануын, өткізілу ретін және нәтижесін бағалап, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтайды, оқушылардың оқу жетістіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін іздейді;

- үздіксіз өзін-өзі жетілдіру. Рефлексия арқылы мұғалім кәсіби өсуіне кері әсер ететін тосқауылдарды, білім мен білік кемшіліктерін байқай алады. Бұл кемшіліктерді жоюға арналған нақты жоспар құрып, өз біліктілігін арттыруға ұмтылады;

- оқушылардың ерекшеліктерін есепке алу. Шағын жинақты мектепте оқушылар саны аз болғанымен, жас ерекшелігі әртүрлі болғандықтан, бір сыныпта әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды өткізуге тура келеді. Рефлексивті талдау мұғалімге осы үдерісті оңтайлы ұйымдастырып, оқушылардың білім алу қарқыны мен даму деңгейіне сәйкес жеке және топтық жұмыстарды ұтымды құруға көмектеседі;

- инновациялық тәжірибеге бейімделу. Рефлексия нәтижесінде мұғалім жаңа білім беру технологияларын, әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесіне енгізіп, олардың тиімділігін сынап көреді, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізеді. Осылайша, педагогтың кәсіби дағдылары үнемі жаңарып, инновацияларға ашықтық қалыптасады;

- кері байланыс орнату. Мұғалім оқушылармен, әріптестермен және ата-аналармен байланыс жасай отырып, өзінің әдістемелік шешімдері мен іс-әрекетін сыртқы көзқарас тұрғысынан бағалайды. Бұл келесі сабақтарды жоспарлауда және оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіруде есепке алынатын маңызды мәліметтер береді.

Рефлексивті компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектеп жағдайында кәсіби дағдыларын дамытып, дербес, шығармашыл әрі жауапты маман болуына әсер етеді. Рефлексия арқылы педагог оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттырады, өз білімі мен білігін үнемі жетілдіреді және оқу процесін оқушының мүддесіне сай икемдеп отыруға дағдыланады.

Кәсіби даярлықтың рефлексивтік құрамдас бөлігі болашақ мұғалімдерге өз қызметін талдауға және оны үнемі жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл компонент студенттерді оқу-тәрбие үдерісінде жинақталған тәжірибені сыни

тұрғыдан қарауға, өздерінің күшті және дамуға жатқан жақтарын анықтауға, сондай-ақ кәсіби өсудің жеке жолдарын белгілеуге бағыттайды. Педагогтың өз әрекеті мен оның нәтижесін бақылау және объективті бағалау арқылы студенттер оқыту дағдыларын ұтымды жетілдіруді, өз кәсіби практикасына талдау жүргізуді және одан қорытынды шығаруды үйренеді. Сонымен қатар, бұл компонент болашақ мұғалімдерге білім беру жүйесінде туындайтын жаңа жағдайларға икемделу және кәсіби мәселелерді тиімді шешу қабілетін дамытады.

Осы үш компоненттің үйлесімділігі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің ерекшеліктерін ескеріп, кәсіби қызметке жан-жақты дайындауды қамтамасыз етеді. Модель студенттердің педагогикалық құзыреттілігін арттыруға, олардың мотивациясын күшейтуге және кәсіби әрекетте жүйелі рефлексия жүргізуге бағытталған. Нәтижесінде, шағын жинақты мектептің қажеттіліктеріне бейімделген, заманауи талаптарға жауап бере алатын кәсіби педагогтер қалыптасады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін шағын жинақты мектептік оқу-әдістемелік жұмысына даярлау осы әрекеттің түпкі мақсатын саналы түрде ұғынуды талап етеді. Мұның өзі осы зерттеу пәні бойынша нақтылы бағыт болуын білідреді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің шағын жинақты мектепте оқу-әдістемелік жұмысқа дайындығы келесі негізгі кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруін білдіреді:

- білім беру үдерісінің әртүрлі формалары мен әдістерін интеграциялай білу;
- ашық білім беру кеңістігін жобалау;
- баламалы оқу мазмұнын әзірлеу және бейімдеу;
- бір сыныптағы әртүрлі деңгейдегі оқушылардың білім алу белсенділігін ұйымдастыру. Осының негізінде, бастауыш сынып мұғалімін шағын жинақты мектепке даярлау – бұл жоғарыда аталған мамандандырылған құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған мақсатты кәсіби даярлау үдерісі [197].

Біз осының барлығын және модель құрудың ерекшеліктерін ескере отырып, зерттеу барысында жалпы жетекші теориядан туындайтын талаптарға сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімін шағын жинақты мектептік оқу-әдістемелік жұмысына даярлығының моделін жасадық. Ол 7 суретте ұсынылды.

Құрылымдық модельді ғылыми негізделген, жүйелі және тиімді құрылым ретінде әзірлеу үшін принциптерді анықтап алу қажет. Принциптер құрылымдық модельдің әрбір элементін нақты ретке келтіріп, оның мақсатты және мазмұндық үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Олар модельдің негізін құрай отырып, оның сапасын, мазмұнның өзектілігін және қолдану тиімділігін арттырады.

Блоктар, көрсеткіштер, өлшемдер және деңгейлер өзара тығыз байланыста әрекет ете отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі (ШЖМ) оқу-әдістемелік жұмысқа даярлаудың

құрылымдық моделін тұтас және жүйелі құрылымға айналдырады. Бір жағынан, принциптер (гуманистік, жүйелілік және тұтастық, интеграция, бейімделу) модельдің әдіснамалық негізі ретінде әрекет етіп, онда қамтылған барлық үдерістер мен элементтердің үйлесімді түрде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, ал екінші жағынан, бұл принциптер жоспарланған мақсаттан бастап түпкі нәтижеге дейінгі жолды ретке келтіреді.

Гуманистік принцип болашақ ұстаздың жеке тұлғалық дамуын, құндылықтық ұстанымдарын, кәсіби қызығушылықтарын бағалай отырып, оны жеке дара субъект ретінде құрметтеуді көздесе, жүйелілік және тұтастық принципі модельдің барлық құрамдас бөліктерін бір жүйеге тоғыстырып, олардың арасындағы логикалық байланысты айқындайды, сөйтіп модельді біртұтас механизм ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Интеграция принципі теория мен тәжірибені, педагогикалық білім мен әдістемелік дағдыларды өзара ұштастырып, болашақ мұғалімнің күрделі ортада іс-әрекет ету қабілетін жетілдірсе, бейімделу принципі ШЖМ жағдайында кездесетін ресурстық шектеулер мен көпфункционалды міндеттерді ескеріп, болашақ ұстазды өзгермелі ортаға тез икемделуге машықтандырады.

Жүйелілік принципі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмыстарға даярлау моделін құру мен жүзеге асырудағы басты әдіснамалық негіздердің бірі болып табылады. Бұл принцип даярлау процесіндегі барлық элементтердің бір-бірімен логикалық байланыста болуын, олардың өзара тәуелділік пен өзара әрекеттесу жағдайында жұмыс істеуін көздейді.

Жүйелілік принципі кез келген тұтас білім беру құрылымы жүйе ретінде қарастырылатынын білдіреді, яғни өзара органикалық байланыстағы компоненттердің (элементтердің) ұйымдастырылған жиынтығы ретінде сипатталады [198].

Жүйелілік принципіне сәйкес даярлау процесі окшау шаралардың жиынтығы емес, өзара тығыз байланысқан құрамдас бөліктердің (мақсат, мазмұн, әдістер, құралдар, бағалау өлшемдері, нәтижелер) бірлігі ретінде қаралады. Әрбір компонент жалғыз өзі емес, тұтас жүйенің бір бөлшегі болғандықтан, олардың қызметі мен маңызы басқа компоненттермен салыстырғанда және өзара әсерлесуде ғана толық түсінікті болады.

Сонымен қатар, бұл принципке сәйкес, модельдегі іс-әрекеттер мен шаралар белгілі бір ретпен, логикалық кезектілікпен жүзеге асырылады. Бұл ретсіз, бей-берекет әрекеттерді болдырмай, болашақ мұғалімді ШЖМ жағдайына жүйелі даярлауға мүмкіндік береді.

Жүйелілік принципі әр блоктың (мақсатты, мазмұнды, технологиялық және нәтижелі) бір-біріне ықпалын ескеріп, олардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді. Мысалы, мазмұнды блокта меңгерілетін білім мен құндылықтар технологиялық блоктағы оқыту әдістемелерімен және бағалау жүйесімен тығыз байланысты болса, мақсатты блок осы тұтастықты

басқарудың стратегиялық бағытын айқындайды, ал нәтижелі блок алынған нәтижелерді қорытындылап, бүкіл жүйені қайта қарауға мүмкіндік береді.

Жүйелілік принципі теориялық білім мен практикалық дағдыларды, әдістемелік біліктер мен құндылықтық бағдарларды біртұтас жүйеге біріктіреді. Осындай интеграция болашақ мұғалімнің біліктілігін жан-жақты дамыта отырып, оны ШЖМ жағдайындағы күрделі де көпқырлы педагогикалық қызметке кешенді түрде дайындайды.


Жүйелілік принципі өзгерістер мен жаңашылдықтардың болатынын мойындай отырып, модельдің де үнемі жетілдіріліп отыруына мүмкіндік береді. Нәтижелерді талдау нәтижесінде әлсіз тұстар анықталып, оларды жетілдіру үшін жаңа әдістер мен тәсілдер енгізіледі. Осылайша, жүйелілік принципі модельдің икемділік, өзгермелі жағдайларға бейімделу қабілетін қамтамасыз етеді. Сонымен біз диссертациялық жұмысымызда жүйелілік принципін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау процесін кешенді, біртұтас, өзара байланысты және үздіксіз дамып отыратын жүйе ретінде қарауға мүмкіндік беретін басты әдіснамалық ұстаным ретінде қарастырдық.

Тұтастық принципі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі (ШЖМ) оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау моделінің ажырамас әдіснамалық ұстанымдарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл принцип даярлау процесіндегі барлық құрамдас бөліктердің біртұтас жүйе құрай отырып, ортақ мақсатқа жұмылуын қамтамасыз етеді. Тұтастық принципіне сәйкес модельдің әрбір элементі өздігінше маңызды болғанымен, тек бәрі бірлесе әрекет еткенде ғана негізгі мақсатқа бағытталады. Тұтастық принципі олардың арасында еркін, үзілмес байланыс орнатып, жеке бөліктердің сапалы үйлесімін қамтамасыз етеді.

Тұтастық принципі моделдің барлық жақтарын ортақ идеологиялық, әдіснамалық және құндылықтық ұстанымдарға негіздейді. Тұтастық принципі теория мен практиканы, әдістемелік және құндылықтық негіздерді, когнитивті және мотивациялық компоненттерді біртұтас контексте қарауға мүмкіндік береді.

Тұтастық принципіне сай құрылған модель болашақ мұғалімнің тұлғалық, кәсіби және әдістемелік тұрғыдан тұтас дамуын қамтамасыз етеді. Мұндай тұтастық студенттің кәсіби құзыреттілігін күшейтіп, оның ШЖМ-нің күрделі жағдайында тиімді жұмыс жүргізуге, оқыту мен тәрбиелеуді шығармашылықпен, жауапкершілікпен жүзеге асыруға қабілетті маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Тұтастық принципі білім беру процесі ішіндегі қайшылықтар мен алшақтықтарды азайтып, оларды өзара толықтырып отыратын, бірін-бірі үйлестіретін элементтерге айналдырады. Нәтижесінде, модель тұтастығы болашақ мұғалімнің даярлану деңгейін жақсартуға және түпкі нәтижеге – ШЖМ жағдайында оқу-әдістемелік жұмыстарға толыққанды даяр маман қалыптастыруға қол жеткізеді.



Сурет 6 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделі

Тұтастық принципі мазмұндық-құрылымдық модель аясында оқыту процесінің бөлшектерін біріктіруші, оларды ортақ мақсат пен құндылықтар аясына шоғырландыратын, нәтижесінде болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын жан-жақты нығайтатын негізгі әдіснамалық ұстаным болып табылады.

Интеграция принципі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектепке даярлау моделінің негізінде жатыр. Бұл ұстаным оқу-әдістемелік процестің барлық құрамдас бөліктерін біртұтас жүйеге біріктіруді мақсат етеді. Оның арқасында теория мен практика, оқу мазмұны мен технологиялары, құндылықтық бағдарлар мен педагогикалық әдістер өзара тығыз байланыстырады.

Интеграция принципі төмендегі аспектілерде көрінеді.

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ШЖМ жағдайында оқу-тәрбие процесін жүргізуге қажетті теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды бір мезгілде дамытуды көздейді. Яғни, студент тек қана ұғымдар мен принциптерді меңгеріп қана қоймай, оларды нақты сыныптық жағдайда қолдана білуге үйренеді. Бұл болашақ ұстазды теориядан практикаға және практикадан теорияға үздіксіз оралып, өз білімі мен біліктілігін толықтырып отыруға жетелейді.

2. Интеграция болашақ мұғалімнің түрлі пәндер, педагогикалық әдістер, білім беру технологиялары мен ресурс түрлерін біртұтас кәсіби құзыреттілікке айналдыруын қамтамасыз етеді [199]. Оқу-әдістемелік дайындық барысында педагогика, психология, дидактика, әдістеме секілді салалардағы білімдер біртұтас жүйе ретінде түсініліп, қолданымға енгізіледі. Бұл болашақ ұстаздың кешенді ойлау қабілетін, нақты проблемаларды шешуде түрлі әдістерді тиімді ұштастыру дағдысын қалыптастырады.

3. Интеграция принципі оқыту мен тәрбиелеуді ажырамас тұтастықта қарастырып, болашақ мұғалімнің ШЖМ жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру барысында оқушылардың интеллектуалдық, адамгершілік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын бірдей назарға алуын талап етеді. Осының нәтижесінде оқу процесі біржақты білім беруге емес, оқушылардың жан-жақты қалыптасуына негізделеді.

4. ШЖМ-ге тән шектеулі ресурстар мен әртүрлі сыныптар жағдайында мұғалімнің түрлі ақпарат көздері мен педагогикалық технологияларды, ресурстарды (оқу құралдары, интернет-ресурстар, білім порталдары, жергілікті мәдени-тарихи материалдар) біртұтас жүйе ретінде қолданып, оларды оқыту-үйрету міндеттеріне икемдеу қабілеті аса маңызды. Интеграция принципі осы ресурстарды мақсатты түрде үйлесімді қолдануға жағдай жасап, оқу-әдістемелік жұмысты байыта түседі.

5. Интеграция принципі білім беру жүйесінің өзгерістеріне, жаңа технологиялар мен әдістердің енгізілуіне икемділікпен қарауды меңзейді.

6. Модельді жүзеге асыру барысында алынған тәжірибе, нәтижелер мен кері байланыс негізінде өзгерістер, толықтырулар енгізіліп, болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығы жүйелі түрде жетілдіріледі. Оқыту процесін

жаңарту, жаңа идеялар мен тәсілдерді шебер ұштастыру арқылы интеграция принципі үздіксіз даму орта қалыптастырады.

Сайып келгенде, интеграция принципі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ШЖМ жағдайында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру дағдысын кешенді түрде қалыптастыруға, олардың түрлі білім беру ресурстарын біртұтас жүйеге келтіріп, тәжірибеде шығармашылықпен қолдануына, теория мен практиканы ұтымды байланыстырып, оқытуды жаңа сапалық деңгейге көтеруіне мүмкіндік береді.

Бейімделу принципі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі (ШЖМ) оқу-әдістемелік жұмысқа даярлау моделінің маңызды әдіснамалық негіздерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл принцип болашақ мұғалімнің әртүрлі әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар мен ресурстық шектеулерге икемделуін, өзгермелі ортаға тез бейімделе отырып, кәсіби міндеттерді тиімді атқаруын қамтамасыз етеді. Бейімделу принципіне сәйкес:

ШЖМ-ге тән ерекшеліктер – шағын контингент, әртүрлі жастағы оқушыларды бір сыныпта оқыту, ресурстардың шектеулілігі – мұғалімнің тұрақты түрде жаңа шешімдер іздеп, практикасын үнемі жетілдіріп отыруын талап етеді. Бейімделу принципі болашақ мұғалімге мұндай жағдайларда оқыту бағдарламасын, әдістемелер мен құралдарды икемдеп, оқушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне қарай икемді жұмыс істеуге дағдыландырады.

Бейімделу принципі шектеулі материалдық-техникалық жағдайларда да сапалы білім беруге ұмтылып, қолда бар құралдар мен ақпараттық ресурстарды шығармашылықпен пайдалану дағдысын қалыптастырады. Болашақ ұстаз білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді, ғаламтор көздері мен білім порталдарын, сондай-ақ жергілікті мәдени-тарихи құндылықтарды дер кезінде қолданып, оқыту мазмұны мен әдістерін үнемі жетілдіріп отырады.

ШЖМ жағдайында бір сыныпта әртүрлі жастағы және даму деңгейлері әркелкі оқушылар оқуы мүмкін. Бейімделу принципі мұғалімді осы даралықты қабылдап, әр оқушының қабілетін, қызығушылықтарын, оқыту қарқынын ескеруге бағыттайды. Мұғалім бейімделу арқылы сараланған, жекелеген тәсілдерді таңдап, оқыту процесін барынша оқушыға ыңғайлы, тиімді етіп құрады.

Бейімделу принципі болашақ мұғалімге педагогикалық үдерісті жоспарлау кезінде күтпеген қиындықтар мен өзгерістерге дайын болуды, оқу-әдістемелік жұмысты икемді түзетіп отыруды үйретеді. Бұл принцип кәсіби әрекеттің үнемі қайта қаралып, жаңарып тұруын қамтамасыз етеді және болашақ ұстазды кәсіби тұрғыдан ширақ, ұтқыр тұлға ретінде қалыптастырады.

Бейімделу принципі болашақ мұғалімнің кәсіби дамуға деген ішкі қажеттілігін оятып, оны жаңа білімдер мен технологияларға, педагогикалық тәжірибелер мен идеяларға ашық болуға жетелейді. Осылайша, болашақ мұғалім өз тәжірибесін үнемі жаңартып, кәсіби икемділігін арттырады.

Бейімделу принципі болашақ ұстазды ШЖМ жағдайындағы өзгермелі ортаға бейімделе отырып, педагогикалық міндеттерді шығармашылықпен шешуге, оқытудың сапасын көтеруге және оқушылардың жеке дамуына оңтайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретін негізгі әдіснамалық ұстаным болып табылады.

Осы принциптер негізінде қалыптасатын блоктар (мақсаттылық, мазмұндылық, әдістемелік-ұйымдастырушылық, нәтижелік) модельдің ішкі құрылымын құрайды әрі мақсат пен нәтижені өзара байланыстыратын тірек қызметін атқарады.

Мақсаттылық блок. Модельдің басты мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмыстарға даярлау сапасын арттыру. Бұл мақсат студенттің толық оқу кезеңін қамтып, оның ШЖМ жағдайындағы педагогикалық іс-әрекетті сапалы атқаруға қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мақсаттылық блок аясында келесі міндеттер айқындалды:

- оқу-әдістемелік жұмыстарға даярлау туралы толыққанды түсінігін қалыптастыру;
- оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысты білімдерін тереңдету;
- шағын жинақты мектеп жағдайында педагогикалық шеберлікті меңгеруге деген тұрақты қажеттілікті дамыту.

Сонымен қатар, осы блокта болашақ мұғалімнің кәсіби портреті айқындалады. Ол - біріктірілген сыныптармен жұмыс істеуге дайын, көппәндік оқытуға бейім, ауыл мектебі жағдайында білім беру мен тәрбие үдерістерін ұйымдастыра алатын, заманауи цифрлық құралдарды меңгерген кәсіби маман болуы тиіс.

Дайындық деңгейлері мотивациялық, әдістемелік, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттер бойынша төмен, орташа және жоғары деңгейлер арқылы сипатталады.

Мазмұндық-құндылықты блок. Бұл блок жалпы кәсіби пәндер мен пәндік блоктағы оқу мазмұнын қамтиды. Атап айтқанда, «Шағын жинақты мектепте оқыту теориясы мен технологиясы» атты элективті курс, сондай-ақ 4 курс білім алушыларының педагогикалық практикасы аясында орындалатын зерттеу тапсырмалары жүйесі маңызды рөл атқарады.

Оқу бағдарламасының мазмұны шағын жинақты мектеп (ШЖМ) мұғалімдерінің кәсіби даярлығын қалыптастыруды келесі бес негізгі бағытта құрастырады:

1. ШЖМ-ның білім беру ортасы ретіндегі ерекшеліктері. Бұған мұндай мектептердің педагогикалық-ұйымдастырушылық құрылымы мен басқару жүйесінің өзіндік сипаттамалары, оқушы контингентінің ерекшеліктері жатады.
2. Біріктірілген сыныптардағы оқу үдерісін жобалау. Оқушылардың әртүрлі жастағы топтарымен бір сабақ аралығында жұмыс істеуді жоспарлаудың теориясы мен практикасы зерттеледі.

3. Пәнаралық сабақтарды ұйымдастырудың әдіснамасы. Өртүрлі пәндердің мазмұны мен дағдыларын біріктіретін интегративті сабақтарды жобалау мен өткізу тәсілдері меңгеріледі.

4. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту формалары. Бір сыныптағы оқушылардың жас айырмашылығы мен даму деңгейлерін ескере отырып, саралап оқытудың дидактикалық әдістері мен формалары (жеке, топтық, фронтальды) қолданылады.

5. Білім берудегі цифрлық және интерактивті ресурстарды пайдалану. Шектеулі шарттарда оқытудың сапасын арттыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен интерактивті әдістерді тиімді қолдану әдістемесі игеріледі.

Осы бағыттар болашақ мұғалімдерге шағын жинақты мектептің күрделі білім беру ортасында тиімді жұмыс істеуге қажетті кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға мүмкіндік береді. Мазмұн модульдік құрылым негізінде ұйымдастырылып, әр модуль нақты практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Әдістемелік-ұйымдастырушылық блок.

Әдістемелік-ұйымдастырушылық блок болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ШЖМ жағдайында оқу-әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыруға қажетті әдістемелік және практикалық дағдыларын қалыптастыруға арналған. Бұл блок студенттердің теориялық білімдерін нақты жағдайда қолдануына, заманауи педагогикалық талаптарға бейімделуіне мүмкіндік береді.

Шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған оқу-әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде құрылады және модельдің басқа блоктарымен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Оқу-әдістемелік жұмыстардың негізі ретінде бірнеше бағыт қарастырылады. Республикалық ғылыми-әдістемелік онлайн-вебинар заманауи білім беру трендтерімен танысуға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, авторлық элективті курс шағын жинақты мектептердегі жұмыс ерекшеліктерін ескере отырып, теориялық және әдістемелік базаны қалыптастыруға бағытталған.

Бағалау-нәтижелік блогы.

Бағалау-нәтижелік блогы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектеп жағдайында оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруға даярлық деңгейін бағалау кешенді талдауға бағытталған. Бұл блок студенттердің оқу барысында меңгерген теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдану деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Бағалау-нәтижелік блоктың атқаратын негізгі міндеттері:

- студенттердің ШЖМ-те оқу-әдістемелік жұмысты жүргізу дайындығын бағалау;

- оқу процесіне енгізілген инновациялық әдістер мен цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану нәтижелерін анықтау;

- рефлексия арқылы кәсіби даму бағыттарын белгілеу және өзіндік жетілу стратегияларын әзірлеу.

Бағалау процесі келесі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады: диагностикалық тапсырмалар, бақылау карталары, студенттік портфолио, педагогикалық практика бойынша есептер, сауалнамалар мен сараптамалық пікірлер. Бұл құралдар студенттің ШЖМ жағдайында кәсіби міндеттерді орындауға даярлық деңгейін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

Бағалау-нәтижелік блокта болашақ мұғалімдердің даярлығын деңгейлеп бағалау тәсілі ұсынылады. Бұл тәсіл кәсіби даярлық деңгейін келесі үш сатымен анықтауға мүмкіндік береді:

Төмен деңгей – ШЖМ жағдайындағы оқу-әдістемелік қызметтің теориялық негіздерін түсінеді, мұғалім көмегімен қарапайым тапсырмаларды орындай алады. Шағын жинақты мектептің ерекшеліктері мен оқу-әдістемелік жұмысы туралы түсінігі таяз. Кәсіби даярлыққа талпынысы жеткіліксіз, өз бетімен ізденуге және білімін жетілдіруге құлықсыз. Оқыту әдістері мен тәсілдерін меңгеру деңгейі төмен, оларды шағын жинақты мектеп жағдайында қолдануға дайын емес. Сабақтың мазмұнын жоспарлау және ұйымдастыру қабілеті шектеулі.


Орташа деңгей – білімін практикалық міндеттермен байланыстырып, оқыту процесін ішінара жоспарлай және ұйымдастыра алады, дербес шешім қабылдауға ұмтылады. Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік ерекшеліктерін түсініп, кәсіби әрекетке оң көзқарас танытады. Жеке әдістер мен технологияларды қолдануға талпыныс бар, бірақ оларды тұрақты әрі жүйелі түрде қолдануға машықтанбаған. Сабақтың мазмұнын жоспарлау және оқу-әдістемелік материалдарды іріктеу қабілеті қалыптасқан, бірақ тәжірибеде қолдану барысында қателіктер кездеседі. Өз қызметіне сыни көзбен қарап, нәтижелеріне талдау жасай алады.

Жоғары деңгей – ШЖМ ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-әдістемелік жұмысты дербес жоспарлап, ұйымдастырады, инновациялық тәсілдерді тиімді қолданады, кәсіби рефлексия жасай алады. Шағын жинақты мектептің әдістемелік жұмысын ұйымдастыруға тұрақты қызығушылығы бар және оны кәсіби іс-әрекетінің мәні деп есептейді. Бастауыш сыныпта оқыту әдістер мен технологияларын еркін меңгерген, оларды шағын жинақты мектептің ерекшеліктеріне бейімдеп қолдана алады. Сабақтарды жобалап, олардың мазмұнын оқушылардың білім деңгейіне, жеке қажеттіліктеріне және мектептің ресурстарына сәйкес ұйымдастыра алады.

Бұл блоктың мазмұны кәсіби портфолио дайындау, қорытынды жобаларды әзірлеу және қорғау, сондай-ақ педагогикалық тәжірибе нәтижелерін талдауды қамтиды. Нәтижелеу блогы студенттердің оқу жетістіктерін ғана емес, олардың кәсіби даярлығының қаншалықты екенін көрсетеді.

Әдістемелік-ұйымдастырушылық және бағалау-нәтижелік блоктары болашақ мұғалімдерді ШЖМ жағдайында оқу-әдістемелік жұмыстарға даярлау

моделінің ажырамас бөліктері болып табылады. Әдістемелік-ұйымдастырушылық блок практикалық дағдыларды меңгеруге, ал нәтижелі блогы оқу нәтижелерін бағалауға бағытталған. Екі блоктың үйлесімділігі студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, олардың ШЖМ ерекшеліктеріне бейімделген педагогикалық қызметке дайын болуын қамтамасыз етеді.



Сурет 7 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ШЖМ оқуәдістемелік жұмысқа даярлау компоненттері

Мазмұнды іске асырудың нәтижесі студенттердің мотивациялық, мазмұндық-құндылықты, рефлексиялық компоненттерін қалыптастыру болып табылады. Ол 7-суретте берілген.

ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмыстарға даярлау процесінің мазмұндық-құндылықты компоненті болашақ мұғалімдердің кәсіби білімдерін тереңдетуге және олардың педагогикалық қызметіне құндылықтық бағдар беруге бағытталған. Бұл компонент студенттердің теориялық білімдерін жүйелеуді, олардың құзыреттілік деңгейін арттыруды және педагогикалық қызметтің құндылықтарын түсінуін қамтамасыз етеді.

Мазмұндық-құндылықты компонентт студенттерге шағын жинақты мектеп жағдайында қолданылатын педагогикалық теориялар мен принциптерді меңгерту, сонымен қатар педагогика, психология және әдістеме салаларындағы білімдерін біртұтас жүйеге келтіруге ықпал етеді. Бұл компоненттің функциясына құндылықтық бағдарларды қалыптастыруда кіреді. Яғни, болашақ мұғалімдердің адамгершілік, әлеуметтік және мәдени құндылықтарды педагогикалық қызметтің негізі ретінде қабылдауын қамтамасыз ету. Оқу мазмұнына ШЖМ-нің ерекшеліктеріне сай оқыту әдістері мен құралдарын енгізу арқылы студенттерді құндылықтық тұрғыдан дамыту.

Келесі функциясы кәсіби құзыреттілікті дамыту, басқаша айтқанда

студенттердің ШЖМ жағдайында сапалы білім беруге қажетті әдістемелік, ұйымдастырушылық және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру. Бұл компоненттің мазмұнына ШЖМ-нің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған әдістемелік материалдар, дидактикалық құралдар және педагогикалық жағдайларды талдау кіреді. Бұл компонент ШЖМ жағдайындағы оқу-әдістемелік жұмысты сапалы әрі нәтижелі ұйымдастыруға қажетті білім мен құндылықтарды интеграциялауға мүмкіндік береді.

Дайындықтың рефлексивті-нәтижелі компоненті студенттерде келесі дағдыларды қалыптастыруды қамтиды:

- ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізу талаптарын ескере отырып, оқу-тәрбие процесін дидактикалық, психологиялық, әдістемелік аспектілерде талдау;

- жүйелі түрде саналы түрде рефлексиялық әрекеттерді жүзеге асыру, ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізу кезінде туындайтын қиындықтар мен қателіктерді анықтау;

- өз қызметіне түзету жүргізу.

Болашақ бастауыш сынып мұғалдерін ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмыстарға дайындығының рефлексивті компонентін қалыптастыру бойынша жұмысты біз таңдаған курсты оқу процесінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың барлық нысандары мен түрлері арқылы жүзеге асырдық. Студенттердің өзін-өзі бағалауы мен оқытушының практикалық сабақтардағы бағалауын салыстыру нәтижелерін талқылау студенттердің өзін-өзі бағалауы мен болашақ кәсіби қызметке дайындығын жетілдіруге ықпал етті. Бұл компоненттің қалыптасуында педагогикалық практика маңызды рөл атқарады.

Осылайша, мотивациялық, мазмұндық-құндылықты және рефлексивті-нәтижелі компоненттер болашақ бастауыш сынып мұғалдерін ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмыстарға дайындығының құрылымдық компоненттері болып табылады. Олардың әрқайсысы бір-бірінен оқшауланбайды, бірақ жан-жақты, өзара байланыста қалыптасады.

Қарастырылып отырған жоғары оқу орындарының білім алушыларын ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың бұл компоненттері, блоктары бір-бірімен тығыз байланысты және аталған даярлықтың күрделі деңгейлік құрылымын құрайды. Көрсетілген компоненттер құрамын нақтылы байыту, олардың жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асырылуы қалыптастыру экспериментінің нысанасын құрайды.

### **3 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ШЖМ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫНА ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР**

#### **3.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін шағын жинақты мектепте оқу-әдістемелік жұмыстарға даярлығын диагностикалау**

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің шағын жинақты мектептердегі (ШЖМ) оқу-әдістемелік жұмысына даярлығы – оның кәсіби құзыреттілігінің, педагогикалық шеберлігінің және практикалық қабілетінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Бұл даярлық оқытудың мазмұны мен формаларына, әдіс-тәсілдеріне қойылатын ерекше талаптарды ескере отырып, арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Осы қажеттілікті негізге ала отырып, болашақ мұғалімдерді ШЖМ жағдайында тиімді жұмыс істеуге даярлау мақсатында педагогикалық жоғары оқу орындарында мақсатты бағытталған теориялық және практикалық жұмыстар кешенін жүргізу өзекті міндеттердің бірі болып отыр. Аталған міндеттерді шешу үшін, сонымен бірге құрылымдық-мазмұндық модельді жүзеге асыру мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «БВ01303 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылармен арнайы ұйымдастырылған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді.

Бұл эксперименттік жұмыс бірнеше кезеңнен тұрды: дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдер. Әр кезеңде білім алушылардың шағын жинақты мектептің ерекшеліктерін түсінуі, оқу үдерісін жоспарлау және жүзеге асыру қабілеті, сондай-ақ оқу-әдістемелік құжаттармен жұмыс жасау дағдылары қалыптасты. Жұмыс барысында студенттер пәнаралық байланыс, саралап оқыту, кіріктірілген сабақтарды ұйымдастыру, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жеке және топтық жұмысты жүргізу сияқты кәсіби әрекеттерді орындау тәжірибесін меңгерді. Нәтижесінде, білім алушылардың ШЖМ жағдайындағы кәсіби даярлығы артты, олардың педагогикалық икемділігі мен әдістемелік шеберлігі дамыды. Бұл тәжірибелік жұмыс болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығын жетілдірудің тиімді жолдарының бірі ретінде өз маңыздылығын дәлелдеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауда өңделген педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделін тексеру үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды.

Тәжірибелік - эксперименттің айқындаушы кезеңіне 210 студент қатысып, 112 - бақылау тобында, 98 - эксперименттік тобында болды.

Айқындау экспериментін өткізу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың жай-күйін зерттеу және талдау мақсаты қойылды.

Зерттеу жұмысы төмендегідей кезеңдер арқылы жүргізілді:

1. Эксперименттік жұмыстың түпкі мақсаты мен міндеттері анықталды.
2. Жұмыстың мазмұнына сәйкес келетін әдістемелер іріктеліп, тәжірибе барысында пайдаланылды.
3. Зерттеу нәтижелері математикалық-статистикалық әдістерді қолдану арқылы талданып, сипатталды.

Диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмысына кәсіби даярлығын анықтауға бағытталған нақты критерийлер мен көрсеткіштер айқындалды. Бұл критерийлер мотивациялық, мазмұндық-құндылықтық және рефлексивті компоненттер бойынша анықталды.

Мотивациялық компонент - болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке қызығушылығы мен белсенді қатысуға дайындық деңгейін сипаттайды. Бұл компонент білім алушының мамандыққа деген жеке көзқарасын, кәсіби бағдарлануын, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын қамтиды.


Мазмұндық-құндылықтық компонент – кәсіби білім мен білік жүйесінің қалыптасуымен қатар, педагогикалық құндылықтарға бағыттылығын, ШЖМ ерекшеліктеріне сәйкес оқу-әдістемелік процестің мазмұнын меңгеру деңгейін көрсетеді.

Рефлексивті компонент – болашақ мұғалімнің өз іс-әрекетіне сыни тұрғыдан баға бере білу қабілетін, оқу мен тәжірибе нәтижелерін талдай алуын, педагогикалық қызметке рефлексия жүргізуін сипаттайды.

Аталған үш компонентке негізделе отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ШЖМ жағдайындағы кәсіби даярлық деңгейі төмен, орта және жоғары деңгейлерге бөлініп сараланды.

Зерттеу аясында болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын кешенді бағалауға бағытталған диагностикалық модель әзірленді. Бұл модель болашақ маманның кәсіби қалыптасу үдерісін жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік беретін мотивациялық, мазмұндық-құндылықтық және рефлексивті компоненттерді қамтиды. Әр компонентке арнайы айқындалған көрсеткіштер енгізіліп, олар болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін көпқырлы тұрғыдан сипаттауға жағдай жасады. Модельдің құрылымы диагностикалық жұмыстың логикасын нақтылап қана қоймай, бағалау үдерісінің ғылыми негізділігін қамтамасыз ететін өлшемдер мен критерийлер жүйесін қалыптастырды.

Осы негізде кешенді диагностикалық әдістеме дайындалып, оның нәтижелері 9-кестеде берілді. Дайындалған әдістеме болашақ мамандардың кәсіби даярлық деңгейін нақты, объективті және жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар алынған диагностикалық деректер педагогикалық үдерісте қандай компоненттердің күшейтуді немесе түзетуді қажет ететінін айқындауға, сол арқылы одан арғы педагогикалық ықпал ету стратегияларын ғылыми негізде жобалауға негіз болды. Нәтижесінде, модель мен әдістеме кәсіби даярлықты бағалаудың тиімді құралдары ретінде зерттеу міндеттерін орындауға елеулі үлес қосты.



Сурет 8- Білім алушылардың ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмысына даярлығы деңгейін диагностикалау әдістемесі

Айқындаушы эксперимент барысында білім алушылардың бастапқы дайындық деңгейін бағалау үшін келесі әдістемелер қолданылды:

- Білім алушылардың ШЖМ категориялары туралы түсінік деңгейін анықтауға бағытталған арнайы сауалнама жүргізілді.

- Е. М. Павлютенковтың әдістемесі мамандықты таңдаудағы негізгі мотивтерді айқындау үшін қолданылды.

- Т. И. Ильинаның әдістемесі жоғары оқу орындарында оқыту мотивациясын зерделеуге арналған диагностикалық құрал ретінде пайдаланылды.

- А. В. Карповтың тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау әдістемесі зерттелушінің өз ойларын, әрекеттерін және ішкі күйін терең талдау қабілетін анықтау үшін қолданылады. Әдістеме адамның өзін-өзі тану, шешім қабылдау және әрекеттерін бағалауға қатысты рефлексивтік қабілеттерін өлшеуге бағытталған. Ол тұлғаның өзіндік санасын дамыту деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың мамандық таңдауына ықпал ететін мотивациялық-құндылықтық факторларды талдау барысында Е.М. Павлютенковтың әдістемесі негізге алынды. Бұл әдістеме болашақ мамандардың кәсіби бағдарлануының негізгі себептерін жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік береді. (қосымша А). Бұл әдістеме сыналушылардың мамандықты таңдауда басшылыққа алатын түрлі мотивтердің рөлін анықтауға бағытталған. Әдістеме арнайы сауалнама ретінде дайындалған мотивтердің тоғыз тобын қамтиды:

1. Әлеуметтік,
2. Моральдық,
3. Эстетикалық,
4. Танымдық,

5. Шығармашылық,
6. Еңбектің мазмұнымен байланысты,
7. Материалдық,
8. Моральдық
9. Утилитарлық.

Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес төрт негізгі параметрді ғана қарастыруды жөн санадық. Әлеуметтік мотивтер – қоғамға пайда әкелуге ұмтылу, әлеуметтік жауапкершілік. Моральдық мотивтер – ішкі құндылықтарға, ар-ожданға негізделген шешімдер. Танымдық мотивтер – жаңа білімді игеруге және өзін-өзі дамытуға деген қызығушылық. Шығармашылық мотивтер – жаңашылдық пен өзіндік шығармашылық қабілеттерді көрсетуге ұмтылыс. Әдістеме бойынша алынған сандық нәтижелер төмендегі кестелерде (11- 12 кесте) көрсетілген. Бұл мәліметтер білім алушылардың мамандықты таңдау барысында қандай мотивтердің басым рөл атқаратынын айқындауға мүмкіндік берді. Бұл талдау арқылы студенттердің оқу-әдістемелік даярлығының мотивациялық компонентіне қатысты толыққанды көрініс жасалды. №12 кестеде бақылау тобының анықтау кезіндегі респонденттердің әлеуметтік, моральдық танымдық, шығармашылық мотивтерін зерттеудің көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалып, көрсетілген.

Кесте 10 - Респонденттердің әлеуметтік, моральдық танымдық, шығармашылық мотивтерін зерттеудің көрсеткіштері мен деңгейлері (БТ)

Бақылау тобы								
№	Әлеуметтік мотивтер		Моральдық мотивтер		Танымдық мотивтер		Шығармашылық мотивтер	
	көрсеткіш	деңгей	көрсеткіш	деңгей	көрсеткіш	деңгей	көрсеткіш	деңгей
1	6	О	5	О	7	О	6	О
2	5	О	5	Т	6	О	7	О
3	5	О	3	Т	5	О	5	О
4	5	Т	5	О	4	Т	5	О
5	7	О	5	О	5	О	7	О
6	4	Т	5	О	4	Т	6	О
7	6	О	5	О	6	О	7	О
...								
112	3	О	4	Т	5	О	2	Т
	$549/112=4,9 \approx 5$		$492/112=4,4 \approx 4$			$572/112=5,1 \approx 5$		$492/112=4,4 \approx 5$

Кесте 11 – Анықтау кезеңіндегі респонденттердің әлеуметтік, моральдық танымдық, шығармашылық мотивтерін зерттеудің көрсеткіштері мен деңгейлері (эксперименттік топ)

Эксперименттік топ								
№	Әлеуметтік мотивтер		Моралдық мотивтер		Танымдық мотивтер		Шығармашылық мотивтер	
	көрсеткіш	деңгей	Көрсеткіш	Деңгей	Көрсеткіш	деңгей	Көрсеткіш	Деңгей
2	7	О	6	О	4	Т	5	О
3	5	О	5	О	5	О	8	Ж
4	6	О	4	Т	3	Т	4	Т
5	6	О	5	О	8	Ж	6	О
6	7	О	4	Т	6	О	4	Т
6	5	О	5	О	5	Т	5	О
7	7	О	5	О	5	О	3	Т
...								
98	7	О	3	Т	5	О	2	Т
	480/98= 4, 8≈5		461/98= 4, 7≈5		481/98= 4, 9≈5		461/98=4 , 7≈5	

Жоғарыда берілген кестеде бақылау және эксперименттік топтардағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік және моральдық мотивтерінің салыстырмалы көрсеткіштері келтірілген. Барлық топтарда әлеуметтік және моральдық мотивтердің орташа мәні 4,5-тен 5-ке дейінгі деңгейде анықталды. Бұл нәтиже орташа деңгей деп бағаланғанымен, болашақта ШЖМ жұмыс жасайтын білім алушылар үшін жеткіліксіз болып табылады.

Кәсіби стандарттарға сәйкес болашақ маманның мотивация деңгейі кемінде 8 ұпай болуы қанағаттанарлық деп есептеледі. 10 ұпай ең жоғарғы, яғни 100%-дық көрсеткіш болып табылады. Алайда зерттеу нәтижесінде мұндай ең жоғары көрсеткішке ие болған сыналушылар анықталмады. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық компонентін одан әрі дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Берілген кестеде бақылау және эксперименттік топтардағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің танымдық және шығармашылық мотивтерінің көрсеткіштері салыстырмалы түрде көрсетілген. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, бақылау тобында танымдық мотивтердің коэффициенті 5-ке тең болып, бұл орташа деңгейде қалыптасқанын аңғартады. Ал шығармашылық мотивтердің көрсеткіші 4,4 деңгейінде қалып, төменгі даму деңгейін көрсетеді. Бұл бақылау

тобындағы білім алушылардың танымдық қызығушылығы белгілі бір деңгейде болғанымен, шығармашылық белсенділігі мен шығармашылыққа ұмтылысы жеткілікті дәрежеде дамымағанын білдіреді.

Эксперименттік топ бойынша талдау нәтижелері көрсеткендей, танымдық және шығармашылық мотивтердің орташа көрсеткіші 10 балдық шкала бойынша 5,0 баллды құрады. Бұл мән орташа деңгейге сәйкес келеді және эксперименттік топтағы білім алушылардың оқу-танымдық әрекет пен шығармашылық қызметке деген қызығушылығының белгілі бір деңгейде сақталатынын көрсетеді. Алайда, екі топта да (эксперименттік және бақылау) мотивацияның жоғары деңгейін (7,0 баллдан жоғары) көрсеткен білім алушылар саны 15%-тан аспады. Бұл жұмыс болашақ мұғалімдердің мамандыққа қызығушылығын арттыруға, кәсіби құндылықтарын нығайтуға және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталуы тиіс.

Осыған байланысты, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік мотивін анықтау барысында алынған жауаптардың көрсеткіштеріне жан-жақты талдау жасау қажет. Әлеуметтік мотивтер болашақ мұғалімдердің қоғам алдындағы жауапкершілігін, балалармен жұмыс істеуге деген ниетін және педагогикалық қызметтің әлеуметтік маңызын түсіну деңгейін айқындауға мүмкіндік береді. Алынған деректерді талдау болашақта тиімді педагогикалық шарттарды анықтауға және мотивацияны арттыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар әзірлеуге негіз болады.

Зерттеу қорытындыларына сәйкес, бақылау және эксперименттік топ студенттерінің жауаптары талданды. Бақылау тобында тәжірибеге қатысқан 112 студенттің ішінде

- 25 студент «иә» деп жауап беріп, болашақ кәсіби қызметі арқылы қоғамдық дамуға үлес қосуды және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстануды маңызды деп бағалаған, бұл 22%-ды құрайды;

- талдау нәтижелері көрсеткендей, білім алушылардың мамандық таңдауына әлеуметтік пайда мотиві әсер ететіні анықталды. Осындай мотивке ие респонденттер өздерінің болашақ мамандығы арқылы Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуына үлес қоса алатындығын және қоғамға пайдасын тигізетіндігін атап өтті. Алайда, бұл топта өз көзқарасына сенімсіздік белгісі байқалды, себебі олардың жауабы «иә деп айтуға болады» деген шартты тұрғыда берілді (барлық респонденттердің 8,9% құрады).


Бақылау тобы бойынша сауалнама нәтижелері сыналушылардың жауап берудегі қиыншылығын көрсетті: 43 адам (38%) сұраққа жауап беруде белгілі бір қиындықтарға тап болса, 22 адам (20%) «жоқ деп айтуға болады» деген басаң көзқарасты білдірсе, 10 адам (9%) болса мүлдем теріс жауап берді.

Эксперименттік топтағы (98) студенттердің жауаптары бақылау тобына ұқсас сипатта болғанымен, оларда өзіндік пікірлерін айтуда сенімділік байқалады: Сонымен эксперименттік топтағы көрсеткіштер (сурет 8):

- 22 студент «иә» деп жауап беріп, болашақта өз еңбегімен қоғамдық прогреске ықпал етуді және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстануды маңызды деп санаған (22%)

- талдау нәтижелері әлеуметтік пайда мотивінің мамандық таңдауда маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді. Осы мотив бойынша жауап берген студенттердің 11% (10 адам) өз мамандығы арқылы елдің білім беру жүйесінің дамуына ықпал ете алатындығын және қоғамдық пайда әкелетіндігін атап өтті. Дегенмен, бұл студенттердің жауаптарында «иә деп айтуға болады» деген шартты тұжырым байқалды, бұл олардың өз пікіріне толық сенімділік танытпағанын көрсетеді.

Бақылау тобының нәтижелері мәселенің өзгеше жағын көрсетті. Сыналушылардың 38%-ы (37 адам) сұраққа жауап беруде қиналса, 20%-ы (19 адам) теріс жауап беруді де қауіпсіз түрде «жоқ деп айтуға болады» деп тұжырымдаса, 9%-ы (10 адам) мүлдем теріс жауап берді.



Сурет 9 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік мотивін анықтау барысындағы алынған жауаптардың көрсеткіштері (айқындаушы кезең)

Әлеуметтік мотив көрсеткіштері бойынша эксперименттік топтағы студенттердің жауаптарынан болашақ мамандыққа деген сенімділік деңгейінің біршама жоғары екені байқалады. Бұл нәтиже эксперименттік топтағы студенттердің мотивациялық бағдарын дамытуға бағытталған арнайы жұмыстардың тиімділігін көрсетеді. Моральдық мотивтерді анықтау барысында бақылау тобындағы білім алушылардың жауаптары төмендегідей бөлінді (сурет 9):

- 47 студент «иә» деп жауап берген (42%). Бұл олардың «Таңдаған мамандығым достарым мен таныстарымның арасында құрметке ие болады және кәсіби өсуге ықпал етеді» деген пікірмен келісетінін көрсетеді.

- 13 студент «иә» деп жауап беруге болатындығын айтқан, бұл олардың сенімсіздік танытқанын, бірақ осыған жақын пікірде екенін білдіреді (12%).

- 2 студент «жауап беруге қиналамын» деп жауап берген, бұл олардың кәсіби мансапқа қатысты анық көзқарасының жоқтығын байқатады (19%).


- 23 студент «жоқ деп айтуға болады» деген (21%), ал 7 студент «жоқ» деп кесімді жауап берген (6%). Бұл қатысушылар үшін мамандық таңдауда қоғамға пайдалы болу маңыздырақ екенін көрсетеді, олар мансапқа аса ұмтылмаған.

Эксперименттік топтағы ерекшеліктер Эксперименттік топтың нәтижелері бақылау тобымен салыстырғанда өзгеше болды. Бұл топта:

- Кәсіби мансапқа ұмтылушылар саны аз болды, бірақ олар жауап беру барысында көбірек сенімсіздік танытты.

- 19 студент «жауап беруге қиналамын» деп жауап берді (19%), бұл олардың таңдаған мамандығы мен мансаптық көзқарастарында айқындылықтың жоқтығын көрсетеді.

Моральдық мотивтерді зерттеу нәтижелері бақылау және эксперименттік топтардың арасында айырмашылықтарды көрсетті. Эксперименттік топта мамандықтың қоғамға пайдасы мен жеке кәсіби өсуіне деген қызығушылық аралас болғанымен, сенімділік деңгейі төмен болды. Эксперименттік топтағы респонденттердің жауаптары ұқсас сипатта болды. Дегенмен, олардың жауаптарынан өзіндік пікір білдіруде сенімділік деңгейінің жоғары екенін байқауға болады («19 сыналұшы жауап беруде қиындық көрген» ).




Сурет 10 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің моральдық мотивінің қорытынды көрсеткіштері (анықтаушы кезең)

Танымдық мотивтерге қатысты бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері (сурет 8):

- Бақылау тобындағы 29 студент (26%) пен эксперименттік топтағы 25 студент танымдық мотивтерді маңызды деп санайды (26%). Олар өз мамандығының «бойдағы қабілеттерді толық ашуға және үздіксіз дамуға мүмкіндік беретінін» атап өткен. Бұл студенттер болашақта жоғары кәсіби жетістіктерге қол жеткізуге ұмтылатынын көрсетеді. Алайда, бұл ұмтылыс нақты әрекетке ұласуы қажет. Сондықтан біздің эксперименттік жұмысымызда бұл бағытта арнайы қалыптастырушы іс-шаралар ұйымдастыру көзделеді. Бақылау тобындағы 6 студент және эксперименттік топтағы 5 студент өздерінің мүмкіндіктерін толық жүзеге асыра алмайтындарын айтқан. Бұл олардың мотивация деңгейін көтеру қажеттілігін көрсетеді (5%).

Танымдық мотивтердің қатысушылар арасында жоғары бағаланғанына қарамастан, кейбір студенттер өз әлеуетін толықтай пайдалану мүмкіндіктеріне сенімсіздік танытады. Бұл мәселе арнайы әдістемелік және мотивациялық қолдауды талап етеді, ал эксперименттік топтағы жұмыстар осы мақсатқа бағытталады болады.



Сурет 11 - Респонденттердің танымдық мотивін анықтау көрсеткіштері


Сыналушылардың шығармашылық мотивтері бойынша жауаптары келесідей бөлінді:

- Бақылау тобында 44 студент және эксперименттік топта 38 студент «жауап беруге қиналған» (39%). Бұл нәтижелер қалыптастырушы

тәжірибеде шығармашылық бағыттағы жұмыстарды күшейту қажеттігін көрсетеді, өйткені аталған білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға баса назар аудару қажет.

– Тек 13 студент (бақылау тобы) және 12 студент (эксперименттік топ) «шығармашылықпен айналысуға үлкен мүмкіндіктер бар» және «өз еңбегімнің ерекшелігін сезінуге көмектеседі» деген пікір білдірген (12%).

Бұл деректер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің танымдық және шығармашылық мотивтерінің жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетеді. Сондықтан олардың осы бағыттағы әлеуетін арттыру мақсатында арнайы педагогикалық шараларды ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.



Сурет 12 - Респонденттердің шығармашылық мотивінің көрсеткіштері

Зерттеу барысында бақылау тобындағы студенттердің түрлі мотивтерге деген көзқарастары талданды. Нәтижелер келесідей:

Жауап беруге қиналатындар (15, 8%). Бұл көрсеткіш бақылау тобының бір бөлігінің ұсынылған мотивтер бойынша нақты жауап беруге сенімсіздік танытқанын көрсетеді. Сыналушылардың өз мотивтеріне қатысты айқындықтың болмауы, олармен арнайы бағытталған жұмыс жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

Әлеуметтік мотивтер (20, 2%). Әлеуметтік мотивтер бойынша «Иә» деп жауап бергендер саны 20, 2%-ды құрайды. Бұл болашақ мұғалімдердің мамандық таңдауда қоршаған орта мен қоғамдық пікірге едәуір мән беретінін аңғартады. Сонымен бірге, әлеуметтік мотивтер бойынша 38, 7% сыналушы жауап беруге қиналған. Бұл олардың осы бағыттағы көзқарастарының әлі де анық қалыптаспағанын білдіреді.

Моральдық мотивтер (41, 8%). Сыналушылардың көпшілігі моральдық мотивтерді таңдаған. Бұл олардың мамандықты адамгершілік құндылықтар тұрғысынан бағалайтынын, сондай-ақ мансаптық жетістіктерге ұмтылыс бар екенін көрсетеді.

Танымдық мотивтерді маңызды деп санайтын студенттер саны 26%-ды құрады. Бұл білімді игеру және өзін-өзі жетілдіру болашақ мұғалімдер үшін елеулі орын алатынын білдіреді.

Шығармашылық мотивтерді таңдағандар саны ең төменгі деңгейде қалды (9, 48%). Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту қажеттілігінің жоғары екенін көрсетеді.

Бақылау тобының нәтижелері болашақ мұғалімдердің моральдық және танымдық мотивтері айқын басым екенін, бірақ әлеуметтік және шығармашылық мотивтер бойынша сенімсіздік байқалатынын көрсетті. Осыған байланысты, білім беру процесінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық және әлеуметтік мотивтерін дамытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелер енгізу қажет. Бұл олардың кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді.

Эксперименттік топтағы респонденттердің әлеуметтік, моральдық, танымдық және шығармашылық мотивтері бойынша нәтижелерді талдау. Зерттеу нәтижелері эксперименттік топтағы респонденттердің әртүрлі мотивтерге деген қатынасын көрсетеді.

Талдау төмендегідей: жауап беруге қиналатындар (15,3%). Респонденттердің бір бөлігі ұсынылған мотивтер бойынша нақты жауап бере алмай, сенімсіздік танытқан. Бұл көрсеткіш мотивациялық бағыттар туралы анық көзқарастың қалыптаспағанын білдіреді және арнайы қолдау жұмыстарын қажет етеді.

Әлеуметтік мотивтер бойынша «Иә» деп жауап берген респонденттер саны 21%-ды құрады. Бұл олардың мамандық таңдауда қоршаған орта мен қоғамдық пікірді ескеретінін көрсетеді. Сонымен бірге, әлеуметтік мотивтерге байланысты 38,2% сыналушы жауап беруге қиналған. Бұл топ үшін әлеуметтік факторлардың мәні түсіндіру жұмыстарын қажет етеді.

Респонденттердің басым бөлігі (41%) моральдық мотивтерді таңдаған. Бұл болашақ мұғалімдердің мамандықты адамгершілік құндылықтар тұрғысынан қабылдайтынын және олардың қоғамға пайдалы болуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Танымдық мотивтерді маңызды деп есептеген сыналушылардың үлесі 25,7%-ды құрады. Бұл олардың білім алу және өзін-өзі дамытуға баса назар аударатынын білдіреді. Бұл көрсеткіш орташа деңгейде болғанымен, оны одан әрі жетілдіру қажеттілігі байқалады.

Шығармашылық мотивтерді таңдаған респонденттер саны небәрі 10,1%-ды құрады. Бұл көрсеткіш болашақ мұғалімдер арасында шығармашылық қабілеттердің жеткілікті деңгейде дамымағанын және арнайы жұмыстардың маңыздылығын айғақтайды.

Сонымен, эксперименттік топтағы зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдердің мотивтерінде моральдық және танымдық аспектілердің басым екенін көрсетсе, шығармашылық және әлеуметтік мотивтерде сенімсіздік байқалады. Осыған орай, білім беру процесінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық және әлеуметтік мотивтерін арттыруға бағытталған арнайы бағдарламаларды енгізу маңызды.

Мазмұндық-құндылықты компонент бойынша студенттердің шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмысына дайындығын зерттеу мақсатында арнайы сауалнама (Қосымша Д) және Т. И. Ильинаның жоғары оқу орындарында оқу мотивациясын зерттеуге арналған әдістемесін пайдаландық. Бұл әдістеме студенттердің оқу мотивациясын үш негізгі көрсеткіш арқылы анықтайды: «Білім жинақтау», «Мамандықты игеру» және «Диплом алу»(Қосымша Е).

Тәжірибе барысында сауалнамаға қатысқан 210 білім алушының ШЖМ ерекшеліктері туралы бастапқы түсініктерін, кәсіби құзыреттіліктің мәнін анықтадық. Талдау нәтижесінде қатысушылардың ШЖМ ерекшеліктері, ондағы оқу-әдістемелік жұмыстар жайлы түсініктерінің келесі пайыздық көрсеткіштері тіркелді: 36% – «орташа», 34% – «орташадан сәл жоғары», 12% – «орташадан жоғары», 10% – «жоғары», 8% – «өте жоғары» .

Салыстырмалы түрде қарастырсақ, бақылау тобындағы респонденттердің көрсеткіштері келесідей болды: орташа деңгей – 36%, жоғары деңгей – 14%. Ал эксперименттік топтың көрсеткіштері орташа деңгей бойынша – 35%, жоғары деңгей бойынша – 15% құрады.

Кесте 12 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сұрақ-жауап тапсырмалары бойынша пайыздық нәтижелері

Топтардың категориясы	Сыналушылардың саны	«Білім жинақтау»	«Мамандықты игеру»	«Диплом алу»
Бақылау тобы	112	37	23	52
Эксперименттік топ	98	43	14	41

Берілген мәліметтерді талдап, бақылау және эксперименттік топтардың әрбір категория бойынша көрсеткіштерін салыстырайық.

#### 1. Жалпы деректер

Бақылау тобы: 112 студент.

«Білім жинақтау» - 37 адам.

- «Мамандықты игеру» - 23 адам.


- «Диплом алу» -52 адам.

Эксперименттік топ: 98 студент.

- «Білім жинақтау» - 43 адам.

- «Мамандықты игеру» - 14 адам.

- «Диплом алу» - 41 адам.
- Жалпы пайыздық көрсеткіштер:
- «Білім жинақтау» - 43, 3%.
  - «Мамандықты игеру» - 12, 1%.
  - «Диплом алу» - 44, 5%.



Сурет 13- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сұрақ-жауап тапсырмалары бойынша пайыздық нәтижелері

«Білім жинақтау» көрсеткіші бойынша бақылау тобының көрсеткіші: 37 адам (112 студенттің 34, 2%-ы). Эксперименттік топтың көрсеткіші: 43 адам (98 студенттің 52, 6%-ы). Эксперименттік топтағы бұл көрсеткіш бақылау тобынан айтарлықтай жоғары (52, 6% vs 34, 2%). Бұл эксперименттік топтағы студенттердің білім жинауға көбірек ынталы екенін көрсетеді.

«Мамандықты игеру» көрсеткіші бойынша бақылау тобының көрсеткіші: 23 адам (16, 5%). Эксперименттік топтың көрсеткіші: 12 адам (7, 7%). Бақылау тобының көрсеткіші эксперименттік топтан жоғары (16, 5% vs 7, 7%). Бұл эксперименттік топта мамандыққа бейімделу деңгейінің төмендігін байқатады.

«Диплом алу» көрсеткіші бойынша бақылау тобының көрсеткіші: 52 адам (49, 4%). Эксперименттік топтың көрсеткіші: 41 адам (39, 7%). Бақылау тобында «диплом алу» мотивациясы басым (49, 4% vs 39, 7%). Бұл

бақылау тобының студенттері арасында оқуды тек диплом алу үшін жалғастыру ниеті жиі кездесетінін білдіреді.

Эксперименттік топтың басты артықшылығы — білім жинауға ынталылықтың жоғары деңгейі (52, 6%). Бұл көрсеткіш білім алушылардың кәсіби даму мен жалпы білім алу мотивациясына көбірек назар аударатынын білдіреді.

Бақылау тобының ерекшелігі - диплом алуға және мамандықты игеруге бағытталған мотивацияның басымдығы. Бұл олардың эксперименттік топқа қарағанда кәсіби бағдарлану деңгейінің жоғары екенін көрсетеді, бірақ білім жинауға ынтасы аздау.

Рефлексивті компонент бойынша біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмысқа даярлығын акмеологиялық тұрғыдан зерттеу үшін А.В. Карповтың тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау әдістемесін қолдандық.

Рефлексиялық ойлау – бұл болашақ мұғалімнің өз-өзін тануы, кәсіби іс-әрекетті бағалауы және өз мінез-құлқын талдай білу қабілеті арқылы көрініс табатын маңызды компонент. Осы қабілеттердің қалыптасуы болашақ педагогтың мамандыққа бейімділігін және кәсіби дайындық деңгейін анықтайды.

Рефлексиялық ойлаудың даму деңгейін анықтау үшін студенттерге арнайы пікірлер мен сұрақтар ұсынылып, әрбір жауапқа сәйкес белгілі бір ұпай қойылады. Жинақталған ұпайлардың сомасына қарай, сыналушылар үш категорияға жіктеледі:

1. 1-категория: 7 ұпай немесе одан жоғары — рефлексия деңгейі өте жоғары.

2. 2-категория: 4-7 ұпай аралығында — орташа деңгейдегі рефлексия.

3. 3-категория: 4 ұпайдан төмен — төмен деңгейдегі рефлексия.

Нәтижелерді талдау

Сауалнамадан алынған деректерді талдау нәтижелері келесідей болды:

- Білім алушылардың 52%-ы төменгі деңгейдегі рефлексияны көрсетті.

- 33%-ы орташа деңгейде.


- Тек 15%-ы жоғары деңгейдегі рефлексиялық ойлауға ие болды. Бұл нәтижелерді 14- суретте көрнекі түрде бейнеленген.

Зерттеу нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көпшілігінің рефлексиялық ойлау деңгейі жеткілікті түрде дамымағанын көрсетеді. Бұл шағын жинақты мектептегі оқу - әдістемелік жұмысқа тиімді дайындықтың жоқтығын білдіреді.

Сонымен, анықтау экспериментінің нәтижелерін талдау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық, мазмұндық-құндылықты, рефлексивті компоненттер бойынша көрсеткіштері негізінен орта және орташадан төмен деңгейде екенін байқадық.

1. Мотивациялық компонент

Студенттердің кәсіби қызметке деген ынтасы мен құндылықтық бағдарларының қалыптасуы жеткіліксіз екенін көрсетті. Көпшілігінің мотивациясы білім жинақтау мен мамандықты игеру деңгейінде шектеулі, ал кәсіби құзыреттілікке бағытталған ұмтылыстары әлсіз. Бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби мотивациясын жетілдіруге бағытталған жұмыстың қажеттілігін көрсетеді.



Сурет 14 - Рефлексиялық ойлаудың даму деңгейі

## 2. Мазмұндық-құндылықты компонент

Студенттердің шағын жинақты мектеп жағдайында жұмыс істеу үшін қажет білімдері мен әдістемелік дайындықтарының жеткіліксіздігі байқалады. Бұл мазмұндық аспектілердің теориялық және практикалық тұрғыдан толықтырылуын талап етеді. Көпшілігі оқу-әдістемелік материалдар мен кәсіби қызметке қажетті мазмұнды толық меңгермеген.

### Рефлексивті компонент

Рефлексиялық ойлау қабілеттер, атап айтқанда, өз іс-әрекетін талдау, кәсіби қызмет нәтижелерін бағалау және өзін-өзі жетілдіру дағдыларының төмендігі анықталды. Студенттердің басым бөлігі өз кәсіби тәжірибесін талдау және бағалауға жеткілікті деңгейде дайын емес екені көрінді.

Анықтау экспериментінің нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектептегі кәсіби қызметке кешенді даярлық деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетті. Мотивациялық, мазмұндық-құндылықты және рефлексивті компоненттердің дамуы үшін арнайы эксперименттік жұмыстар жүргізуі қажеттілігі айқындалды.

### 3.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау әдістемесі

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ШЖМ-тегі оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың айқындаушы кезеңінің нәтижелеріне сүйене отырып, оны жүзеге асырудың шарты ретінде оқу-әдістемесі ұйымдастырылды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ШЖМ-тегі оқу әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру үшін оның мазмұнын анықтап, қалыптастыру негізі оқу-әдістемесін жасау қажеттілігі туындады. Зерттеудің теориялық және диагностикалық кезеңдерінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектепте (ШЖМ) оқу-әдістемелік қызметке дайындығын қалыптастыру мазмұны төмендегідей негізгі элементтерден құралатыны анықталды:

